

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІ

№ 6

И Ю Н Ъ

№ 6

ОБЯЗАТЕЛЬНЫМ ЧИТАТЕЛЯМ
АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЬК ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ
1955

**ҚАЗАҚСТАН
КОММУНИСТІ**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIV жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 6

И Ю Н Ъ

1955

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық	1
А. ҚАЙРГЕЛДИН — Ұлы көсемнің өмірі мен қызметінің шежресі	7
Ф. БОЯРСКИЙ, С. ИОФФЕ — Көмір шығаруды арттырудың резервтері	15
Л. ТӘЖІБАЕВ — Қазақстанның су қорлары толық пайдаланылсын	21
Н. ЯНИОС — Европалық халық демократия елдерінің экономиканы өркендетудегі табыстары	26

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

С. ПЕТРОВА — Қосымша құн туралы ілім — Маркстің экономикалық теориясының ірге тасы	32
Ж. ТӨЛЕНОВ — Заң ұғымы — материалистік диалектиканың аса маңызды категориясы	40

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

М. ЕФРЕМКИН — Саяси және ғылыми білімдерді насихаттаудың сапасы арттырылсын	47
А. БЕЛОВ — Озат тәжірибе ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен енгізілсін	51
Е. МОРОЗОВ — Социалистік қала колхозды деревняға көмек көрсетуде	55

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Т. ЕЛЕУОВ — Орыс халқы мен қазақ халқының мызғымас достығы	58
А. ИВАНОВ — Кітапта және іс жүзінде	61

**Бесінші бесжылдық жоспарды
мерзімінен бұрын орындайық**

Коммунистік партияның көсемі, Совет мемлекетінің орнатушысы В. И. Ленин экономика жағынан артта қалған Россияны қуатты социалистік державаға айналдырудың программасын жасады. Бұл программа елімізді индустрияландыруды, бүкіл халық шаруашылығын электрлендіруді, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруды, мәдени революция жасауды көздеді.

В. И. Ленин елді индустрияландыруды — Отанымыздың халықтарын экономикалық және мәдени өркендетудің ең бірінші және ең қажетті шарты деп есептеді. Алайда, елді индустрияландыру өнеркәсіптің барлық салаларын бірдей дәрежеде дамытумен жүзеге аспайды. И. В. Сталин былай деп көрсетті: «...Индустрияландыру ісін ең алдымен бізде ауыр өнеркәсіпті өркендету және әсіресе, жалпы индустрия атаулының негізі, күре тамыры болып табылатын өз еліміздің меншікті машина жасау

өнеркәсібін өркендету деп түсіну керек. Мұнысыз біздің еліміздің экономикалық дербестігін қамтамасыз ету жайында сөз қозғауға да болмайды».

Ленинизмнің негізгі принциптерін басшылыққа ала отырып, партия ауыр және жеңіл өнеркәсіпті өркендету қарқындарының ара салмағына теріс көзқарастарды әшкереледі. Ауыр индустрияны және оның өзегі машина жасау өнеркәсібін оздыра өркендету — халық шаруашылығының барлық салаларын ойдағыдай дамытудың кепілі, совет адамдарының тұрмыс дәрежесін арттыра берудің берік негізі, біздің қорғаныс қуатымыздың сенімді базасы. Сондықтан да совет халқының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресі ауыр индустрияны өркендетуге ерекше көңіл бөлу ұранымен жүргізілуде.

Бесінші бесжылдық жоспардың соңғы жылын өткізіп келеміз. Быыл өнеркәсіп өнімін шығару 1950 жылғыдан 80 процент, ал соғысқа дейінгі дәрежеден үш еседен аса асып түседі. Совет елі бесінші бесжылдық жоспардың өнеркәсіп өнімін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындап қана қоймай, асырып орындайтынын кәзірдің өзінде сеніммен алдан болжауға болады.

Совет адамдары ауыр өнеркәсіптің табыстарын ерекше қанағаттанғандықпен және орынды мақтан сезімімен қарсы алуда. Кәзіргі уақытта ауыр индустрия өнімді 1940 жылғыдан 3,5 есе көп шығарады. Соғысқа дейінгімен салыстырғанда біздің елімізде шойын екі есе, электр қуаты үш есе дерлік, машиналар мен жабдықтар төрт есе көп өндіріледі.

Ауыр өнеркәсіптің мықтап өсуі негізінде жеңіл өнеркәсіп ойдағыдай өркендеуде, ауыл шаруашылығы өрге басуда.

Бүкіл еліміздегідей, Қазақ республикасының кең даласында да жасампаздық жұмыс үздіксіз қызу жүргізілуде. Қазақстан көмір, мұнай, қара және түсті металдар шығаруды, машиналар, механизмдер, химикаттар жасауды, электр қуатын өндіруді барған сайын арттыруда. Республикада жаңа кәсіпорындар, рудниктер, шахталар, заводтар, электр станциялары салынуда.


Қазақстанда жаңа құрылыстың қандай кең өрістегенін, мәселен караметаллургияның алыбы — Қостанай облысында салынып жатқан Соколовск-Сарбай кен-байыту комбинатындағы жұмыстардың көлемі туралы мәліметтер айқын дәлелдейді. Бұл облыста, аса мол, дүние жүзінде теңдесі жоқ және атакты Курск магниттік аномалиясынан да асып түсетін магнетит кендері негізінде, Оралдың металлургия заводтарына руда беріп тұратын комбинат салынады. Мұндағы руданың бір бөлегінің байлығы сонша — оны байыту процесінен өткізбейінше, тура мартен пештерінде балқытуға болады. Бұл комбинатты іске қосу жолында орасан зор көлемді жұмыстарды орындау керек болады. Мұнда жер қазу жұмыстарының өзі 100 миллион текшеметрден асады, яғни Қаховка су торабының құрылысындағыдан екі еседен аса көп.

Өмір үздіксіз ілгерілей береді, совет адамдары алдына барған сайын жаңа міндеттер қояды. Кешегі күнмен өмір сүру артта қалғандық болады. Бұған партиямыз да, халқымыз да жол бермейді. Өткендегі табыстарымыз қанша ма зор болса да, біз бұл табыстарға қанағаттана алмаймыз.

Қазақстанның көптеген кәсіпорындарының коллективтері бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін ойдағыдай күресуде. «Қазақстаннефть» бірлестігі бес айдың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Жоспардан тыс бірнеше мың тонна жоғары сапалы мұнай шығарылды.

Қарағандының көптеген шахталары еліміздің таңдаулы көмір кәсіпорындарының қатарында келеді. Жыйырмадан астам шахта және екі трест өндірістің 1955 жылға белгіленген дәрежесіне жетті.

Балқаш мыс заводының коллективі түсті металдарды өндеудің бесжылдық тапсырмасын апрельдің аяғында орындады. Төрт жылдың ішін-



де өнім шығару біржарым еседен аса, еңбек өнімділігі 57 процент артты.

Бухтарма су электр станциясының құрылысы графиктен озып келеді. Құрылысшылар жылдық программаны Октябрьдің 38 жылдығына орындауға міндеттенді.

Ақтөбе ферросплав заводының коллективі металл балқытудың бесайлық программасын мерзімінен бұрын аяқтады. Жүздеген металлургтер бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Заводта 1955 жылы 150-дей рационализаторлық ұсыныс енгізілді; мұның ішінде кейбір ұсыныстар жылына 200 мың сомнан астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қазақ металлургия заводы өнім шығаруды үнемі арттыруда. Мұнда болат және прокат өндіру тапсырмасы ай сайын мерзімінен бұрын орындалып келеді. Бесінші бесжылдықтың бас кезінде заводта «280» прокаттық стан орнатылды. Заводтың партия ұйымы және Теміртау қалалық партия комитеті бұл станды меңгеру жұмысын күнбе-күн бақылап отырды. Металлург жұмысшылар мен мамандардың жанкыярлық еңбегі нәтижесінде станның жобаланған қуаты бір жылдың ішінде меңгерілді. Ал, кәзір онан екіжарым есе асып түсті. Прокатчиктер бесжылдық тапсырманы апрельде орындады.

Қазақстанның көптеген партия ұйымдарының ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендету мәселелеріне баса көңіл бөлуі тиісті нәтижелер беруде. Қарағанды қалалық партия комитеті өткен жылдың басында Қиров атындағы № 3 шахтаның артта қалуының себептерін жан-жақты тексеруді ұйымдастырды. Бұл шахтада көптеген басшылардың және коммунистердің жұмысты салақ жүргізгені, механикаландыруды елемегені анықталды. Ал, еңбекті көп керек ететін кейбір жұмыстар қолмен орындалып келген. Көмірдің түсер құны жоспардағыдан артық болды. Шахта бір жылдың ішінде 2 миллион сом зыян көрді. Социалистік жарыс нашар ұйымдастырылды.

Шахтаның артта қалуының себептерін ашқаннан кейін қалалық партия комитеті оның басшыларының есебін тындап, шахтаның жұмысын жақсарту шаралары туралы қарар қабылдады. Шахтерлер арасындағы партия-саясат жұмысын жақсартуға социалистік жарысты ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Осының нәтижесінде 1954 жылдың аяғында шахта өзінің артта қалуын жойып, алдыңғылар қатарына қосылды. Көмір шығарудың жылдық тапсырмасы асыра орындалды. 1955 жылғы бірінші тоқсанның жоспары да артығымен орындалды.

Алайда, Қазақстан өнеркәсібінің жұмысында белгілі табыстармен қатар әлі де көптеген елеулі кемшіліктер бар. Сондықтан республиканың партия ұйымдары қол жеткен табыстарға қанағат етіп, жайбарақаттана алмайды. Кемшіліктерді жойып, Қазақстан индустриясын жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтеруге баса көңіл бөлу қажет.

Республиканың түсті металлургиясында көптеген кәсіпорындардың жұмысы әлі де қанағаттанғысыз. Мәселен, Жезқазған кен басқармасы руда және мыс концентраттарын шығару және Қарсақпай мыс қорыту заводы кара мыс қорыту тапсырмаларын орындамай келеді.

Түсті металлургияның кәсіпорындарында ғылымның табыстары мен озат тәжірибе нашар енгізіледі. Металдарды қайнап тұрған қабатта күйдіру, оттегімен байытылған ауаны қолдану, түсті металдарды үздіксіз электр қуатымен балқытып, қалыпқа құю, қорғасын балқытпасының шлактарын шлак айдаушы установканың көмегімен өңдеу және басқалары сыяқты прогрестік тәсілдер Қазақстанның түсті металлургия кәсіпорындарында әлі күнге қолданылмай келеді. Сол сыяқты, катодты мыршты сыдыру, пештерде ақпа тесіктер ою, мыршты бөліп құю және басқалары сыяқты, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға ешқандай шара қолданылмайды. Өндіріс процестерін автоматтандыруды белгілеп, енгізуге аз көңіл бөлінеді.

Технологияның салақ жүргізілуі, еңбек өнімділігінің кем болуы, жабдықтардың нашар пайдаланылуы себепті химия өнеркәсібінің кейбір кәсіпорындары: Жамбыл суперфосфат заводы, Каратау кен-химия комбинаты, Ақтөбе химия комбинаты едәуір артта қалып келеді. Бұл кәсіпорындарда химиялық өнімнің аса маңызды түрлерін шығару орындалмай келеді. Мәселен, Жамбыл суперфосфат заводы егін даласына керекті аса маңызды тынайтқыш — суперфосфатты үнемі едәуір кем береді.

Қазақстанның көптеген заводтары, фабрикалары, рудниктері жұмысты бірқалыпты, біркелкі атқарып отырмайды. Олқылықтың орнын толтырып, жоспарды орындау үшін аврал жарияланады. Мұндай фактілер әсіресе машина жасау, кен-руда және көмір өнеркәсібінде болып тұрады. Мұнда айлық өнімнің көбі үнемі дерлік үшінші онкүндікте шығарылады. Мәселен, Текелі полиметалл комбинатында марттың бірінші онкүндігінің жоспары небәрі 57,2 процент, екінші онкүндіктің жоспары 99,6 процент, үшінші онкүндіктің жоспары 151,4 процент орындалды. Мұнымен бірге, аттан салып, әбіргерленудің нәтижесінде рудниктерде көптеген механизмдер істен шығады, забойларға тірек қою артта қалады, ауа, су және электр жолдарын жабдықтау кешеуілдейді.

Көптеген кәсіпорындарда, әсіресе кен кәсіпорындарында еңбек өнімділігі әлі де төмен. Зырян қорғасын комбинатының және Ащысай полиметалл комбинатының рудниктерінде еңбек өнімділігі әлі күнге 1940 жылдың дәрежесінде.

Мұндай фактілер республиканың көптеген партия ұйымдарының әлі күнге, өнеркәсіпті үздіксіз өркендету, оның ойдағыдай жұмыс істеуіне бөгет болып отырған барлық кемшіліктерді жою туралы партияның нұсқауларынан тиісті қортындылар шығармағанын көрсетеді.

Көкшетау қалалық партия комитеті өнеркәсіп және құрылыс мәселелерімен нашар шұғылданады. Көкшетауда «Петропавловскзаготстрой» тресінің құрылыс-монтаж басқармасы бар. Астық складтары мен элеватор салу жөнінде бұл басқармаға жауапты міндеттер жүктелді. Алайда басқарманың жұмысының қортындылары әлі де қыңжылдық: бірінші тоқсанның жоспары 1 процент те орындалған жоқ. Құрылыс жайының мұндай нашар болуына Көкшетау қалалық партия комитеті едәуір айыпты. Ол құрылыс-монтаж басқармасының жұмысын бақылап отырмайды, құрылысшылар арасында көпшілік-саясат жұмысын жолға қою шараларын қолданбайды, жұмысшылардың қажеті мен тілектеріне немқұрайды қарау фактілерімен күреспейді. Тың жерлердегі жаңа астықтың қалаға қарай ағылатын уақыты жақындай түрсе да, Көкшетау қалалық партия комитетінің секретарьлары құрылыстардағы жұмыстың үнемі нашар жүргізілуіне оншама қыңжылмайды.

Республиканың партия ұйымдары барлық өнеркәсіп орындарының жұмысын жақсарту үшін күнбе-күн күрес жүргізіп, жұмысшыларды, инженерлерді және техниктерді бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыруға міндетті. Бұл істе бар құрал-жабдықтар мен өндіріс алаңдарын неғұрлым өнімді пайдалануға баса көңіл бөліп, күрделі қаржы жұмсамайынша өнім шығаруды едәуір арттыратын болу керек. Партия ұйымдары социалистік жарысқа басшылық етуге, озат еңбек тәсілдерін таратуға тиіс.

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылар өздерінің үндеуінде өнеркәсіптің барлық жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлерін және қызметшілерін әрбір өндіріс құралынан өнім алуды арттырып, әрбір қызметкерге шаққанда жоғары сапалы өнімді көп шығаруға шақырды. Ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалануға жол ашып отырған жанашылдардың тәжірибесін мезгілінде терең зерттеп, қажырлылықпен кеңінен таратуға көмектесу — Қазақстанның партия ұйымдарының төл ісі.

Көмір өнеркәсібінде циклдік график бойынша жұмыс істеу техниканы пайдалануды шұғыл жақсартуға, кеншілердің еңбек өнімділігін арттыруға, көмір шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік туғызады. Мұнай өнеркәсібінде скважиналарды бұрғылаудың тездетілген тәртіптерін қолдану өнеркәсіптің бұл саласындағы өндірістік резервтер мен мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалануға көмектеседі. Қара металлургия заводтарында домна пешінің рудасы астында газдың қысымын арттыру, мартен пештерінде болатты шапшаң балқыту және басқа нәтижелі жаңалықтар сыяқты прогрестік шараларды қолдану бар өндірістік қуаттан металды барған сайын көп алуға мүмкіндік туғызады.

Жаңалық, озаттықтың бәрін өндіріске енгізу біздің өнеркәсібімізге өзінің өнім шығаруын арттыруға, оның сапасын жақсартып, түсер құнын кемітуге зор мүмкіндіктер туғызады. Партия ұйымдары бұл мүмкіндіктердің неғұрлым толық пайдаланылуына ұмтылуға тиіс.

Өнеркәсіп орындарының жұмысын жақсартуда республиканың ғылыми мекемелері ерекше роль атқаруға тиіс. Мұнымен бірге ғылыми қызметкерлер өздерінің арасындағы дандайсушылық, жайбарақаттанушылық, пиғылдарға қарсы күресуге, өндіріс жанашылдарының табыстарын зерттеп қорытуға, өнеркәсіпті онан әрі өркендетудің неғұрлым маңызды проблемаларын зерттеп шешуге тиіс.

Советтік жұмысшылар өндірісті үздіксіз жетілдіріп, өнім шығаруды арттыра беруге жан-тәнімен ұмтылуда. Олар өздерінің бұл патриоттық ниетін социалистік договорларда көрсетіп отыр. Бірақ кейде жұмысшылардың өздерінің міндеттемелерін орындауына жағдай жасалмайды. Қарағандының көптеген шахталарында жұмыс орындарын әзірлемеу салдарынан, көптеген жетіспегендіктердің болуы себепті көмір шығару артпай келеді, көптеген жұмысшылар жұмыс нормаларын орындамайды.

Барлық жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыруға, техниканы толық пайдалануға жағдай жасау — шаруашылық қызметкерлерінің инженер-техник қызметкерлердің міндеті. Жергілікті партия және кәсіподақ ұйымдары да бұған үнемі қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Қазақстанның өнеркәсіп орындарының еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкілхалықтық күреске үлес қосуға ұмтылып, көтеріңкі социалистік міндеттемелер алуда, заводтардың, фабрикалардың, шахталардың және рудниктердің жұмысын жақсарту шараларын белгілеуде. Мәселен, Ембі мұнайшылары быйылғы жылдың жоспарынан тыс 56 мың тонна мұнай шығаруға, мұнайдың түсер құнын жоспардағыдан 2,8 процент кемітуге, 4 миллион сом қаржы үнемдеуге міндеттенді. Ертіс полиметалл комбинатының коллективі жоспардан тыс 13 мың тонна руда, 480 тонна тазартылмаған мыс шығаруға қаулы алды. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Совет жұмысшыларының өнеркәсіпте 1955 жылдың жоспарын және бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресі шаруашылық, партия және кәсіподақ ұйымдарына социалистік жарысқа басшылықтың дәрежесін арттырып, бұл істегі формальдылықты, бірсарындылықты жоюды міндеттейді. Социалистік міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылап отыру — партия ұйымдарының міндеті.

Ауылшаруашылық өндірісін өрге бастырудың бүкілхалықтық ісінде Қазақстан құрметті орын алып отыр. Тың жерлерді игеру арқасында совет адамдарының өскелең керектерін қанағаттандыру үшін жаңадан миллиондаған тонна астық өндірудің үстіне, Қазақстанды мал шаруашылығының қуатты базасына айналдыруға жағдай жасалады.

Республиканың ауыл шаруашылығының еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдерін орындай отырып, едәуір табыстарға жетті. 1954 жылы, халқымыз озат тәжірибенің мектебі деп атайтын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне Қазақстаннан

319 шаруашылық және ауыл шаруашылығының 4 823 озаттары қатысты. Қазақ республикасының өкілдері көрмеден 200-ден астам үлкенді-кішілі алтын медальдар, бірнеше жүз күміс медальдар, көптеген бағалы сыйлықтар алып қайтты. 1955 жылы Қазақстаннан баратын экспонаттар әлдеқайда көбейеді. Мұның бәрі республиканың ауыл шаруашылығында елеулі табыстары бар екенін дәлелдейді.

Быйылғы көктемде жаздық дақылдар егу жоспары қысқа, және жақсы агротехникалық мерзімдерде орындалды. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары бірінші июньге дейін жоспардан тыс 1 603 мың гектар жаздық дәнді егістер екті. Бұл табыс колхозшыларды, жұмысшыларды, ауыл шаруашылығының мамандарын жігерлендіріп, жаңа творчестволық табыстарға жетуге ұмтылдырады.

Социалистік егін даласының еңбекшілері көктемгі егісті ойдағыдай аяқтап, егіннен мол өнім алудың негізін қалады. Бірақ бұл астық үшін күрестің бастамасы ғана. Партия ұйымдары, барлық колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері еңбектегі қарқынды бәсеңдетпейінше, егісті, әсіресе жүгеріні үлгілі баптауға міндетті. Мұнымен бірге егін жыйнауға жақсы әзірленіп, оны толық даярлықпен қарсы алу, сөйтіп егінді ең қысқа мерзімде ысрапсыз жыйнап алу керек. Колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін жеткілікті жем-шөп дайындауға, мал қысқатуға мінсіз әзірлік жасауға жұмылдыру — партия ұйымдарының тікелей міндеті.

Партия мен үкімет жаңа жерлерді игеру жөнінде республикамыздың алдына зор міндеттер қойды. Солай бола тұрса да, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің атап көрсеткеніндей, бірсыпра жерлерде тын және тыңайған жерлерді жыртуға көңіл бөту бәсеңдеді, мұның салдарынан Қостанай, Көкшетау облыстарында тын жырту қарқыны өткен жылғыдан едәуір нашарлады.

Тын жырту жұмыстарының артта қалуына енді төзіп отыруға болмайды. Тын және тыңайған жерлерді жырту — өткінші мәселе емес, мұның арқасында бүкілхалықтық және жалпы мемлекеттік маңызы бар күрделі проблемалар шешілетінін есте сақтау керек.

Партия ұйымдары тын және тыңайған жерлердегі жұмыстарды орындаудың барысын ғана емес, бұл жұмыстардың сапасын да бақылап, барлық агротехникалық тәсілдердің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Тын және тыңайған жерлер жырту жұмыстарының июньде толық аяқталуын қамтамасыз ету — селолық партия ұйымдарының аса маңызды міндеті. Мұның өзі бесінші бесжылдық жоспарды орындауға республиканың аса бағалы үлес қосқандығы болады.

Колхозшылардың, ауыл шаруашылығы жанашылдарының талапкерлігін және тәжірибесін ғылымның табыстарымен ұштастыра отырып, социалистік жарыс құралын пайдалана отырып, партия ұйымдары СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының астық және мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру туралы тарихи шешімдерін мерзімінен бұрын орындайтын болу керек.

Бесінші бесжылдықтың қортынды жылында еліміздің алдында зор міндеттер тұр. Совет адамдары барлық мүмкіндіктерді және өндірістің барлық резервтерін пайдалана отырып, мемлекеттік жоспарларды мерзімінен бұрын орындауға ұмтылуда. Тәжірибені кеңінен ортаға салып пайдалану, еңбектің озат өндірісін қолдану, жарыстың барысын күнбе-күн бақылап отыру — өндірістегі барлық жұмысшылардың еңбегінің мейлінше нәтижелі болуын қамтамасыз ететін шарттар осындай.

Барлық күш бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолына жұмсалсын!

Ұлы көсемнің өмірі мен қызметінің шежресі.

(В. И. Лениннің қысқаша өмірбаянының екінші рет басылып шығуына)

А. КАЙРГЕЛДИН,

тарих ғылымдарының кандидаты.

Совет Одағының халықтары, бүкіл прогресшіл адамзат быйылғы апрельде Коммунистік партияның ұйымдастырушысы және басшысы, тарихтағы тұңғыш социалистік мемлекеттің орнатушысы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы — В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуын салтанатпен құрметтеп өткізді.

СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин институты бұл данқты күнге В. И. Лениннің қысқаша өмірбаянын екінші рет бастырып шығарды. Бұл өмірбаян Ильичтың жалынды революциялық қызметін баяндайды, оның өмірі халыққа шын берілгендікпен қызмет етудің теңдесі жоқ, рух беруші үлгісі болып отырғанын көрсетеді.

* *
*

Бұл тамаша кітаптың алғашқы беттерінің өзі, революциялық-демократиялық әдебиеттің таңдаулы шығармаларымен жасөспірім кезінде-ақ танысқан жас Лениннің ардақты бейнесін мейлінше ашып көрсетеді. Орыстың революцияшыл демократтарының прогрестік идеялары Лениннің дүниеге көзқарасының қалыптасуына күшті әсер етеді.

1887 жылы Симбирск гимназиясын алтын медальмен бітіргеннен кейін Ленин Қазан университетіне оқуға кірді. Ол алғашқы жауынгерлік сыннан да осында өтті — студенттердің революциялық қозғалысына қатысқаны үшін оны тұтқынға алды, университеттен шығарып, деревняға, полицияның бақылауына жіберді. Жас Ленин ол кезде он сегіз жасқа шыққан еді. Сол кезден бастап Владимир Ильич өзінің бүкіл өмірін самодержавие мен капитализмге қарсы, еңбекшілерді езгіден және қанаудан азат ету жолындағы күреске арнады.

1888 жылы Қазанға қайтып оралғаннан кейін Ленин ол кездегі Н. Е. Федосеев ұйымдастырған марксистік үйірмелердің біріне кірді. К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармаларын терең үйреніп жүріп, Владимир Ильич шын сенген марксист болды. Ол марксизмнің теориясын — революцияның жеңуі жолындағы күрестің қуатты идеялық қаруы, ал жұмысшы табын — революцияны жасап, оны жеңіске жеткізе алатын бірден-бір дәйекті революциялық күш деп таныды.

Марксизм теориясымен қаруланған Ленин оны Россияның нақтылы өміріне творчестволықпен қолданды, елдің экономикалық жағдайын, шаруалар шаруашылығы туралы орасан көп материалдарды мұқият зерттеді. Сол жылдардың өзінде (1889 — 1893), Самарада болған кезінде, Ленин астыртын үйірмелерде алғаш рет халықшылдарға қарсы күреске шықты, өзінің революциялық қызметін өрістете жүргізді, басқа қалалардың марксистерімен байланыс жасады. Алайда провинциядағы жұмыс Ленинді қанағаттандырмады, ол өнеркәсіп пролетариатының қалың ортасына баруға ұмтылды. 1893 жылы Ленин Петербургке — Россияның саяси орталығына барды.

Марксизмді терең білуі, оны Россияның ол кездегі экономикалық және саяси жағдайын түсіндіруге шебер қолдануы, жұмысшы табының жеңетіндігіне берік сенімі, үздік ұйымдастырушылық таланты арқасында Ленин Петербург марксистерінің танылған басшысы болды.

1894 жылы Ленин өзінің «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген атақты кітабын жазды. Бұл кітабында ол либерал халықшылдардың дүниеге көзқарасын, экономикалық көзқарастарын, программасын және тактикасын әшкереледі, олардың таптық мәнісін ашты, олардың кулактардың мүдделерін білдіретінін, «халық достары» деген жалған атты бетке ұстайтынын, іс жүзінде халықтың мүдделеріне қарсы шығатынын көрсетті.

Бұл шығарманың тарихи маңызы және мынада: онда Ленин марксизм тарихында алғаш рет, патша өкіметін, помещиктерді, буржуазияны құлатудың басты шарты ретінде жұмысшылар мен шаруалардың революциялық одағын құру идеясын алға тартып, бытыраңқы марксистік үйірмелер мен топтардан Россияда жұмысшы табының партиясын құру міндетін алға қойды.

Марксизмнің теориялық мәселелерін зерттеумен, халықшылдарға және «жария марксистерге» қарсы күресумен бірге Ленин партияны құру жолында зор жұмыс жүргізді. Ол алдыңғы қатарлы революцияшы жұмысшылардың берік ұйтқысын топтастырып, олардың қатарынан пролетарлық партияның ұйымдастырушыларын тәрбиелеп өсірді.

Лениннің басшылығымен Петербург социал-демократтары, азғана алдыңғы қатарлы пролетарлар арасындағы насихаттан жұмысшылар қалың бұқарасы арасында күнбе-күнгі маңызды саяси үгіт жүргізуге көшті, жұмысшылардың ереуілдеріне басшылық етті. Көпшілік арасында үгіт жүргізуге мұндай бетбұрыс Россияда жұмысшы қозғалысының онан әрі ұлғаюы үшін аса маңызды болды.

Лениннің Петербург жұмысшылары арасындағы екіжылдық (1893—1895) қызметі ерекше жемісті болды. Ол мұнда марксистік партияның бастамасы—«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрды. «Күрес одағы» социализм теориясын революциялық жұмысшы қозғалысымен біріктірудің бастамасын жасады. Петербургте Ленин пролетариаттың өзінің тап жауларына қарсы революциялық қыймылдарына басшылық етті, кітапшалар мен листовкалар жазды, жұмысшы аудандарына күн сайын дерлік барып тұрды, жыйналыстар өткізді, жұмысшылармен әңгімелесті, пролетарлық партияны құрушы кадрлар жыйнады.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында буржуазиялық елдердің экономикалық және саяси тұрмысында үлкен өзгерістер болды. Капиталистік дүние жаңа дәуірге—империализм дәуіріне аяқ басты. Капитализмнің барлық қайшылықтары мейлінше шиеленісті. Пролетариаттың буржуазияға қарсы шешуші революциялық шайқастарының кезеңі жақындады. Пролетарлық партияны ұйымдастыру мәселелері, жұмысшы табы күресінің стратегиясы мен тактикасының мәселелері жаңаша алға қойылды. Революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысты. Бұл дәуірде Россия капитализмнің барлық қайшылықтарының түйіскен торабы болды. Орыстың патша өкіметі мен батыс империализмінің мүдделері тығыз байланысты болды. Россияда халықтық революцияның пісуі жетіп келе жатты. Мұндай шиеленіскен жағдайда Ленин революциялық марксизмнің жауынгерлік туын жоғары көтерді, Маркс пен Энгельстің революциялық ілімін жаңа тарихи заманға—империализм және пролетарлық революциялар заманына бейімдеп дамытты. Россия ленинизмнің отаны, ал Владимир Ильич Ленин оның жасаушысы болды.

Түрме де, айдау да (1895—1899) Лениннің еркін, жауынгерлік рухын мұқата алмады. Ол мұнда да революциялық жұмысты қайтпас жігермен жүргізді. Айдаудағы кезінде Ильич 30-дан астам шығарма жаз-

ды, бұл шығармаларында партияның программасы мен тактикасын жасады, «жария марксистерге» қарсы шықты, «экономистерге» қарсы күрес жүргізді. Халықшылдықты идея жағынан талқандауды аяқтаған «Россияда капитализмнің дамуы» деген өзінің еңбегін де ол осы айдаудағы кезінде жазып бітірді. Бұл кітап маркстік ілімді Россияның экономикалық дамуына талдау жасауға данышпандықпен қолданудың үлгісі болып табылады. Онда Ленин пролетариаттың революциялық күресін жүргізу жолымен қанаушылық тәртіптің сөзсіз жойылатынын дәлелдеді.

Айдаудағы кезінде Ленин «экономистердің» «Кредо» атты шақыруын алды. Ол дереу бұл шақыруға «Россия социал-демократтарының наразылығын» жазды. Бұл айдаудағы 17 социал-демократтың Ленин шақырған кеңесінде талқыланып қабылданды. Бұл документ Россияда марксистік ойды дамытып, марксистік партияны әзірлеуге орасан зор әсер етті.

Сол айдаудағы кезінде Ленин революцияшыл пролетарлық партияны құрудың нақты жоспарын жасады. Лениннің пікірінше, жалпы орыстық астыртын саяси газет социал-демократтарды идея және ұйымдық жағынан топтастырудың аса маңызды құралы болуға тиісті еді.

1900 — 1912 жылдар — бұл партияны құру және нығайту жолындағы қажырлы күрес дәуірі болды. Қысқаша өмірбаянның IV — VI тараулары осы дәуірге арналған.

Өмірбаянда Лениннің марксистік партияны құру жоспарын жүзеге асыру жолындағы қажырлы қызметі айқын көрсетіледі. Владимир Ильич, жаңа тұрпатты партияны құруда үздік роль атқарған «Искраның» ұйымдастырушысы, дем берушісі және тікелей басшысы болды. Лениндік «Искра» партиялық күштерді біріктірудің, партиялық кадрларды жыйнап тәрбиелеудің орталығы болды. «Искра» оларды, айқын марксистік программасы, революциялық тактикасы, берік тәртібі бар жауынгер пролетарлық партияға топтастырды. «Искра» «экономистерге», ұлтшылдарға және «жария марксистерге» қарсы бітіспес күрес жүргізіп, партияны құрудың лениндік жоспарын жақтады.

Оппортунизмнің, күйыршықтықтың және өзбетіндіктің идеологиясы — «экономизмді» идея жағынан талқандап, Ленин партия ұйымдарын «Искраның» төңірегіне топтастырды. Россия социал-демократтары арасында лениндік принциптердің жеңуі және партия құрылысының лениндік жоспарын жақтап «Искраның» ойдағыдай күрес жүргізуі арқасында пролетарлық партияны құруға керекті жағдайлардың бәрі әзірленді. Мұның өзі партияның екінші съезін шақыруға мүмкіндік туғызды.

Екінші съезд (1903) партияның тарихында зор роль атқарып, дүниежүзілік жұмысшы қозғалысындағы жаңа беталысты бастады. Съезд жұмысшы табының жауынгер, революциялық марксистік партиясының, II Интернационалдық реформистік партияларынан принципінде өзгеше, жаңа тұрпатты партияның негізін қалады. Өмірбаянда Лениннің съездегі оппортунистік топқа қарсы, «Искра» жасаған программаны жақтап жүргізген күресі баяндалады.

Революцияшыл марксистік партияны құрғанда Ленин жұмысшы табының революциялық күресінің жаңа тәжірибесіне және Маркс пен Энгельстің партия туралы еңбектерінде көрсетілген теориялық негіздерге сүйенді. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың идеяларын пролетариаттың империализм дәуіріндегі тап күресінің жаңа жағдайларына бейімдеп, онан әрі дамыта келіп, Ленин өзінің еңбектерінде марксистік партия — жұмысшы табының алдыңғы, ұйымдасқан отряды екенін, бұл партия еңбекшілер қалың бұқарасымен берік байланыс негізінде дамытынын және демократиялық централизм принципі бойынша құрылатынын көрсетті.

Тарихтың әрбір жаңа кезеңінде Ленин басты-басты мәселелерді ерекше бөліп, оларды творчестволықпен тексеріп шешті, теориямен тактиканы жаңа деректермен байытты. «Батыс Еуропадағы социализм мен демо-

кратияның тарихы, — деп жазды ол, — орыс революциялық қозғалысының тарихы, біздің жұмысшы қозғалысының тәжірибесі, — міне партиямыздың қолайлы құрылысын және тактикасын белгілеу үшін, біздер меңгеруге тиісті материал осы. Бірақ бұл материалды «өңдеуді» өзіміз дербес жүргізуге тиістіміз, өйткені бізге даяр үлгі іздейтін жер жоқ...» (Шығармалар, 4-том, қазақшасы, 224-бет).

Лениннің «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм» және басқа сондай тамаша еңбектері партияның ерекше бай идеялық негізі болды.

«Не істеу керек?» деген кітабында Ленин оппортунизмнің идеялық негіздерін, оның халықаралық сыпатын ашты, революциялық теорияның қоғамдық дамудағы ұлы ролін көрсетті, марксистік партияның идеологиялық негіздерін данышпандықпен белгіледі. Владимир Ильич, стихиялық жұмысшы қозғалысы, егер оған социалистік сана енгізілмесе, буржуазиялық идеологияның ықпалына сөзсіз бағынатынын, социал-демократияның тарихи міндеті жұмысшы қозғалысын социализммен біріктіруде екенін көрсетті.

1905 жылы басталған Россиядағы революция пролетариаттың партиясы алдына өзінің революциялық тактикасын белгілеу міндетін қойды. Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында большевиктік тактиканың данышпандық дәлелдемесін берді. Пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы бола алады және болуға тиіс дейтін идея бұл еңбекті арқаулаған негізгі тактикалық қағида болды. Ленин мұндай революцияның жеңуінің шарты — пролетариат басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалардың одағы болып табылатынын көрсетіп, бүкілхалықтық қарулы көтеріліс туралы, оны әзірлеу және жасау туралы мәселені жан-жақты тексеріп шешті. Ленин революцияның негізгі мәселесі — мемлекеттік өкімет туралы мәселені де жаңаша шешті. Ол пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының органы болуға тиісті уақытша революциялық үкімет құрудың қажеттігін көрсетті. Ленин партия мен жұмысшы табын патша өкіметін құлатуға бағыттап, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың айқын перспективасын көрсетті. «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында, — делінген өмірбаянда, — марксистік партияның саяси (тактикалық) негіздерін белгілеп, Коммунистік партияның революциялық тактикасының негіздерін қалағаны Лениннің ұлы еңбегі болды; бұл тактиканың көмегімен еліміздің пролетариаты 1917 жылы капитализмді жеңді» (82-бет).

Владимир Ильич Лениннің қысқаша өмірбаяны ұлы көсемнің, жұмысшы табының ісі жолындағы қажырлы күрескердің, большевиктерге революциялық шабуылды дұрыс жүргізу, қажет болғанда, ұйымшылдықпен шегіну, өздерінің күштеріне және жаудың күштеріне байсалдылықпен баға беру, тарихи жағдайға қарай күрестің формалары мен құралдарын дұрыс белгілеу өнерін үйреткен данышпан ұстаздың бейнесін көз алдына келтіреді. Реакцияның ауыр жылдарында Владимир Ильич жұмысшы табын революцияның сөзсіз жеңетіндігіне сендірді.

1908 — 1912 жылдар большевиктік партия үшін аса қиын дәуір болды. Революцияның жеңілуі, столыпиндік реакция революцияға жолдан қосылушылар арасында ыдыраушылық, азғындаушылық туғызды. Контрреволюция идеология майданында да шабуыл жасады. Партия үшін бұл қиын-қыстау кезде Ленин және лениншілдер өздерінің марксизмге және партияның программасында көрсетілген принциптерге шын берілгендігін сақтады, пролетариатты қарусыздандыруға, оның партиясын талқандауға, оның теориялық негіздерін бұзуға тырысқан дұшпандардың

барлық шабуылдарын тойтарды. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында марксизмнің теориясы саласындағы тексерімпаздар мен азғындарға қыйрата соққы берді. Бұл еңбегінде Владимир Ильич философиялық тексерімпаздықты талқандады, орыс махистерінің және олардың басқа елдердегі идеялық дем берушілерінің философиясының идеалистік, пролетариатқа дұшпандық мәнісін ашып көрсетті, маркстік философия теориясын терең дәлелдеді, Энгельстің қайтыс болуынан кейінгі уақыттың ішінде ғылымның қолжеткен табыстарының ең маңыздыларының және бағалыларының бәрін қорытты. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегі диалектикалық және тарихи материализмнің дамуындағы жаңа кезең, жаңа тұрпатты марксистік партияны құрудың теориялық әзірлігі болды. Ол большевиктік партияның қатарын топтастыруда орасан зор роль атқарды.

Реакция жағдайында тек большевиктер ғана Лениннің басшылығымен, бұқарамен байланысты нығайту үшін жария және астыртын мүмкіндіктерді пайдалана білді. Ленин бастаған большевиктер жаңа революция үшін қажырлылықпен күш жыйнады.

Жойымпаз-меньшевиктерді РСДЖП қатарынан қуып, большевиктердің дербес партия болып қалыптасуына негіз қалаған VI (Прагадағы) Бүкілроссиялық конференция (1912) бұл дәуірдің аса маңызды оқиғасы болды. Лениннің және лениншілдердің жаңа тұрпатты партия құру жолындағы қажырлы күресі толық жеңіспен аяқталды.

Жаңа революциялық өрлеу жылдарында партия Лениннің басшылығымен Прага конференциясының нәтижелерін баянды ету жолында зор жұмыс жүргізді. Партия қатарын топтастыруда, бұқара арасында партияның ықпалын таратуда, жойымпаздарға, троцкийшілдерге, шақырымпаздарға және басқа оппортунистерге қарсы күресте күнделік большевиктік жария газет — Петербург жұмысшыларының бастауымен шығарылған «Правда» зор роль атқарды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жұмысшы табы және оның партиясы үшін ауыр сын болды. Оппортунизм жегідей жеген II Интернационалдың партиялары буржуазия жағына біржолата шықты. Тек бір ғана партия, ұлы Ленин бастаған большевиктер партиясы, пролетарлық интернационализм туын, империалистік, басқыншылық соғысқа қарсы күрес туын тайсалмай көтерді. Ленин бұқараны патша өкіметін құлату жолындағы күреске ұйымдастыра отырып, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру үшін күресу ұрандарын көтерді.

Батыс Европада шовинизм жайлаған және буржуазиялық ұлтшылдық күшейген жағдайда Владимир Ильич ұлт-колония мәселесіне көзқарастар системасын белгіледі. Ол ұлт-колония мәселесі социалистік революцияның бір саласына айналғанын, империализмді құлату мәселесімен тығыз байланысты екенін көрсетті, Ленин империалистік елдердің пролетариатын колония және тәуелді елдер халықтарының империалистік езгіге қарсы күресін мейлінше қолдауға шақырды.

Социал-шовинистерге қарсы рақымсыз күрес жүргізе отырып, Владимир Ильич халықаралық жұмысшы қозғалысындағы интернационалистік элементтерді ұйымдастырды, олардың қызметін революциялық арнаға бағыттап, жаңа, III Интернационал құруға шақырды. Нақ осы жылдарда Ленин Коммунистік Интернационалдың негізін қалады.

Өмірбаянда Лениннің социалистік революцияның жаңа, тұжырымды теориясын жасауы оның марксизмді творчестволықпен дамытуының айқын үлгілерінің бірі болып табылатыны атап көрсетіледі. «Европаның Құрама Штаттары ұраны туралы» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» (1916) және «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» (1916) деген шығармаларында Ленин өзі ашқан — импе-

риализм заманында капитализмнің экономикалық және саяси әркелкі дамуының заңын негізге ала отырып, социализмнің әуелі бірнеше елде, немесе тіпті жеке бір елде жеңуінің мүмкіндігі туралы және социализмнің барлық елдерде біржолы жеңуінің мүмкін еместігі туралы данышпандық қортынды шығарды.

«Лениннің, социализмнің бір елде жеңуінің мүмкіндігі туралы теориясы, — делінген өмірбаянда, — пролетариатқа күрестің айқын келешегін ашып берді, өздерінің ұлттық буржуазиясына қысым жасау үшін жеке елдердің пролетарларының жігерін және инициативасын күшейтті, партияны және жұмысшы табын өздерінің жеңетіндігіне, ғылыми дәлелденген сеніммен қаруландырды» (157-бет).

Өмірбаянда Лениннің 1917 жылғы февральдан октябрьге дейінгі уақыттың ішіндегі, жұмысшы табын және оның партиясын социалистік революция жолындағы ұрыстарға идеялық, саяси және ұйымдастыру жағынан әзірлеу жөніндегі қызметі толық баяндалады.

Атақты Апрель тезистерінде (1917) Ленин буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өту жолындағы күрестің теориялық дәлелденген, нақтылы программасын жасады. Апрель тезистері партияға күрестің жаңа жағдайларындағы бағытты белгілеп берді. Социализмге өтудің экономикалық негізін көрсете келіп, Ленин елдегі помещик жерлерін конфискациялау және барлық жерлерді халық пайдасына алу, барлық банктерді бір ұлттық банкке біріктіру және оларды Советтердің бақылауына беру, қоғамдық өндірісте және өнімдерді бөлу ісінде жұмысшы бақылауын орнату талабын алға қойды. Саясат саласында Владимир Ильич парламенттік республикадан, капитализмнен социализмге өту дәуірінде қоғамды саяси ұйымдастырудың ең жақсы формасы ретінде, Советтер республикасына көшуді ұсынды. Мұның өзі маркстік ғылымдағы данышпандық жаңалық болды.

Лениннің басшылығымен большевиктік партия қарулы көтерілісті асқан шеберлікпен және ерлікпен әзірледі, 1917 жылғы октябрьде социалистік революцияның жеңуін қамтамасыз етті, сөйтіп елімізді ұлттық апаттан құтқарды, Россияның халықтарын адамзаттың тарихында әлі болып көрмеген социалистік өзгерістердің даңғыл жолына түсірді.

Өмірбаянның X — XIII тарауларында Лениннің Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуінен бастап, оның өмірінің ақырына дейінгі уақыттың ішіндегі әралуан қызметі баяндалады. Бұл жылдарда оның мемлекеттік қайраткер ретіндегі данышпандығы тамаша айқын көрінді. «Мұндай, — делінген өмірбаянда, — теориялық қуат, саяси даналық және көрегендік, қайтпас ерік және ерлік халықты, оның тұрмысын, оның ежелгі тілектерін және шұғыл мұқтаждарын терең білгендікпен ұштасып келген мемлекет басшысы дүниеде әлі болған емес» (197 — 198-бет).

Дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің құрылысы Лениннің тікелей басшылығымен жүргізілді. Ленин бастаған большевиктік партияның басшылығымен Россияның жұмысшы табы орасан зор қыйыншылықтарды, шаруашылық күйзелісін және аштықты жеңе отырып, шетелдік интервенция мен ішкі контрреволюцияның құтырылған шабуылдарын тойтара отырып, халық шаруашылығын қалпына келтірді, жаңа, социалистік қоғамдық құрылыс орнатты.

Шетелдік соғыс интервенциясы талқандалып, азамат соғысы аяқталғаннан кейін еліміздің алдына шаруашылық құрылысының мәселелері мейлінше шұғыл қойылды. «Біз, — деп жазды Ленин, — большевиктер партиясы Россияны сендірдік. Біз Россияны кедейлер үшін байлардан, еңбекшілер үшін қанаушылардан тартып алдық. Біз енді Россияны басқаруға тиістіміз» (Шығармалар, 27-том, қазақшасы, 234-бет). Советтердің VIII Бүкілроссиялық съезінде Ленин халық шаруашылығын қалпына келтіріп, қайта құрудың орасан зор жоспарын — социализмнің экономи-

калық негізін жасау жоспарын ұсынды. Ауыр индустрияны мейлінше өркендету, бүкіл шаруашылыққа, оның ішінде ауыл шаруашылығына негіз болатын осы күшті ірі машиналы өндірістің техникалық базасын жасау бұл жоспардың негізіне алынды.

Партияны нығайтып, шынықтыра отырып, Ленин оның жауларына — троцкийшілдерге, зиновьевшілдерге, бухариншілдерге, децистерге, ұлтшыл-уклоншылдарға қарсы қатты күрес жүргізді. Партияға қарсы, революцияға қарсы бұл элементтерді әшкерелеп, партия өзінің халықпен байланысын онан сайын нығайтты, мұның өзі барлық күшті социалистік құрылыстың шұғыл міндеттерін орындау жолына жұмсауға мүмкіндік берді.

Жұмысшы табы социалистік қоғамды тек шаруалар бұқарасымен тығыз байланыс жасағанда ғана орната алатынын Ленин талай рет көрсетті. Владимир Ильич жұмысшы табының шаруалармен одағын — пролетариат диктатурасының ең жоғарғы принципі, Совет мемлекетінің күшінің негізі деп таныды. Бұл одақты нығайтуды Ленин партияның бүкіл революциялық саясатының іргетасы деп есептеді.

Партияның X съезі Лениннің заттай салық туралы баяндамасын талқылап, жұмысшылардың және шаруалардың күшімен социалистік экономиканың негізін жасауды көздеген жаңа экономикалық саясаттың лениндік жоспарын қабылдады. Аса қиын-қыстау жағдайда партия Лениннің басшылығымен соғыс коммунизмінен жаңа экономикалық саясатқа тарихи бұрылыс жасады.

Ленин бұқараны мемлекеттік және шаруашылық құрылысқа кеңінен белсенділікпен қатыстыруды партия мен үкіметтің аса маңызды міндеттерінің бірі деп есептеді. Ленин бұқараны тәрбиеледі, мұнымен бірге бұқараның пікіріне сергектікпен құлақ қойып отырды, бұқарадан үйренді және бұқараның творчестволық күштеріне қатты сенді. Ленин сан мың жолдар арқылы жұмысшылар мен шаруалар қалың бұқарасымен тығыз байланысты болып отырды.

Еңбекшілерді социалистік құрылысқа қатыстыру халық бұқарасының мәдениет дәрежесін арттыруды талап етті. Сондықтан Ленин еңбекшілерді мәдениеттендіруді социалистік құрылыстың аса маңызды шарттарының бірі деп есептеді. Ол отандық ғылымды көркейтуге қажырлы қамқорлық жасап отырды, жаңашыл ғалымдарды қызу қолдады, оларға қамқорлық көрсетті, өздерінің білімін халықтың игілігіне берген ғалымдарды құттықтап қарсы алды.

Өмірбаян Лениннің еліміздегі халықтардың достығын нығайтудағы ролін баяндайды. Ол ұлт республикаларын өркендетуге зор қамқорлық жасады, коммунистерді интернационализм рухында тәрбиеледі, ұлы державалық шовинизмге және жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күресті. Ленин совет республикаларын бір тұтас одақтық мемлекетке біріктіру міндетін алға қойды. Ол мұны — социализмді ойдағыдай орнатудың, ССРО-ның барлық халықтарын жан-жақты көркейтудің және еліміздің қорғанысын нығайтудың аса маңызды шарты деп білді.

Өзінің соңғы мақалалары мен сөздерінде Коммунистік партияның Совет өкметінің алғашқы жылдарындағы қызметінің қортындысын жасап, елімізде социализм орнатудың келешектегі жолдарын белгіледі. Тек ауыр индустрия ғана социализмнің материалдық базасы болып табылатынын, тек ауыр индустрия ғана еліміздің тәуелсіздігін және қорғаныс қуатының күшеюін қамтамасыз ететін берік экономикалық негіз бола алатынын Ленин талай рет атап көрсетті. Ауыр өнеркәсіпсіз «біз ешқандай өнеркәсіп, жасай алмаймыз, ал, онсыз біз тегі дербес ел ретінде құрымыз» (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 426-бет) деген Лениннің нұсқауын есте сақтай отырып, халқымыз ауыр өнеркәсіпті шапшаң қарқынмен өркендетіп келді және өркендетуде, бұл жолға күш қаржысын аянбай жұмсауда.

Өзінің кооператив жоспарында Ленин шаруаларды социализм құрылысына қатыстырудың нақтылы жолдарын белгіледі. Ол жұмысшы табы социализмді тек шаруалармен одақтасқанда ғана орната алатынын көрсетті. Владимир Ильич кооперацияны, әсіресе ауылшаруашылық кооперациясын — ұсақ жеке меншікті шаруашылықтан ірі серіктік бірлестіктерге көшудің сан миллион шаруаларға тиімді және ұғымды жолы деп таныды.

Ленин ССРО-да коммунистік қоғам орнатудың мүмкіндігін дәлелдеп, біздің елімізде коммунизм орнатуға не керектің бәрі бар екенін көрсетті. Владимир Ильич социализм мен коммунизм арасында түбірлі айырмашылық жоқ деп үйретті. Бұлар — коммунистік қоғамының дамуындағы екі саты, Бұлардың арасындағы айырмашылық өндіргіш күштердің дамуының дәрежесінде, елдің экономикалық жетілуінің дәрежесінде.

Ленин өндіргіш күштердің дамытылуын, социализмнің материалдық базасының үздіксіз жетілдіре берілуін, ең алдымен, ауыр индустрияның өркендетілуін, бүкіл халық шаруашылығында ең жаңа техника негізінде еңбек өнімділігінің жоғары болуын, халық тұтынатын өнімдер мен заттар молшылығының жасалуын, жаңа адамның коммунистік саналылықта тәрбиеленуін, еңбекшілер бұқарасының мәдениет дәрежесінің арттырылуын — коммунизм орнатудың аса маңызды шарттары деп есептеді.

Ленин халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысына басшылық етуде ұлы қызмет атқарды. Дүние жүзінің көп елдерінде революциялық қозғалыстың өрлеуі нәтижесінде бұл елдерде коммунистік партиялар құрылды. Ленин бұл партияларды нығайтуға, оларды пролетариаттың шын мәнісіндегі революциялық партияларына айналдыруға орасан зор қамқорлық жасады. Владимир Ильич Коммунистік партияның революциялық тәжірибесін қорытты, большевизм дүниежүзілік коммунистік қозғалыс үшін теория, программа және тактика жасап бергенін, большевизм олардың бәрі үшін тактиканың үлгісі бола алатынын көрсетті.

Владимир Ильич колония халықтарының азаттық қозғалысына ерекше көңіл бөліп отырды. Ол дүниежүзілік революцияның тағдыры үшін бұл қозғалыстың маңызын ашып көрсетті, Октябрь социалистік революциясынан кейін Шығыстың халықтары империалистік езгіге және құлдыққа қарсы күрестің жолына біржолата алаңсыз түскенін ерекше атап көрсетті. Ленин Россияның, Қытайдың, Индияның демократия және социализм жолындағы бүкіл дүниежүзілік күрестің түпкілікті нәтижеге жетуіндегі шешуші ролін көрегендікпен анықтап белгіледі.

* * *

Біздің даңқты Коммунистік партияның бүкіл тарихи ленинизмнің жеңімпаз ұлы идеяларының салтанатын көрсетеді. Партия мен үкіметтің кәзір жүзеге асырылып отырған саясаты — Лениннің өсиеттерінің іс жүзінде орындалуы. Өмірбаянда марксизм-ленинизм теориясын онан әрі дамытудағы И. В. Сталиннің сіңірген еңбегі атап көрсетіледі.

Лениннің ұлы идеялары сан миллион еңбекшілер бұқарасын меңгеріп, дүниені қайта құрушы материалдық күшке айналды. Европа мен Азияның бірсыпыра елдерінің халықтары ленинизмнің туы астында тарихи жеңіске жетті. Ленинизм бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің туы болып отыр. Лениннің идеялары дүние жүзінің барлық халықтарын рухтандырып, империалистік соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, қанаушылыққа және езгіге қарсы күреске жұмылдыруда.

В. И. Лениннің қысқаша өмірбаянының басылып шығуы — еліміздің идеялық өміріндегі маңызды уақиға. Совет адамдары данышпан Лениннің өмірі мен қызметін, Коммунистік партияның аса мол тәжірибесін зор ынтамен оқып үйренуде.

Көмір шығаруды арттырудың резервтері

Ф. БОЯРСКИЙ, С. ИОФФЕ

Совет елінің халықтары В. И. Лениннің өсиеттерін орындай отырып, Коммунистік партияның басшылығымен маңдайалды ауыр өнеркәсіп жасады. Оның негізінде бүкіл халық шаруашылығы социалистік жолмен қайта құрылды. Мұның нәтижесінде Отанымыз Совет өкметі тұсында аграрлық мемлекеттен алдыңғы қатарлы, қуатты индустриялы державаға айналды.

Ауыр индустрияның жетекші салаларының бірі — көмір өнеркәсібі. Халық шаруашылығы салаларының бәрі дерлік осы көмір өнеркәсібінің өркендеу қарқынына байланысты, өйткені ол металл, электр өндірісінің үздіксіз өсіп отыруын, теміржол транспортының іркілмей жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс. Көмір отын мен электр қуатының көзі ғана емес. Қоқс өндірісінің қалдықтарынан қышқылдар, бояулар, әртүрлі сыр, тыңайтқыштар, түрлі дәрі және басқа бағалы өнімдер жасалады.

Коммунистік партия, Совет үкметі көмір өнеркәсібіне әрдайым зор маңыз беріп келеді. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде отын мәселесін — еліміздің тұрмысының ең өзекті және шешуші мәселелерінің бірі деп есептеп, оған талай рет назар аударды. Азамат соғысы жылдарында ұлы көсем, ол кезде бүкіл жұмысымыздың берекесін бұзуға айналған отын тапшылығын жоюға барлық партия ұйымдарының назарын аударуды ұсынды. «Отан мәселесі, — деп көрсетті В. И. Ленин, — қалған барлық мәселелердің орталығына қойылып отыр. Отын кризисін қайткен күнде де жою керек, әйтпесе азық-түлік міндетін де, соғыс міндетін де, жалпы шаруашылық міндетін де орындауға болмайды» (Шығармалар, 30-том, қазақшасы, 126-бет).

Көмір үшін күрес Совет мемлекетінің халық шаруашылығын өркендету тарихынан маңызды орын алып келді. Орасан зор ғылыми-зерттеу және барлау жұмыстарын жүргізудің қортындысында совет геологтары 1938 жылдың өзінде біздің еліміз таскөмір запасы жағынан дүние жүзінде бірінші орын алатынын анықтады.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында Совет Одағының көмір өнеркәсібі тамаша табыстарға жетті. Мәселен, 1940 жылы Донбасс көмір шығаруды 1913 жылғыдан 3,4 есе, Кузбасс — 27,4 есе, Москва жанындағы бассейн — 33 есе, Қазақстан — 49 еседен аса арттырды. Социализмнің материалдық-техникалық базасын жасауда, Отанымыздың техникалық-экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуде, еліміздің қорғаныс қуатын нығайтуда көмір өнеркәсібі аса маңызды роль атқарды.

Көмір өнеркәсібі Ұлы Отан соғысы жылдарында да күшті қарқынмен өркендетілді. Оралда, Кузбасста және Қарағандыда жылына 30 миллион тоннадай көмір беретін жаңа шахталар іске қосылды. Мұның өзі, соғыстың алғашқы жылдарында неміс фашистері басып алған Донбасс пен Москва жанындағы бассейннен уақытша айрылған олқылықтың орнын едәуір дәрежеде толтырып отырды.

Қазақстанның шахтерлері фашистік Германияны талқандау ісіне едәуір үлес қосты. Соғыс жылдарында Қарағандыда көмір соғысқа дейінгі үш бесжылдық тұсындағыдан көп шығарылды.

Гитлерлік Германия мен империалистік Жапонияны жеңгеннен кейін, партия мен үкіметтің қамқорлығына бөленген совет шахтерлері Донбасс пен Москва жанындағы бассейнің қыйратылған шахталарын мейлінше қысқа мерзімдерде қалпына келтірді. Көмір өнеркәсібін өркендетудің соғыстан кейінгі бірінші бесжылдық жоспары ойдағыдай орындалды. 1950 жылы шығарылған көмір, тапсырмамен салыстырғанда 104 процент болып, соғысқа дейінгі дәрежеден 57 процент артты.

Шахтерлер кәзіргі бесжылдықта зор табыстарға жетті. 1951 жылдан 1953 жылға дейінгі уақыттың өзінде ССРО-да көмір шығару 27,7 процент ұлғайды, шахтерлердің еңбек өнімділігі 23,6 процент артты. 1953 жылы елімізде 320 миллион тонна көмір шығарылды, өткен жылы көмір шығару тағы да 8 процент артты. Бесінші бесжылдықта көмір өнімінің өсу қарқыны соғысқа дейінгіден екі есе күшейді.

Қарағанды бассейнінің шахтерлері де едәуір табыстарға жетті. Революцияға дейін Қарағандыда 60 — 70 жылдың ішінде қанша көмір шығарылса, кәзір «Қарағандауголь» комбинаты елімізге ай-сайын соншама көмір беріп отырады. Коммунистік партияның еркі бойынша құрылған үшінші Бүкілодақтық көмір ошағы еліміздің шығысындағы қуатты отын базасына айналды.

Көмір өнеркәсібінің табыстары — партия мен үкіметтің кеншілердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуға, шахталарды маңдайалды техникамен жабдықтауға, кен ғылымының ең жаңа табыстарын өндіріске енгізуге күнбе-күн көңіл бөліп, қамқорлық жасауының нәтижесі. Соңғы 6 — 7 жылдың өзінде көмір өнеркәсібін өркендетуге 70 миллиард сомнан астам қаржы жұмсалды, көптеген шахталар қайтадан жасалды, жаңа техника енгізілді, ондаған және жүздеген маңдайалды шахталар салынды.

Дүние жүзінде алғаш рет біздің елімізде «Донбасс», «Горняк», «УКТ-1», «УКМГ-1» көмір комбайндары, көмір тиейтін машиналар, ең жаңа системалы врубмашиналар, қуатты транспортерлер және электровоздар жасалды. Кәзір еліміздің шахталарында біржарым мыңнан астам комбайндар, төрт мыңнан астам врубмашиналар, он мыңнан астам электровоздар, екіжарым мыңнан астам көмір және босатылған тас-топырақ тиейтін машиналар жұмыс істейді. ССРО-да көмірдің үштен біріне жуығы комбайндардың және көмір құлатушы агрегаттардың көмегімен шығарылады, ал, Қарағанды бассейнінің шахталарында барлық көмірдің 62 проценттен көбі комбайндармен және көмір құлатушы машиналармен шығарылады.

Неғұрлым өнімді жұмыс істейтін машиналар мен механизмдерді кеңінен қолдану еңбекті ұйымдастыруға едәуір өзгерістер енгізді. Көптеген шахталар бір тәулікте бір цикл алу графигі бойынша жұмыс істеуге көшірілді.

Совет шахтерлерінің зор табыстарға жеткені даусыз. Алайда, көмір өнеркәсібінің жұмысында әлі де ірі-ірі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер көмір шығаруды мейлінше арттыруға бөгет жасап келеді. Артта қалушы шахталар әлі де көп, жаңа техника шабан менгеріледі, бірсыпра кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастырудың озат формалары мен тәсілдері нашар енгізіледі, көп шахталар өздерінің жобаланған өндірістік қуатын өте шабан игереді, еңбек өнімділігін онан әрі арттырып, көмірдің түсер құнын кемітудегі зор мүмкіндіктерді пайдаланбайды.

Көмір өнеркәсібінің қандай мол резервтері бар екенін Қарағанды бассейнінің мысалынан көруге болады. Қарағандының шахтерлері 1954 жылдың жоспарын ойдағыдай атқарды, быйылғы жылдың алғашқы төрт айының мемлекеттік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Әсіресе, «Кировуголь» тресінің кеншілері неғұрлым өнімді еңбек етуде. Бұл тресте еңбек өнімділігі жоспарлы мөлшерден 6,8 процент асып түсті.

Көмірдің түсер құнын кеміту және сапасын жақсарту есебінен шахтерлер өткен жылы 8 миллион сомнан астам қаржы үнемдеді. Олар быйыл да күшті жігермен еңбек етуде. Трест өзінің өндірістік қуатын жоспардағыдан едәуір асырып меңгерді.

Бассейнде Калинин атындағы, Жданов атындағы, №№ 106, 7, 26, 31-бис, 31 және басқа көптеген шахталар көмір шығару жоспарларын айдан-айға асырып орындауда. Бұл шахталарда еңбек өнімділігі үнемі артуда, жаңа техниканы пайдалану жақсартылуда, еңбекті ұйымдастырудың озат әдістері қажырлылықпен енгізілуде.

Қарағандыда тәжірибелі өндіріс командирлерінің, циклдік жұмыстың шебер ұйымдастырушыларының үлкен отряды, тамаша механизатор кадрлары өсіп жетілді. Шахта бастықтары Хан, Посметухов, Құсаинов, Әлімбаев, Бралин, Шевяков, Калинин жолдастар, участок бастықтары Ворона, Полохов, Чурилов, Қазаков, Қасымов және басқа көптеген жолдастар тек бассейнде емес, онан тысқары көп жерлерде жақсы мәлім. Қен комбайндарының машинистері Буцинский, Нұрмағамбетов, Величко, Қим, Салмин, Сова, Халяпин, Бобиев, Абросимов жолдастар комбайндардың жұмыс өнімділігін үздік арттырып, «Донбасс» комбайнымен айына 25 мың тоннадан және онан да көп көмір шығарады. Лыгин, Брызгалин, Тычков, Хайруллин және басқа көптеген жолдастар басқаратын алдыңғы қатарлы проходчиктер бригадалары үздік табыстарға жетті. Забойдағы еңбекті циклдік график негізінде ұйымдастырып, бір жолы бірнеше қатарда жұмыс істей отырып, олар штректерді жылжытуды айына 150 метрге жеткізді және онан да асырды.

Алайда, көмірлі Қарағандының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көрмеу дұрыс болмас еді. Бассейннің шахталарында көмір шығаруды онан әрі ұлғайтып, еңбек өнімділігін арттырудың мол резервтері пайдаланылмайды. Мұндай маңызды резервтердің бірі — артта қалған шахталарды алдыңғылардың дәрежесіне жеткізу. Комбинатта шахталардың үштен бір бөлегінен көбірегі мемлекеттік жоспарларды айдан-айға орындамай келеді. Өткен жылы және быйылғы жылдың өткен айлары ішінде бассейннің артта қалған шахталары елімізге көмірді жарты миллион тоннадан астам кем берді.

Өткен жылы «Сталинуголь» тресі мемлекеттік жоспарды орындамады. Мұнда он шахтадан үш шахта мемлекетке көп қарыздар болып қалды. Трестің басшылары Обухов және Тимофеев жолдастар, Сталин қала-аудандық партия комитетінің секретары Шорманбаев жолдас бұл кеңілсіз фактіден большевиктік қортындылар шығаруға тиісті еді. Бірақ, олай болмады. Трестің басшылары, аудандық партия комитеті шахталардың жұмысын жақсартудың алдағы мәселелеріне көз қырын салмады, забойдың көмір қазу жолдарын қалпына келтіру сыяқты аса маңызды іспен шындап шұғылданбады. Мұның салдарынан, трест жаңа жылға аяқ басқанда оның көмір шығару жұмыстарының көлемі жеткіліксіз, лавалардың саны жоспардағыдан аз болды. Трестің және №№ 18-бис, 33, 34, Қостенко атындағы және басқа кейбір шахталардың басшылары циклдік графикті енгізуге, озат техниканы меңгеруге мұқият кіріспеді. Бұл айтылғандардың салдарынан трест өндірістік тапсырмаларды быйыл да орындамай келеді.

Артта қалған шахталардың көпшілігінде көмір шығаруды үнемі арттырып отыруға керекті мүмкіндіктердің бәрі бар екенін көрсету қажет. Олар жабдық, материалдар, жұмысшы күші жағынан, алдыңғы қатарлы шахталармен бірдей қамтамасыз етілген. Істің түйіні тек — бұл артта қалған кәсіпорындардың басшыларының мемлекет және халық алдында өзде

ріне тапсырылған іске зор жауаптылықты жеткілікті түсінбейтіндігінде. Сол себепті де бірқатар шахталардың лаваларында ешқандай тәртіп жоқ, механизмдер аварияға көп ұшырайды, забойлар жиі-жиі істен шығады.

Артта қалған кәсіпорындардың жұмысты неғұрлым өндіріп істеуге нақтылы мүмкіндіктері бар екенін мынадай мысалдар бойынша дәлелдеуге болады. Костенко атындағы шахта мен № 31-бис шахтасы іргелес, екеуі де бір көмір қабаттарының көмірін шығарады. Екеуі де бірдей барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етілген, не керегінің бәрі бар, ешқандай тапшылық көрмейді. Алайда, бұл кәсіпорындар жұмысты әртүрлі атқарады. № 31-бис шахтасы 1954 жылдың жоспарын және быйылғы жылдың төрт айлық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Бірінші тоқсанда еңбек өнімділігінің тапсырмасы 106,2 процент орындалды. Өткен жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда, бірінші тоқсанда көмірдің орташа тәуліктік өнімі 130 тоннадан аса артты. Бұл шахтаның төрт участогінің бәрі де тапсырманы ойдағыдай орындап келеді, ал, екі участок циклдік график бойынша жұмыс істейді.

Костенко атындағы шахтада істің жайы мүлде басқаша. Мұнда жегі участок бар, бірақ жоспарды бір ғана участок орындап келеді. Циклдік графикпен жұмыс істеуге көшірілген төрт лавадан берілген нормативті бірде-бір лава орындамайды. Шахта быйылдың өзінде көмірді он мың тоннадан астам кем берді.

Комбинаттың басқа кейбір кәсіпорындарының жұмысы онан да нашар. Вержховский және Дрижд жолдастар басқаратын № 101 шахта төрт айдың ішінде көмірді 50 мың тоннадан астам кем берді. Бұл шахта бірінші тоқсанның өзінде бір миллион сомдай қаржыны артық жұмсады, тұтынушыларға сапасы төмен, күлі көп көмір жөнелтеді. Ал, бұл шахтаның жоспарлы тапсырмаларды асыра орындауға не керегінің бәрі бар. Шахтада алты лава бар, олардың забой жолдарының ұзындығы мың метрдей. Мұнда жұмысшылар штаты толық құрастырылған. Көмір шығару және тасу жұмыстарына «Донбасс» комбайндары, ондаған тырнауышты транспортерлер және қуатты электровоздар қолданылады. Бұл ірі кәсіпорынның артта қалуының негізгі себебі — шаруашылық және техникалық басшылықтың нашарлығында. Лаваларда көмір шығарудың екі-сменалық тәртібі, тірек тіреу жұмыстарының паспорттары үнемі бұзылып отырады, бірсыпыра участоктерде жана техника және еңбекті ұйымдастырудың озат формалары еленбейді. Мұның салдарынан шахтерлер жұмыс уақытының жартысына жуығын бос өткізеді, олардың көпшілігі жұмыс нормаларын орындамайды. №№ 19-бис, 18-бис, 33 — 34 және басқа шахталарда да істің жайы осындай.

Бассейннің артта қалған кәсіпорындарын алдыңғылардың дәрежесіне жеткізу комбинатқа көмір шығарудың орташа тәуліктік өнімін ең таяу уақыттың өзінде бірнеше мың тонна арттыруға мүмкіндік берер еді.

Көмір шығаруды онан әрі арттыру ісіндегі бір үлкен резерв — әрбір шахтаның жобаланған өндірістік қуатын меңгеру. Бұл көрсеткіш белгілі бір коллективтің жұмысын, забойдың, көмір қазылатын жолдың әрбір метрін неғұрлым толық пайдалану үшін, озат техниканы және көмір шығарудың жаңа тәсілдерін енгізу үшін оның қандай тыңғылықты күрес жүргізетінін айқын сипаттайды.

Бассейннің бірсыпыра кәсіпорындары өндірістік қуатты ойдағыдай меңгерді. Мысалы, №№ 19, 106, 31,7 және басқа шахталар өндірістік жабдықты, шахталық алаңдарды неғұрлым толық, тиімді пайдаланады. Мәселен, № 7 шахта өзінің жобаланған қуатын біржарым есе дерлік асырып меңгерді. Оның басшылары өндірістің озаттары мен командирлеріне сүйене отырып, аса маңызды техникалық және ұйымдастыру шараларын қысқа мерзімде жүзеге асыра білді. Бұл шахтада жер бетіндегі комплекс қайта жабдықталды, екінші породалық террикон, жаңа авариялық склад салынды, қабылдау алаңының үйі қайта жабдықталды. Мұның

бәрі шахталық көтерме механизмдердің өткізу қуатын арттыруға көмектесті. Кәсіпорынның басшылары коллективті циклдік графикті ойдағыдай орындауға күнбе-күн жұмылдырып отырады. Шахтаның бірінші участогінде, «Замечательный» көмір қабатындағы 150 метрлік лавада комбайнның көмір шығару өнімділігі айына 16 мың тоннадан келеді. Бұл — осы кабатта комбайнмен көмір шығарудың бассейндегі ең жоғары көрсеткіші.

Алайда, бірсыпра шахталарда істің жайы мүлде басқаша. Бассейннің жыйырмадан астам шахтасы өздерінің өндірістік қуатын әлі меңгерген жоқ. «Сталинуголь» тресінде, мәселен, он шахтадан жеті шахта көмірді жобаланған мөлшерден едәуір кем береді. Бассейннің ең үлкен тресі — «Ленинуголь» тресінде де істің жайы осындай.

Әрбір шахтаның жобаланған өндірістік қуатын меңгеруі — мемлекеттік маңызы зор іс. Егер барлық шахталар өздерінің қуатын меңгерсе, онда комбинат көмір шығарудың орташа тәуліктік өнімін біржарым — екі мың тонна арттыра алатынын, ал, жұмысшылардың еңбек өнімділігі 3—4 процент артатынын экономикалық есептер көрсетіп отыр.

Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін даярлық жұмыстарының жоспарын барлық шахталарда орындап, жаңа горизонттар мен лаваларды пайдалануға мезгілінде тапсыру керек, циклді лавалардың жұмысты мінсіз атқаруын қамтамасыз етіп, кен механизмдері мен агрегаттарын автоматтық басқаруға тез көшіру керек.

«Қарағандауголь» комбинатының, оның көптеген шахталарының және трестердің көпшілігінің бір үлкен кемшілігі — жұмыстың бірқалыпты, біркелкі жүргізілмеуі. Аттаншылдық мемлекеттік мүдделерге зор зыян келтіреді. Әдетте комбинат, трестер, көптеген шахталар әрбір айдың бірінші онкүндігінде керанау, баяу жұмыс істейді, онан кейін ырғалып-жырғалу басталады, тек үшінші онкүндікте, комбинаттың басшылары, партияның қалалық және облыстық комитеттері «төтенше шаралар» қолданып, ашық немесе бүркемелеп аттанысқа көшкеннен кейін ғана, алғашқы онкүндіктердегі олқылық жойылады. Төмендегі мәліметтер міне осыны дәлелдейді. Январдың үшінші онкүндігінде комбинат күн сайын көмірді бірінші онкүндіктегіден 10 мың тонна көп шығарып тұрды. Февральдың үшінші онкүндігінде көмірдің орташа тәуліктік өнімі бірінші онкүндіктегіден 12 мың тонна, ал мартта — 8 мың тонна артық болды. Апрельдің бірінші онкүндігінде комбинат көмірді 23 мың тонна, апрельдің жыйырма күні ішінде 32 мың тонна кем берді, ал, үшінші онкүндікте, «көмірді көп шығару», «жоғары еңбек өнімділігі» деп аталатын күндерді өткізгеннен кейін, олқылық толық жойылды.

Әр айдың соңғы күндерінде мемлекеттік тапсырманы 102 — 115 — 120 процент, ал, алғашқы күндерінде 90—95 процент орындау әдетке айналған. Мұндай біркелкісіз жұмыс лаваларда бірқалыпты технологиялық тәртіптің бұзылуына себеп болады, механизмдердің және кен жолдарының аварияға ұшырауын жиілетеді, кесімді уақыттан тыс жұмыстарды жаппай қолдануға бастайды.

Аттаншылдықтың екінші бір өте зиянды зардабын да көрмеуге болмайды. Көптеген шахталардың біркелкі жұмыс істемеуінің салдарынан тұтынушыларға көмір жеткізіп беру жоспары бұзылады, сөйтіп, металлургия кәсіпорындарының, теміржол транспортының және Қарағанды көмірін тұтынушы басқа көптеген кәсіпорындардың дұрыс жұмыс тәртібі бұзылады. Әрбір кәсіпорынның жұмысты біркелкі атқаруын қамтамасыз ету — бассейн басшыларының шұғыл міндеті. Мұны орындау көмір шығаруды онан әрі арттырудың тағы бір елеулі резервін іске қосқандық болады.

Қарағандының көптеген шахталарында, циклдік графикті енгізу және жаңа техниканы меңгеру сыяқты, көмір шығаруды арттырудың маңызды резервтері қанағаттанғысыз пайдаланылады. Осы жылдың бірінші тоқсанында бассейнде 53 лава графикпен жұмыс істеуге көшірілді, бі-

рак, циклдік норматив небәрі 30 лавада орындалды. Егер белгіленген режим көмір забойларының бәрінде мүлтіксіз орындалып отырса, комбинаттың циклді лавалардан көмірді кәзіргіден 6 процент көп алатыны есептеп шығарылды.

Бірсыпра кәсіпорындарда жаңа техниканың нашар енгізілуінің үстіне, көп уақытта бұл техниканы елемейді. «Қарағандауголь» комбинатына қараған № 26 шахтаның көмір комбайнының машинисті Абросимов жолдас өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде бұл туралы өте дұрыс айтты. №№ 19-бис, 101, 104, 3-бис және басқа кейбір шахталардың басшылары быйыл, мәселен, механикаландырылған әдіспен көмір шығаруды арттырмағаны былай тұрсын, қайта оны кемітті. «Сталинуголь» тресінің бірсыпра шахталарында даярлық жұмыстары қолмен істеледі, ал, жұмысты мықтап өндіретін проходка механизмдерінің (көмір және босатылған тас-топырақ тиейтін машиналар) едәуірі пайдаланылмайды.

Қарағанды бассейні алдына быйыл циклді лавалардың санын 60-қа жеткізу, ал, көмірді механикаландырылған әдіспен құлатуды 75 процентке жеткізу міндеті қойылып отыр. Мұның өзі — зор және жауапты міндет. Оны тек, көптеген шахталар мен трестердің басшылары циклділікке және механикаландыруға қарсы пиғылды біржолата жойғанда ғана орындауға болады. Амал не, қаланың партия ұйымдары да жеке шаруашылық қызметкерлерінің жұмысындағы мұндай қыңыржақтылыққа қарсы жеткілікті күрес жүргізбейді. Циклдік жұмысқа кейде, белгіленген талаптарға сай келмейтін лавалардың көшірілетіндігі де тек осыдан. Олар қажетті жабдықтармен, жұмысшы күшімен, тәжірибелі командирлер құрамымен толықтырылмаған, сенімді жөндеу базасымен қамтамасыз етілмеген болады.

Осы резервтердің бәрін пайдалану Қарағандының шахтерлеріне көмір шығаруды тез ұлғайтып қана қоймай, оның үстіне еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді.

Ішкі резервтерді пайдалану шахталарға ұйымдастыру-техникалық басшылықтың дәрежесін мықтап арттыруды, бассейнінің кәсіпорындарында партия-саясат жұмысын жақсартуды керек қылады. Алайда, жеке шахталардың, учасоктердің басында, өздеріне тапсырылған іске жауаптылықты жақсы түсінбейтін адамдардың отырғанын көрсетпеске болмайды. Тәжірибелі инженер-техник қызметкерлердің, өсіп келе жатқан жас кадрлардың басшылық жұмысқа жоғарылатылмайтынын дәлелдейтін фактілер аз емес. Кадрларды іріктеп, жұмысқа орналастыруды жақсарту — шұғыл міндет.

Партия ұйымдарының социалистік жарысқа басшылығында елеулі кемшіліктер бар. Бірсыпра шахталарда (№№ 19-бис, 18-бис, 107, 33—34) социалистік жарыс договорлары тек сырт көрініс үшін жасалған. Кәсіподақтың шахталық комитеттері бұл договорларды мұқият іске тіркеп отырады, бірақ, жарыстың қортындыларын күнбе-күн тексеріп отыруды нашар ұйымдастырады, оның жариялылығын қамтамасыз етпейді.

Социалистік жарыс озаттарының тәжірибесі бассейнде әлі де жеткіліксіз таратылады. Көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының облыстық комитеті, ғылыми-зерттеу институттары бұл істен бір шеткей қалып келеді.

Донбасс кеншілерінің үлгісімен Қарағанды шахтерлері бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарысқа қосылды. Олар жаңа көтеріңкі міндеттемелер алды. Бұл міндеттемелерді ойдағыдай орындауға қарағандылықтардың толық мүмкіндігі бар. Олар өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың патриоттық үндеуіне осылайша іспен жауап беріп, бүкіл ауыр өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыруға лайықты үлес қосады.

Қазақстанның су қорлары толық пайдаланылсын

Л. ТӘЖІБАЕВ,

техникалық ғылымдардың кандидаты

Коммунистік партия мен Совет үкметі социалистік ауыр индустрияның табыстарына сүйене отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын жоспармен өркендеге берудің зор программасын дәйектілікпен жүзеге асыруда.

Бұл бүкілхалықтық міндетті орындауда Қазақстан көрнекті орын алып отыр. Республикада миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Жаңа жерлерді игеру жұмыстары күшті қарқынмен кеңінен жүргізілуде. Қазақстан таяудағы жылдарда еліміздің шығысындағы социалистік мал шаруашылығының негізгі базасына айналуға тиіс.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру үшін республиканың су қорлары толық пайдаланылуға тиіс. «Егіннің анасы — су, әкесі — жер, тәрбиешісі — күн», — дейді қазақ мақалы.

Қазақстанның су қорлары өте көп. Республикада 10 мыңнан астам өзен, 6600 көл бар. Оның ішінде шаруашылық маңызы бар өзендер мен көлдердің саны 3 мыңнан асады. Бұлардың көбі солтүстік және батыс облыстарда, тың жерлерді игеретін аудандарда.

Қазақстанда көптеген үлкенді-кішілі өзендер ағады. Жайық, Есіл, Сырдария, Тобыл, Ертіс сияқты үлкен өзендермен қатар өте көп шағын өзендер, бұлақтар және басқа сондай су көздері бар. Бұл үлкенді-кішілі өзендердің, әсіресе, көктемде суы мол болады. Мәселен, Жайық өзіне құятын өзендермен бірге жылына 11 400 миллион текшеметр, Жем 290 миллион, Тобыл 250 миллион текшеметр, Есіл мен Нұра 550 миллион текшеметрден су береді. Солтүстік-батыс және орталық Қазақстандағы шағын өзендердің өзінде жылына 7 400 миллион текшеметрден астам су ағады.

Республиканың су қорлары тек көлдер мен өзендер ғана емес. Қазақстанда көптеген бұлақтар, жер қабаты және жерасты сулары табылды. Республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және орталық бөлектерінде бұлақтар көп. Жер қабаты сулары Арал бойындағы ойпатта, Торғай аңғарында, Тобыл бойының жоталары арасында, Шу — Талас аңғарында және Бетпақдаланың батыс бөлегінде табылды. Қазақстанның көптеген аудандарында жерасты сулары бар.

Совет өкметі тұсында су қорларын меңгеру жұмыстары кеңінен жүргізілді. Қазіргі уақытта Қазақстан суармалы жерлердің көлемі жағынан Совет Одағында екінші орын алады.

Суармалы егіншілік әсіресе Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында неғұрлым дамытылған. Мырзашөл, Сырдарияның төменгі жағы, Келес-Сарыағаш бойы, Шу алқабы, Қөксу-Қаратал алқаптары және басқа сондай құнарлы жерлер суармалы егіншіліктің өркендеген аудандарына айналды. Мұндағы колхоздар мен совхоздар күріштен, мақтадан, қызылшадан және басқа бағалы дақылдардан мол өнім алады.

Алайда орасан мол су қорлары әлі де республиканың халық шаруашылығының қажетіне ойдағыдай пайдаланылмай келеді. Су қорларын пайдалануда егін суару, жер суландыру, сумен жабдықтау, энергетика, балық өсіру, құс өсіру және су транспорты мүдделерін есепке алатын бел-

гілі бір комплексті тәртіп жоқ. Жеке өзендер мен көлдерді шаруашылық қажетіне пайдаланудың комплексті схемалары жоқ. Бұрын жасалған схемалар өздерінің техникалық-экономикалық маңызын көптен жойды. Сол себепті республиканың әрбір ұйымы су көздерін пайдалану ісімен өзінше шұғылданады. Мұның бәрі зерттеу-барлау жұмысында бірсарындылыққа және мемлекеттің орасан көп қаржысының орынсыз жұмсалуына әкеп соқтырады.

Республикалық жобалаушы институт — «Қазгидрорводэлектро» алға қарамай, жоспарсыз жұмыс істейді, кейде жобалау жұмыстарын қыйындатып, қымбатқа түсіреді. Мұның салдарынан кәзіргі уақытта құрылыс ұйымдарында сумен жабдықтайтын, жайылымдар мен тың жерлерді суландыратын және көлдетіп суаратын құрылыстардың бірде-бір тұжырымды схемасы жоқ. Үлгі жобалар нашар енгізілуде.

Қазақстанның су қорларын пайдаланудың коэффициенті 0,3-тен аспайды. Көп аудандарда жер бетіндегі сулар тек жер суаруға, ал жерасты сулары сумен жабдықтауға пайдаланылады. Өзендер мен көлдері аз аудандарда қар мен жаңбыр суларын инженерлік жолмен пайдалану проблемасы мүлде ұмытылған.

Суармалы егіншілік аудандарында инженерлік ирригация жүйелері бүкіл жер суару жүйесінің небәрі 15 процентіндей, жартылай инженерлік жүйелер 20 процент, инженерлік емес жай жүйелер — 65 процент. Бас каналдар, үлкен каналдар, колхозаралық және шаруашылықтың өз ішіндегі арықтар гидротехникалық құрылыстармен, өлшеуіш құралдармен және аспаптармен ойдағыдай жабдықталмаған. Су бөлуді автоматтандыру және диспетчерлік қызмет мүлде ұйымдастырылмаған, сол себепті көп су ысрап болады.

Суармалы жерлер мүлде қанағаттанғысыз пайдаланылады. Республикада жер суару жүйелері бар жерлердің көлемі 2 миллион гектардан асады, оның ішінде 1,5 миллион гектар жер сумен толық қамтамасыз етілген. 1954 жылы мұншама жерден іс жүзінде 1 миллион гектардан аз ғана артық жер пайдаланылды. Әсіресе, Талдықорған, Қызылорда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында суармалы жерлерді пайдалану нашар. Қайталап сортадану себепті суармалы жерлер шаруашылық айналымнан шығып қала береді.

Батыс, оңтүстік және солтүстік Қазақстан аудандарында, әсіресе тың жерлерді игеретін аудандарда сумен жабдықтауды және жер суландыруды жақсартудың шаралары мүлде жеткіліксіз жүргізіледі. Быйыл көптеген жаңа совхоздарда суды кейде 40 километр жерден тасып жеткізуге тура келді.

Суармалы жерлерді өте қанағаттанғысыз пайдаланудың және бұл жерлердің күтімсіз болуының бір себебі — республиканың Су шаруашылығы министрлігінің және оның жергілікті органдарының бұған нашар басшылық етіп, өздерінің жұмысын әлі күнге жана міндеттерге сәйкес қайта құрмағандығында. Жер-жердегі қызметкерлер санының едәуір көбейтілуіне қарамастан, жер суару жүйелерін және суармалы жерлерді пайдаланудың жайы қанағаттанғысыз. Жер суару тәртібі ойдағыдай орындалмайды, су тиісінше есепке алынбайды, егін суарудың прогрестік тәсілдері қолданылмайды.

Мемлекеттің жер суару жүйелерін пайдалануға берген көп қаржысы тәртіпсіз жұмсалады. Жер суару жүйелерін пайдалану шығындары 1954 жылы суармалы жерлердің әрбір гектарына шаққанда, 1940 жылдан үш еседен аса көбейді.

Қазақ ССР Су шаруашылығы, Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері республиканың батыс, орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарында суармалы егін көлемін ұлғайту жұмысымен іс жүзінде шұғылданбайды. Бұл облыстарда бұрын игерілген суармалы жерлердің бір бөлегі күтілмей тасталған, қалған бөлегінің пайдаланылуы

қанағаттанғысыз. Насос станцияларының гидромеханикалық жабдықтары мен приводтары кей жерлерде бұзылған. Бұл өңірдегі 80 мың гектар суармалы жерлердің небәрі жартысынан аз ғана көбі пайдаланылады.

Сушаруашылық құрылыстары шабан салынады. Құрылыс жоспары 1953 жылы 46 процент, ал 1954 жылы 44 процент орындалды.

Ал, республиканың Су шаруашылығы министрлігінің құрылыс жоспарын орындауға толық мүмкіндігі бар. Министрліктің қарамағында жұмысты өндіріп істейтін техникамен мол жабдықталған екі құрылыс тресі жұмыс істейді. Оның үстіне облыстарда облыстық су шаруашылығы бөлімдерінің тоғыз құрылыс-монтаж конторы және онбес машина-мелиорация станциялары, сол сыяқты МТС-тер жанында машина-мелиорация отрядтары бар. Бұл ұйымдардың бәрінде көптеген осы күнгі құрылыс механизмдері: экскаваторлар, скреперлер, бульдозерлер, бұрғылау станоктары, құдық қазатын машиналар бар.

Солай бола тұрса да, құрылыс жоспарын орындамау дағдыға айналып отырса, мұның себептері, ең алдымен, жұмыстың нашар ұйымдастырылуында, қолда бар құрылыс жабдықтары мен машиналарының қанағаттанғысыз пайдаланылуында. Мәселен, 1954 жылы экскаваторлардың қуаты небәрі 66 процент, скреперлердің қуаты 22 процент, ал құдық қазатын машиналардың қуаты небәрі 11 процент пайдаланылғанын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел.

Әсресе, шөл, шөлейт және далалық өңірлердегі малшаруашылық аудандарын сумен қамтамасыз ету сыяқты маңызды жұмыста көп кемшіліктер бар. Жайылымдарды сумен жабдықтаудың және суландырудың артта қалуы колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге зор бөгет болып отыр.

Қазақстанда шабындық, жайылымдық жерлердің жалпы көлемі 290 миллион гектардан асады. Бұл ұлан-байтақ кең жерді игеру ең алдымен оны сумен қамтамасыз етуге байланысты. Суды шығару, көтеру, тасу және бөлу техникасы, сол сыяқты мал суарудың жолға қойылуы көп жерде нашар. Көптеген жайылымдарда жабдықталған суаттар жоқ, кейде су жетпейді. Мұның бәрі малды аман сақтап, оның өнімділігін арттыруға едәуір кедергі жасайды.

Республикадағы товарлы мал шаруашылығының үлкен базасы — Талдықорған облысын мысалға алайық. Таяудағы екі-үш жылдың ішінде облыстың колхоздары мен совхоздарында қорамдық мал екі есе дерлік көбейтілуге тиіс. 1958 жылдың аяғында мұнда 2 700 мың қой болуға тиіс. Мал шаруашылығын мұндай тез өркендету үшін облыста мүмкіндіктердің бәрі бар. Облыстың таулық шығыс бөлегінде — Жоңғар Алатауы ауданында — таулық шабындықтар, батыс және солтүстік-батыс бөлектерінде құнарлы жерлер бар, бұл жерлер Балқаш көліне жақындаған сайын кең далалыққа ұштасады. Үш Қөл, Қоянды, Ақ-Өзек жайылымдары, ал биязы жүнді қойлар үшін Сары-Ішік отрау, Жетікөл, Сарықұм жайлаулары — малдың мол азық қоры.

Бірақ, жеткілікті азық қорлары бола тұрса да, облыстың колхоздары мен совхоздары мал басын шабан өсіріп, сүтті, етті, жүнді аз өндіреді. Мұның себебі — орасан кең жайылымдар суландырылмаған, сондықтан мал жаюға жарамайды.

Жергілікті ұйымдар Су шаруашылығы министрлігінде және басқа ұйымдарда Көксу, Байшегір және Ащыөзек каналдарын кенейтіп, қайта жасаудың, Ақсу өзенінде су алатын бөгет және Покатилов суқоймасын жасаудың қажеттігін міне бірнеше жыл бойына дәлелдеп, нәтиже шығара алмай келеді. Әртүрлі көптеген жобалар жасалды, бірақ олардың бірде-біреуі жүзеге асырылған жоқ.

Кейде колхоздар мен совхоздардың шаруашылық орталықтарынан жүздеген километр алыста болатын отар жайылымдарында және отарлы

мал шаруашылығының базаларында сумен жабдықтауды жолға қою ерекше қамқорлық жасауды керек қылады.

Отар участоктерін сумен қамтамасыз ететін, неғұрлым көп таралған және оңай жасалатын құрылыстар — шахталы және трубалы құдықтар. Есеп мәліметтерін алатын болсақ, республикада құдықтардың саны едәуір көп сыяқты — жыйырма бес мыңнан астам құдық бар, оның көбі — шахталы құдықтар. Бірақ бұлардың жартысы дерлік пайдаланылмайды, өйткені колхоздарда бұған керекті жеткілікті насостар мен двигательдер жоқ. Шахталы құдықтардың суы әдетте қол күшімен тартылады. Әсіресе қыстыкүні шопандар, бақташылар мал суаруға қаншама көп еңбек жұмсап, қаншама көп уақыт өткізетінін түсіну қиын емес.

Біздің жаңа техника жердің неғұрлым терең сулы қабаттарынан су шығаратын трубалы құдықтар сыяқты құрылыстарды тез салуға мүмкіндік береді. Бірақ, техниканы пайдаланудағы енжарлық, инициативасыздық бұл жақсы іске бөгет болып келеді. 1949 жылдан бері Қазақстанда небәрі 225 трубалы құдық пайдалануға тапсырылды. Жатық сужыйнағыштар, құдықтар, өзендер мен көлдердің суларын жыйнайтын құрылыстар мүлде жасалмайды.

Республикада жербеті және жерасты суларын пайдалану жолымен жер суландыру жақында басталды. Соңғы үш жылдың ішінде далалық өзендерде өздерінің күшімен 86 бөгет жасап, 200 мың гектар шабындықты суарған Ақмола облысы колхозшыларының бастамасы әлі күнге кеңінен таратылмай келеді. Бұл облыстың өзінде көптеген су қоймаларында су ағызатын, су шығаратын жолдар жоқ, сол себепті олар көктемгі тасқын кезінде көп бұзылады. Батыс, орталық және солтүстік Қазақстанның көп аудандарында жерді көлдетіп суару жұмысы салақ жүргізіледі. Шабындықтарды өңдеп, жайылымдарды дұрыс суландыру іс жүзінде әлі ғылыми-тәжірибелік зерттеулерден әрі асқан жоқ. Мұның салдарынан миллиондаған малдың тұрақты жем-шөп базасы болмай келеді.

Қазақстанның су шаруашылығы туралы жоғарыда келтірілген қысқаша мәліметтер су шаруашылығының кәзіргі жайы социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендету жолында партия алға қойған міндеттерге тіпті де сай келмейтінін көрсетеді. Халық шаруашылығын өркендету мүдделері республиканың су шаруашылығын тез арада тәртіпке келтіруді керек қылады. Арықтары бар барлық жерлерді бірте-бірте шаруашылық айналымына енгізіп, кәзіргі жер суару жүйелерін түбірінен қайта жасау керек, барлық жерде, әсіресе жайылымдары және тың жерлері көп аудандарда, сумен жабдықтау және жер суландыру проблемаларын шешу керек. Мұнымен бірге озат советтік ғылым мен техниканың табыстарын және құрылыстың индустриялық тәсілдерін су шаруашылығы жұмыстарының практикасына кеңінен енгізу керек.

Өзендердің бассейндері, су қоймаларының топтары және мол су көздері бойынша су шаруашылығының комплексті схемаларын жасау да — шұғыл жұмыс. Жоба-зерттеу жұмыстарын жоспарлағанда бұл жұмыстардың түсер құнын кемітіп, үлгі жобаларды кеңінен енгізу керек.

Әсіресе оңтүстік облыстарда, суаруға әзірленген, бірақ пайдаланылмай келген 500 — 600 мың гектар жерді шаруашылық айналымға енгізу есебінен суармалы егіншіліктің жер қорын кәзіргі өзінде едәуір толықтыруға болады.

Кәзіргі жер суару жүйелері мен каналдарды дұрыс пайдалану есебінен суармалы жерлердің көлемін ұлғайтуға, әсіресе бұл жерлердегі егіннің шығымдылығын арттыруға болады және арттыру қажет. Мұның үшін суармалы жерлерді паспорттап, су бөлуді батыл автоматтандыру керек, таңдаулы су құрылысшыларының, мелиораторлардың және колхоз практиктерінің озат тәжірибесін кеңінен қолдана отырып, инженерлік құрылыстарды неғұрлым тиімді пайдалану керек.

Суармалы жерлердің көлемін ұлғайтқанда Сырдария бассейнінің су-жер қорларын пайдаланудың, ең алдымен Мырзашөлде жер суаруды онан әрі дамытудың неғұрлым зор маңызы бар. Мұнда, Мырзашөлде, бірсыпыра каналдар және арықтар қазу жолымен суармалы жерлердің жалпы көлемі сан есе ұлғайтылуға тиіс.

Республиканың өндіргіш күштерін өркендетуде Жайық, Ертіс, Іле және басқа өзендердің алқаптарындағы су қорларын келешекте пайдаланудың зор маңызы бар. Мәселен, Іле өзені алқабында егінге жарамды жерлердің көлемі 1,6 миллион гектардан асады, шабындықтардың көлемі 8,5 миллион гектардай. Өзеннің су қорлары, кеме қатнасына зыян келтірмейінше, суармалы жерлердің көлемін 700 мың гектарға жеткізуге мүмкіндік береді.

Тұщы су, жерасты және артезиан суларының мол қорларын пайдалану мәселесінің де маңызы зор.

Қазақстанның далалық, шөл және шөлейт аудандарын алатын болсақ, мұнда көп жерлерде артезиан құдықтарын жабдықтау жолымен 50—100 гектарлық және онан да үлкен оазистер жасауға болады, мұның өзі жайылымдарды суландыру және сумен жабдықтау проблемасын шешуге едәуір көмектеседі.

Бұл міндеттерді орындау үшін жеке құрылыс және пайдалану ұйымдарын өндіріске жақындатып, көптеген әкімшілік қызметкерлеріне, сол сыяқты жұмыста жауапсыздық және енжарлық туғызатын, көп сақтылы ұйымдарға жұмсалатын шығынды азайту керек.

Қазақстанның су проблемаларын дұрыс шешу—республиканың халық шаруашылығының аса маңызды міндеттерінің бірі, әр-алуан түрлі мәселелерді терең зерттеуді керек ететін міндет. Бұған Қазақ ССР Ғылым академиясының, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясының Қазақ филиалының ғылыми-зерттеу институттары, Су-ауа райын зерттеу басқармасының гидрологиялық орындары және басқа ұйымдар қатысуға тиіс.

Су шаруашылығын өркендету мүдделері Қазақстанда гидромеханикалық жабдықтар, двигательдер, металл, керамика, және асбест-цемент трубалар жасайтын заводтар салуды, сол сыяқты бұрғылап су шығару жұмыстарының қуатты ұйымын құруды керек қылады.

Қазақстанның су қорлары орасан мол. Судың қуатын және өмірлік күшін пайдалану, оны табиғатты меңгерудің ұлы ісінің қызметіне қосу—республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды практикалық міндеті.

Европалық халық демократия елдерінің экономиканы өркендетудегі табыстары

Н. ЯНИОС

Совет одағының екінші дүниежүзілік соғыстары бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі және мұның нәтижесінде капитализмнің позицияларының нашарлауы, сол сыяқты демократиялық қозғалыстың мықтап өрлеуі Европа мен Азияның бірсыпыра елдеріне империализмнен біржолата қол үзіп, социалистік даму жолына түсуге мүмкіндік берді. Жер бетінің төрттен бір бөлегіне тең социалистік лагерьге қараған мемлекеттердің территориясында 900 миллион халық — жер жүзіндегі барлық халықтың үштің бірінен көбірегі өмір сүреді. Ұлы Лениннің Совет өкіметінің алғашқы жылдарында айтқан көрегендік сөздері орындалуда. **«Бірінші большевиктік революция жер бетінде алғашқы жүз миллион адамды империалистік соғыстан, империалистік дүниеден алып шықты. Келесі революциялар мұндай соғыстардан, мұндай дүниеден бүкіл адамзатты құтқарады»** (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 40-бет).

Халықтық-демократиялық құрылыс Шығыс Европаның миллиондаған адамдарын бостандыққа және бақытты тұрмысқа жеткізді, оларды аштықтан және қайыршылықтан құтқарды, күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасау нәтижесінде социализмнің негіздерін қалауға қажетті материалдық жағдайлар туғызды. Халықтық-демократиялық революция шетелдік империализмнің езгісін біржолата жойды. Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарының халықтық мемлекет қолына көшуі нәтижесінде ескі, капиталистік өндірістік қатнастар орнына жаңа, социалистік өндірістік қатнастар орнатылды. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық, мемлекеттік меншік бұл жаңа қатнастардың негізі болып табылады. Капиталистік бәсеке және өндіріс анархиясы заңы орнына халықтық демократия мемлекеттерінде халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялы) өркендеу заңы күшін жүргізе бастады. Экономиканы халық шаруашылығының кең жоспарлары негізінде, жоспарлы тәртіппен өркендету Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания және Герман Демократиялық Республикасы халықтарының өмірлік заңына айналды.

Коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығымен, Совет Одағының ұлы өнегесінен үлгі ала отырып және оның туысқандық көмегіне сүйене отырып, халықтық демократия елдерінің еңбекшілері асқан жігермен жаңа тұрмыс орнатуда.

Халықтық-демократиялық құрылыстың қуатты күші бұл елдердің экономикасы мен мәдениетін өркендетудегі, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттырудағы зор табыстардан айқын көрініп отыр. Бұл табыстар даналық лениндік сөздерді толық дәлелдейді: «социализмнің қойнауында асқан алып күштер бар, адамзат кәзір дамудың жаңа, кереметтей тамаша мүмкіндіктерді туғызатын сатысына көшті».

Жаңа қоғамдық құрылыс ауыр индустрияны шапшаң өркендетуге, демек, бұл елдердің халық шаруашылығының барлық салаларын өрге бастыруға, олардың ел қорғау қуатын нығайтуға және халықтың тұрмыс жайын үнемі жақсартуға беруге қолайлы жағдайлар туғызды.

Социализм өндіргіш күштердің жоғары дәрежеде дамытылуын керек қылады. Социализмнің материалдық негізі, деп үйретеді Ленин, — ірі машиналы индустрия, өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі. Ленин былай деп көрсетті: «...ірі машиналы индустрия социализмнің бірден-бір мүмкіндігі бар экономикалық негізі болып табылады... Кімде-кім мұны ұмытса, ол коммунист емес» (Шығармалар, 32-том, 525-бет).

Лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, ерікті халықтар жаңа тұрмыс орнату жолында өнеркәсіпті, әсіресе ауыр индустрияны өркендетуге айрықша көңіл бөлуде. Олар нақ осы ауыр индустрияны — социалистік құрылыстың басты буыны, өз елдерінің халық шаруашылығын өркендетудің және қорғаныс қуатын нығайтудың түпкі негізі деп таныды.

Социалистік индустрияландыру — халықтық-демократия елдерінің экономикасын түбірінен қайта құрудың негізі. Бұрын артта қалған және езілген мемлекеттер, социалистік индустрияландыру саясатын бұлжытпай жүзеге асыру нәтижесінде, бұрынғы мешеуліктен прогреске алып қадаммен аттап өтті. Польшада, Чехословакияда, Румынияда, Венгрияда, Болгарияда, Албанияда өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгі дәрежесінен үш-төрт есе асып түсті.

«Біздің еңбегіміздің әрбір айы — деді Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Б. Берут, — бұрынғы пешеме ғасырлық артта қалғандықтың жылдарының есесін толтырады. Біздің еңбегіміздің әрбір жылы он жылдың есесін толтырады». Бұл қарқын шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан артықшылығын айқын дәлелдейді, капиталистік құлдықтан азат етіліп, социализм жолына түскен адамдар қандай істер істей алатынын бүкіл дүние жүзіне айқын көрсетеді.

Миллиондардың ерікті еңбегі халықтық демократия елдерінің бейнесін қысқа мерзімде өзгертті. Халыққа қарсы, ескі, буржуазиялық-помещиктік тәртіптер тұсында, күні озған капиталистік қатнастар және бұл елдердің дербес экономикалық дамуына жол бермеуге тырысқан шетелдік капиталдың озбырлығы экономиканы өркендетуге бөгет жасап келді. Қоғамдық қатнастарды түбірінен өзгерту бұл елдердің экономикалық дамуының бүкіл барысын өзгертті. Ерікті халықтардың жанкыярлық еңбегінің нәтижесінде, бұрынғы экономикалық мешеулік біржолата жойылды. Халықтық демократия елдерінің өмірінен алынған толып жатқан мысалдар мұны айқын дәлелдейді.

Соғысқа дейін пандар билеген Польша өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан Европада ең артта қалған елдер қатарында болатын. Кәзір Поляк Халық Республикасы өнеркәсіп өнімін Италиядан көп шығарады, ал, өндірістің әрбір адамға шаққандағы мөлшері жағынан Францияны қуып жетті. Бұрынғы артта қалғандықты біржолата жойғаннан кейін Польша Еуропаның ең алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті бес мемлекетінің санына қосылды. 1954 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі соғысқа дейінгіден төрт еседен аса, ал, әрбір адамға шаққанда — бесжарым есе дерлік артты. Жұмысшылар мен қызметшілердің саны соғысқа дейін 2,5 миллион болса, кәзір 6 миллионнан асты. Өнеркәсіптің жаңа салалары — ауыр машиналар жасау, станоктер жасау, кеме жасау өнеркәсібі, автомобиль және авиация өнеркәсібі, әртүрлі аспаптар өндірісі, трактор өнеркәсібі, ең жаңа ауылшаруашылық машиналарын жасау, шарико-подшипниктер өндірісі, мыс балқыту және басқа сондай өнеркәсіп салалары құрылды.

Польша кәзір машиналар мен жабдықтарды соғысқа дейінгіден тоғыз есе көп жасап шығарады. Көмір-металлургия базасын өркендетуде зор табыстарға қол жетті. 1954 жылы 91 миллион тонна көмір шығарылды, ал, соғысқа дейін көмірдің өнімі 38 миллион тоннадан аспайтын. Өткен жылы Польшаның металлургтері 4 миллион тоннадан астам болат қорытты, яғни 1938 жылғыдан үш есе көп. Краков түбінде

В. И. Ленин атындағы орасан зор металлургия комбинаты көзiрдiң өзiнде iшiн-ара iске қосылды. Оның өнiмi соғысқа дейiнгi Польшаның барлық металлургия заводтарының өнiмiнен асып түседi. Бұл металлургия комбинаты — алтыжылдық жоспарды жүзеге асыру жылдарында салынған және салынып жатқан 250 iрi өнеркәсiп орындарының бiрi.

Венгер Халық Республикасы бұрынғы артта қалған, аграрлық елден индустриялы мемлекетке айналды. Өнеркәсiптiң жалпы өнiмi соғысқа дейiнгiден үшжарым есе асып түстi. Венгрияның индустриясын өркендету ең алдымен өндiрiс құрал-жабдықтары өндiрiсiн ұлғайтуды көздейдi. Станоктар жасау саласында зор табыстарға қол жеттi. Бұл елде дизельдi тракторлар, комбайндар және басқа күрделi ауылшаруашылық машиналарын жасау жолға қойылды. Көмiр шахталары мен рудниктерге керектi жабдықтар мен механизмдер жасап шығаратын кәсiпорындар салынды. Автомобиль өнеркәсiбi жаңадан дерлiк құрылды. Кеме, паровоз-вагон жасау өндiрiсi тез өсуде, республиканың отын және энергетика базасы нығаюда. Көмiр, мұнай шығару және электр қуатын өндiру соңғы бес жылдың өзiнде екi есе ұлғайды. Көмiр шығару 1938 жылғы 9 360 мың тоннадан өткен жылы 22 миллион тоннаға жеттi. Венгрия қара және түстi металлургияны өркендетуде зор табыстарға жеттi. Мәселен, болат қорыту 1954 жылы 1 491 мың тоннаға жетiп, соғысқа дейiнгiден екi еседен аса артты. Дунайдың жағалауында, Сталинварош қаласында, бұл елдегi ең үлкен металлургия комбинаты — И. В. Сталин атындағы комбинат шапшаң қарқынмен салынуда. Оның қуаты Венгрияның барлық металлургия заводтарының 1949 жылғы жалпы қуатынан үштiң бiрiндей асып түседi. Айттегi зор аллюминий комбинаты жақын арада iске қосылады.

Гидроэнергетика шапшаң қарқынмен күшейтiлуде. Тисса өзенiнде Тиссалек су электр станциялары комплексiнiң құрылысы аяқталып келедi. Венгрияның бiрiншi бесжылдығының ең iрi құрылыстарының бiрi — Инотадағы электр станциясы iске қосылды.

Индустрияландыру саясатын жүзеге асырудағы зор табыстардың нәтижесiнде Венгрия көзiр өнеркәсiп товарлары өндiрiсiнiң әрбiр адамға шаққандағы мөлшерi жағынан Италияны едәуiр басып озды.

Румыния мен Болгария бұрынғы артта қалған аграрлық елдерден индустриялы мемлекеттерге айналды. Соғысқа дейiн Румынияның өнеркәсiбi ұлттық табыстың жартысынан аз өнiм беретiн. Елге керектi машиналардың 99 процентi шетелдерден әкелiнетiн. Жаңа фабрикалар мен заводтар салу, бұрынғы кәсiпорындарды қайта құрып үлкейтiу Румынияға халықтық өкiмет тұсында ондаған түрлi машиналар мен агрегаттар жасауды жолға қоюға мүмкiндiк туғызды. Көзiр халықтық-демократиялық Румынияда тракторлар, комбайндар, мұнай шығаруға және мұнай майларын айыруға керектi жабдықтар, шарикоподшипниктер, ватер машиналар, фрезерлiк, жонғыш және токарлық станоктер, вагондар, паровоздар, электромоторлар, трансформаторлар және басқа сондай машиналар жасалады.

Румынияда елдi электрлендiрудiң онжылдық (1951 — 1960 жылдар) жоспарын жүзеге асыру тамаша нәтижелер беруде. Карпатта Быстрица өзенiнде В. И. Ленин атындағы 210 мың киловаттық су электр станциясын салу жұмыстары қызу жүргiзiлуде. Бұл электр станциясы жаңадан құрылған Молдова өнеркәсiп ауданын электр қуатымен жабдықтайды. Бұл жерде жасалған зор су қоймасы 300 мың гектар сусыз жерлердi суаруға мүмкiндiк туғызады. Румынияда мұнай шығару жылдан-жылға өсуде. Дунай — Қаратенiз каналының құрылысы аяқталып келедi. Румынияның социалистiк өнеркәсiбiнiң қуаты соңғы төрт жылдың өзiнде (1951 — 1954 жылдар) екi есе дерлiк өстi.

Халықтық Болгарияның көзiр өзіне тән машина жасау, кеме жасау өнеркәсiбi, электр өнеркәсiбi, түстi металлургия және химия өнеркәсiбi

бар. Соңғы екі-үш жылдың өзінде Болгарияның заводтары жаңа машиналар мен станоктердің 200-дей жаңа түрлерін жасауды игерді. Бірінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде Болгарияда 700-ден астам фабрикалар мен заводтар салынды. Бұл елдегі қара металлургияның тұңғышы — В. И. Ленин атындағы металлургия комбинатының құрылысы аяқталып келеді. Бұл комбинат таяудағы уақытта елдің қара металдар жөніндегі қажетін түгелінен дерлік қамтамасыз ететін болады.

Республиканың энергетика базасы тез өсуде. Электр қуатын өндіру бірнеше есе ұлғайып, 1953 жылдың аяғында 1,6 миллиард киловат-сағатқа жетті. Елде көптеген су электрстанциялары және үлкен су қоймалары салынды. Бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын — төрт жылда — орындаған болгар халқы кәзір екінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Албан халқының тұрмысында үлкен өзгерістер жасалды. Соғысқа дейінгі Албания Еуропаның ең артта қалған түкпірі болатын. Бұл елде бірде бір километр темір жол, фабрика-заводтық өнеркәсіпке тән бірде-бір кәсіпорын болмайтын. Бұрынғы помещиктік-буржуазиялық құрылыстан жаңа Албанияға жартылай майдагерлік өнеркәсіп, соқа мен кетпенді қолдануға негізделген қарадүрсін ауыл шаруашылығы мұраға қалды. Халықтық өкімет тұсында Албанияда өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі 8 еседен аса артты. Елдің аса маңызды орталықтарын жалғастыратын темір жолдар салынды; мұнай шығару төрт еседен аса ұлғайды, бірсыра ірі өнеркәсіп орындары, оның ішінде қант заводы, ағаш бұйымдар жасайтын комбинат, елдің астанасы — Тирана жанында үлкен электр станциясы салынды. Албания жаңа құрылыстар еліне айналды.

Халықтық Чехословакия өзінің өнеркәсібінің құрылысын түбірінен өзгертті. Бұл қайта құрылыс ең алдымен, ауыр индустрияның үлес салмағын едәуір арттыру бағытымен жүзеге асырылды. Әсіресе ауыр машиналар жасау өндірісі шапшаң өсуде. Егер бұл елде жалпы өнеркәсіп өндірісі 1937 жылғыдан 2,3 есе ұлғайса, машина жасау өндірісінің өнімі бұл уақыттың ішінде төрт есе дерлік өсті.

Чехословакия — жоғары дәрежелі индустриялы ел. Оның өнеркәсібі осы күнгі станоктер мен машиналарды ғана емес, оның үстіне тұтас заводтардың күрделі жабдықтарын да жасап шығарады, бұл жабдықтарды дүние жүзінің көптеген елдеріне шығарып тұрады. Чехословакияның машина жасау өнеркәсібі туысқан халықтық демократия елдерін индустрияландыруға едәуір көмектесіп отырады.

Чехословакияның еңбекшілері отын, шикізат және энергетика базаларын өркендетуде зор табыстарға жетті. 1937 жылы Чехословакия электр қуатын, әрбір адамға шаққанда, Франциядағыдан 71 процент, Италиядағыдан 28 процент аз өндірген еді, ал, 1953 жылы халықтық-демократиялық Чехословакияда электр қуаты Франциядағыдан 6 процент, Италиядағыдан 30 процент көп өндірілді.

Жаңа Чехословакияда болат, әрбір адамға шаққанда, Франциядағыдан, Швециядағыдан және Батыс Германиядағыдан көп өндіріледі.

Герман Демократиялық Республикасының жұмысшы табы зор табыстарға жетті. Мұнда өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгіден екі есе өсті.

Ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендетумен қатар халықтық демократия елдері соңғы жылдарда жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендету саласында да едәуір табыстарға жетті. Мәселен, Польша 1938 жылы 288 миллион метр мақта-мата шығарса, 1953 жылы 500 миллион метр мақта-мата шығарды. Бұл елде былғары аяқкиім өндірісі 2,8 миллион пардан 20,8 миллион парға, қант өндірісі 506 мың тоннадан 1 105 мың тоннаға жетті. Чехословакияда 1953 жылы халық тұтынатын заттар 1948 жылғыдан 70 процент көп шығарылды. Румынияның тоқыма және аяқкиім өнеркәсібі өнімді соғысқа дейінгіден екі еседен аса көп шығарады. Басқа халықтық демократия елдерінде де сондай.

Халықтық демократия елдерінің бәрінде де еңбекшілердің әл-ауқаты мен мәдениеті тез өсуде. Ерікті халықтардың жанқиярлық еңбегі бір ғана ұлы мақсатты — өмірді мұнан да бақытты, бай және мәдениетті етуді көздейді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы үнемі артуда. Осы жылғы апрельде Чехословакияда, Польшада, Румынияда және Болгарияда баға тағы да кемітілді.

Халықтық демократия елдерінің экономикасын өркендетуде, оның ішінде ауыр өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыруда олардың Совет Одағымен және өзара кең шаруашылық байланысының аса зор маңызы бар. Совет Одағының комплектілі өнеркәсіп жабдықтарын беруі, совет мамандарының жоғары техникалық көмек көрсетуі, ғылыми-техникалық тәжірибені ортаға салып пайдалану — мұның бәрі халықтық демократия елдерінің социалистік индустрияландыру жолымен өркендей беруіне көмектеседі. Совет Одағы мен халықтық демократия елдері арасында, халықтық демократия елдерінің өздері арасында жылдан-жылға күшейіп отырған экономикалық байланыс ерікті және тең праволы халықтардың достығы туралы лениндік идеялардың іске асуының айқын бейнесі болып табылады. Экономикалық ынтымақты онан әрі өрістету социалистік лагердің барлық елдерінде өндіргіш күштерді өрге бастыру ісінде өзара туысқандықпен көмектесуге орасан зор мүмкіндіктер туғызады.

Европаның халықтық демократия елдерінде өнеркәсіптің шапшаң өркендеуі арқасында ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрып, онан әрі өрге бастыруға берік база жасалуда. Қала деревняны тракторлармен, көптеген басқа жаңа машиналармен, минералды тыңайтқыштармен барған сайын мол жабдықтауда. Ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың программасы лениндік кооператив жоспарында көрсетілді. Ұлы Ленин былай деді: «Машиналы ірі өнеркәсіп және оны егіншілікке қолдану — социализмнің бірден-бір экономикалық базасы, адамзатты капиталдың бұғауынан құтқару жолында... ойдағыдай күресудің бірден-бір базасы» (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 31-бет).

Лениндік кооператив жоспарымен қаруланған коммунистік және жұмысшы партиялары социалистік индустрияның шапшаң өскен қуатына сүйене отырып, деревняда ұлы өзгерістер жасау жұмыстарын кеңінен жүзеге асыруда. Миллиондаған шаруалар ауыл шаруашылығын жүргізудің социалистік тәсілдерінің артықшылығына барған сайын көзі жетіп, кооперация жолына батыл түсуде. 1953 жылдың өзінде-ақ барлық егін егілетін жерлердің Чехословакияда 40 проценті, Болгария 60 проценттен артығы ауылшаруашылық өндіріс кооперативтерінің қолында болды. Кәзіргі уақытта халықтық демократия елдерінің егін даласында ондаған мың тракторлар мен комбайндар жұмыс істейді. Жүздеген машина-трактор станциялары мен мемлекеттік егіншілік шаруашылықтары құрылды. Ауылшаруашылық кооперациясы шаруалардың санасына барған сайын терең қонуда.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру міндетін жүзеге асырудың барысында, халықтық-демократиялық құрылыстың түпкі негізі — жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы онан сайын нығайуда. Өздерінің тағдырын халықтық өкметпен ежелден тығыз байланыстырған шаруалар коммунистік және жұмысшы партияларының ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыруды көздейтін программасын асқан жігермен жүзеге асыруда.

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері бейбіт жемісті еңбек туы астына, өздерінің сарқылмас күштеріне, өздерінің әділетті ісінің сөзсіз салтанат құратындығына шексіз сенгендікпен, социализм жолында бөгелмей алға басуда. Алайда, империалистік реакция халықтық демократия елдерінде капитализмді қайта орнату дәмесінен әлі безген жоқ. Империалистер социалистік мемлекеттерді жою жоспарларын әзір-

леуде, бұл мақсатпен социалистік лагерьдегі елдердің айналасында соғыс базаларын жасап, бұл елдерге өздерінің арандатушыларын және диверсанттарын өткізуде, батысгерманиялық милитаризмді қайта орнатуға, оны социалистік лагерь елдеріне қарсы бағыттауға жанталасып әрекет жасауда. Атышулы «Париж келісімдерінің» авторлары міне осы мақсатты көздейді.

Гитлершіл генералдар басқаратын, осы күнгі қарудың барлық түрімен қаруланатын батысгерманиялық армия қайта құрылған күнде, оның өздеріне қандай қауіп туғызатынын Еуропаның бейбітшіл елдерінің халықтары жақсы түсінеді.

Бейбіт шаруашылық құрылыспен шұғылданып отырған халықтық демократия елдерінің еңбекшілері ұлы Лениннің: әрқашан сақ тұру керек, елдің қорғаныс күшін көздің қарашығындай сақтау керек деген өсиетін әрдайым есте сақтайды. Ерікті халықтар империалистік соғыс өртін тұтандырушылардың дұшпандық әрекеттерін қырағылықпен қадағалап отырады. Олар өздерінің қатарын онан сайын тығыз топтастырып, бейбітшілік және социализм жолындағы күресте өздерінің бірлігін нығайта береді.

Осы жылғы майда Варшавада еуропалық мемлекеттердің Еуропада бейбітшілікті және хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кеңесі өткізілді. Варшава кеңесіне қатысушылар: Албания, Болгария, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы, Польша, Румыния, Совет Одағы және Чехословакия достық, ынтымақ және өзара көмек туралы тарихи договор жасасты.

Договор бойынша Варшава кеңесіне қатысқан елдер өздерінің қарулы күштерінің Біріккен Командованиесін құрады. Бұл командованиеге қарайтын қарулы күштерді ол елдер өзара келісін бөледі.

Ерікті халықтардың ұлы достығы агрессияшыл күштердің жолына зор кедергі орнатты. Сегіз мемлекет арасында жасалған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор, арандату әрекеттері мен соғыс авантюраларына әуестенушілердің бәріне алдынала айбарлы ескерту жасағандық болды. Бұл договор, бейбітшіл мемлекеттер халықтарының бейбіт еңбегін бұзбақ болатын қандай да болсын әрекетке ұйымдасқан, күш біріктірген батыл тойтарыс берілетінін көрсетеді. Ерікті халықтардың бейбіт еңбегін империалистік реакцияның дұшпандық әрекеттерінен қорғайтын достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор еуропалық халықтық демократия елдерінің шаруашылық және қорғаныс қуатын онан сайын нығайта түседі.

Лекция және консультация

Қосымша құн туралы ілім — Маркстің экономикалық теориясының ірге тасы

С. ПЕТРОВА,

экономикалық ғылымдардың кандидаты

Қ. Маркстің осы күнгі қоғамның алға басуының негізгі экономикалық заңы — қосымша құнды өндіру және немдену заңын — ашуы саяси экономияда шын мәнісінде революция жасағандық болды. Қосымша құн туралы Маркстің ілімі, — деді Энгельс, — социалистердің, дәл буржуазиялық экономистердей, саңлаусыз қараңғыда қармалап жүрген салаларына жарық сәуле түсірді.

Буржуазиялық саяси экономия қосымша құнның шығуы туралы мәселені шеше алмады. Мәселен, меркантилистер өнімнің бағасының өндіріс шығынынан артығы өнімдерді құнынан артыққа айырбастаудан, сатудан туады деп есептеді. Физиократтар қосымша құнның шығуы туралы мәселені қарауды товар айналымы саласынан өндіріс саласына көшірді, мұның өзі олардың, меркантилистерге қарағанда, зор еңбегі болды. Алайда, олар құн проблемасын да, қосымша құн проблемасын да шеше алмады. Физиократтардың ұғымында қосымша құн, біресе екіншілік еңбектің ерекше өнімділігінің нәтижесі, біресе табиғаттың тегін сыйы болып шықты. Буржуазиялық классикалық саяси экономияның өкілдері — В. Петти, А. Смит, Д. Рикардо қосымша құнның нақтылы формаларын — пайданы, жер рентасын және қарыз өсімін — зерттеуден әрі аспады. Рикардо мектебі, деп жазды Маркс, проблеманы шешкен жоқ, тек оған соқпай өтті.

Таптық сезім буржуазиялық экономистерге қосымша құнның шығуы туралы көкейтесті мәселені тым терең зерттеу өте қауіпті екенін байқатты. Пролетариаттың тап күресі күшейгеннен кейін буржуазиялық экономистер үшін негізгі мәселе енді экономикалық ғылымның белгілі бір қағидасының дұрыстығында немесе терістігінде болмай, оның капиталға пайдалылығында немесе зияндылығында болды. Сол кезден бастап, деді Маркс, ғылыми буржуазиялық саяси экономияның «өлер сағаты соғады».

Тұрпайы саяси экономия Смит пен Рикардоның іліміндегі баралының бәрін лақтырып тастап, ғылыми зерттеулер жүргізу орнына капиталистік құрылысты құн ілгері ойластырған ниетпен қорғады. Қанаушы таптардың мүддесін көздеген тұрпайы экономистер капиталистік шындықты өрескел бұрмалап көрсетті, оған тән қайшылықтарға соқпай өтті, оның адыр-бұдырларын тегістеп жіберуге тырысты. Олар капитализмді — дауылсыз, шайқалыссыз, қайдағы бір жайбаракат көріністей суреттеді. Мұндай боямалау капиталдың қанаушылық мәнін, буржуазияның пайдасының шын мәнісінде қайдан шығатынын еңбекшілер бұқарасынан жасыруға тиісті болды.

Қосымша құнның ғылыми теориясын тек, тарихтағы ең озат тап — пролетариаттың идеологі Маркс қана жасай алды. Ол қосымша құн туралы ілімді революциялық практикамен, пролетариаттың тап күресінің тәжірибесімен тығыз байланыстыра отырып, классикалық буржуазиялық саяси экономияның деректерін революциялық жолмен, сын көзімен тексеру негізінде жасады. Маркстің капитализмнің негізі экономикалық заңын — қосымша құн заңын — ашуы өндірістің капиталистік тәсілінің мәнін түсінуге жол көрсетті, социализмді утопиядан ғылымға айналдырды.

«Қосымша құн туралы ілім, — деп көрсетті В. И. Ленин, — Маркстың экономикалық теориясының ірге тасы» (Шығармалар, 19-том, қазақшасы, б-бет). Маркс капиталистік өндірістің мақсаты қосымша құнды өндіру немесе баю болып табылатынын көрсетті. Бұл мақсатқа жетудің құралы — капиталистердің жалдамалы еңбекті қанауы.

* * *

Қапиталдың тууының тарихи алғы шарты, оның басталу пункті — товар айналымы. XVI ғасырда дүниежүзілік рыноктың пайда болуымен бірге капиталдың тіршілік әрекетінің тарихы басталды. Капитал, ең алдымен ақша формасында жарыққа шығады. Ақша — товар айналымының соңғы нәтижесі және капиталдың пайда болуының алғашқы формасы.

Ақша иесі капиталист товарларды сатып алғанда, оларды қайтадан сату үшін сатып алады. Егер капиталист 100 килограмм мақтаны 100 долларға сатып алып, оны сол сомаға өткізсе, онда мұның капиталист үшін ешқандай мәні болмайтыны айқын. Капиталист ақшаны айналымға шығарғанда, тек оны айналымнан қайтадан біраз өсіріп шығарып алу ниетін көздейді. Капиталист алдың-ала шығарған ақша $D - T - D + d$ формуласы бойынша ерекше жол өтеді. Ақшаның бұл жолдағы өсімін (+d) немесе бастапқы жұмсалған құннан артығын Маркс — қосымша құн деп атайды.

Сонда қосымша құн қайдан шығады?


Айталық, товар сатушының товарларды олардың шын мәнісіндегі құнынан артыққа сата алатын қандай да болсын бір артықшылық қаблеті бар делік. Бірақ, егер ол бүгін товар сатушы болса, ертең товарды сатып алушы болады ғой. Сонда сатушы ретінде ұтса, ол сатып алушы ретінде сөзсіз ұтылады. Ал, белгілі бір пысықша қандай жағдайда болса да ұтады, — сатқанда да, сатып алғанда да ол өзінің серіктерін алдап соғады, — деп ұйғарайық. Бірақ, мұндай болғанда құн тек бір қалтадан екінші қалтаға ауысады. Ал, өндірілген құнның жалпы көлемі өзгермей қала береді. Сөйтіп, қосымша құнның айналымнан тууына мүмкіндік жоқ.

Қапиталдың жалпы формуласы — $D - T - D'$, ондағы $D' = D + d$, мұнда ішкі қайшылық бар: аз құн (D) сайып келгенде көп құнға ($D + d$) айыр-басталады. Маркс бұл қайшылық товар өндірісінің объективтік заңына — құн заңына — толық сәйкес шешілуге тиіс екенін көрсетті. Товар, деді Маркс, құны бойынша сатып алынады, құны бойынша сатылады, ал мұның нәтижесінде бастапқы жұмсалған құннан көп құн пайда болады. Демек, товарды сатып алу да ($D - T$), өткізу де ($T - D'$) құнның көбеюіне себеп бола алмайды. Сонда капиталист рынокта, өзінің құнын тұтыну процесінде арттыратын товар табуға тиісті болады. Ол мұны табады да. Бұл товар — жұмысшы күші.

Жұмысшы күші, деп үйретеді марксистік саяси экономия, — адамда болатын және ол өзі материалдық игіліктерді өндіргенде жұмсайтын денелік және рухани қаблеттердің жыйынтығы. Қоғамның қандай да болсын формасы тұсында жұмысшы күші — өндірістің қажетті элементі, бірақ ол тек капитализм тұсында товарға айналады.

Жұмысшы күшінің товарға айналуы үшін белгілі бір тарихи шарттар болуы керек: жұмысшы өз басы ерікті болуға, өзінің жұмысшы күшіне еркін билік етуге праволы болуға тиіс, оның өндіріс құрал-жабдықтары болмауға тиіс. Капитализм тұсында жұмысшылардың өз басы формальды ерікті. Бірақ, жұмысшылар капиталистің меншігі болмағанымен, олардың өндіріс құрал жабдықтары және өмір сүру жабдықтары жоқ, сондықтан, аштан өлмеуі үшін, олар капиталистке өздерінің товарын — жұмысшы күшін амалсыздан сатады.

Қандай да болсын товар сыяқты жұмысшы күшінің тұтыну құны және құны болады. Ерекше товар жұмысшы күшінің тұтыну құны — жұмыс-



шының капиталистке қосымша күн өндіріп бере алатындығында. Сондықтан капиталист жұмысшыны жалдағанда, бұл товардың — жұмысшы күшінің нақ осы бағалы қасиетін есте тұтады.

Жұмысшы күшінің құны немен белгіленеді?

Өзінің жұмысшы күшін сақтау үшін, оның иесі белгілі бір мөлшерде өмір сүру, тіршілік ету заттарын: тамақты, киімді, тұрғын үйді тұтынады, өзінің азды-көпті мәдени және әлеуметтік тілектерін қанағаттандыруды керек қылады. Жұмысшының өмір сүру керектерінің жалпы дәрежесі табиғат жағдайларына да, сол сыяқты жұмысшы тұратын елдің тарихи және мәдени даму дәрежесіне де байланысты. Бірақ, мұнымен де бітпейді. Капиталистер кәсіпорындарды ұлғайту үшін, сол сыяқты өндірістен шығарып тасталған қарт жұмысшылар орнына жана жұмысшыларды алу үшін жұмысшы күшінің жаңадан толықтырылып тұруын қамтамасыз етуді керек қылады. Сондықтан жұмысшының өзінің семьясын асырарлық жабдықтары да болуға тиіс. Жұмысшыны үйретуге жұмсалатын қаржы да жұмысшы күшінің құнына жататын элементтер санына қосылады.

Сонымен, жұмысшы күшінің құны жұмысшының өмір сүруіне керекті жабдықтардың құны, оны үйретуге жұмсалатын шығын және оның семьясының тіршілігіне керекті жабдықтардың құны бойынша белгілінеді.

Капиталист іске кіріскенде, ерекше товар — жұмысшы күшімен қатар өндірістің заттық элементтерін: еңбек құралдарын, шикізатты, материалдарды және басқаларын тауып алады. Жұмысшы күшінің иесі — жұмысшы — өндіріс құрал-жабдықтарының иесінен өзгеше — өзінің товарын — жұмысшы күшін тек белгілі бір мерзімге сатады. Егер жұмысшы өзінің товарын — жұмысшы күшін біржолата, түпкілікті сатса, онда ол өзін-өзі құлдыққа сатқан болар еді.

Қандай да болсын басқа товар сыяқты, жұмысшы күші рыноктан тыс тұтынылады. Жұмысшы күшінің тұтынылуы дегеніміз — нақ еңбектің өзі. Еңбек процесінің қарапайым элементтері: адамның мақсатқа лайықты қызметі, адамның әсерімен, еңбекпен жасалатын зат және еңбек еткенде адам қолданатын еңбек құралдары.

Капитализм тұсында еңбек процесінің сипаты — біріншіден, жұмысшы капиталистің бақылауымен жұмыс істейді. Ол өзінің кәсіпорнында шек қойылмаған билік иесі және заң шығарушы болып отырады. Ол жұмысшыдан толық бағынуды, өзінің еркін сөзсіз орындап отыруды талап етеді. Ол өндіріс құрал-жабдықтарының мақсатқа лайықты тұтынылуын, жұмысшының еңбек құралдарын күтіп ұстауын, шикізатты, материалдарды ысрап етпеуін, жұмысының бірде-бір минут уақытының босқа өтпеуін қадағалап отырады.

Екіншіден, капитализм тұсында еңбек процесінің тағы бір сипаты — еңбек өнімі, оны өндіруші — жұмысшының емес, капиталистің меншігі болып табылады. Товарлардың өндірілуіне және айналымына негізделген жеке меншік заңы ішкі шешілмейтін қайшылыққа, қарама-қарсылыққа, басқаның еңбегін капиталистік жолмен иемдену заңына айналады. Егер товарларды өндіру процесі еңбек процесі мен құнды өндіру процесінің бірлігі болатын болса, өндірістің капиталистік процесі еңбек процесі мен құнды көбейту процесінің бірлігі болып табылады.

Айталық, жіп иіру фабрикасында бір жұмысшы 6 сағат бойына 10 килограмм жіп иіреді. Егер жұмысшы күшінің бір күнгі құны 3 доллар, ал 10 килограмм жіпті өндіруге керекті өндіріс құрал-жабдықтарының құны 12 доллар болса, сонда алдын ала жұмсалған капитал 15 доллар болады. Жұмысшы күшінің бір күнгі құнын өтеу үшін жұмысшы 6 сағат еңбек етуге тиіс. Сонда жұмысшы 6 сағаттың ішінде өзінің эквивалентін — 3 долларды өтеп, тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын — 12 долларды жасалған товарға көшіреді. 10 килограмм жіптің құны 15 доллар болады. Бірақ бұл капиталистің алдынала жұмсаған сомасының нақ өзі ғана. Демек, ақша капиталға айналған жоқ, өйткені капитал де-

геніңіз — жалдамалы жұмысшыларды қанау жолымен қосымша құн ала келетін құн.

Капиталист тұтыну құнын өндіруді ғана емес, товар өндіруді, тұтыну құнының үстіне құн өндіруді, тек жай құн ғана емес, қосымша құн өндіруді көздейді. Капиталист жұмысшыға оның жұмысшы күшінің бір күндік құнын (3 доллар) төледі. Бірақ, еңбек процесінде жұмысшы күшінің құны және оның пайдаланылуы — әртүрлі нәрсе. «Сатылған майдың тұтыну құнының май сатушы сәудегерге тимейтіні сыяқты, — дейді Маркс, — жұмысшы күшінің тұтыну құны, еңбектің өзі де оны сатушыға тимейді» («Капитал», 1-том, 1952 ж., 200-бет).

Жұмысшы күшінің құнын өтеу үшін 6 сағат уақыт керек болады, ал капиталист жұмысшыға 12 сағат бойына жұмыс істетіреді. 12 сағаттың ішінде жұмысшы иірген жіпті екі есе көп — 10 килограмм емес, 20 килограмм жіп шығарады. Бұған сәйкес тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құны да артады — 12 доллардан 24 долларға жетеді. Жұмысшы күшін алатын болсақ, оның күндік құнын — 3 долларды капиталист төлеп қойды. Бірақ, жұмысшы 6 сағаттың ішінде 3 долларлық құн өндірсе, оның 12 сағат, ішінде өндірген құны 6 доллар болады. Капиталист иірген жіпті өндіруге алдынала 27 доллар (24 доллар — өндіріс құрал-жабдықтары + 3 доллар — жұмысшы күшінің құны) жұмсады. Ал, жұмысшы өндірген товарда 30 долларлық құн бар (24 — доллар өндіріс құрал-жабдықтары + 3 доллар — жұмысшы күшінің құны + 3 доллар — жұмысшының ақы төленбеген еңбегі).

Енді, Маркстің айтқанындай, капиталистің айласы іске асты. Капиталист товарды құны бойынша сатып алды, өндірілген товарды құны бойынша сатты, мұның нәтижесінде бастапқы жұмсалған құннан көп құн алды. Ақша $D - T - D'$ формуласы бойынша айналды. Алдынала жұмсалған құннан артығы қосымша құн болып табылады, капиталист жіпті нақ осының үшін иіртті.

Буржуазиялық саяси экономияның классиктері жұмысшы күші емес, еңбек сатылады деп есептеді. Сол себепті олар еңбек пен капитал арасындағы қатнасқа талдау жасағанда, бұған еңбек құны теориясын қолдана алмады. Батыстың социалист-утопистері классикалық буржуазиялық саяси экономияның қателерін тереңдетіп, капиталистердің пайдасы құн заңын бұзу нәтижесінде алынады, деген қортындыға келді.

Әдетте капиталист жұмысшы күшінің ақысын оның шын құны бойынша төлемейді. Жалақы жұмысшы күшінің құнынан барған сайын кеміп отырады. Солай бола тұрса да, Маркс тіпті капиталист жұмысшы күшінің ақысын оның шын құны бойынша толық төлегеннің өзінде, ол жұмысшы күшін тұтынудың нәтижесінде бастапқы жұмсалған құннан көп құн алмай тұрмайтынын көрсетті.

Жұмысшы күшінің тұтыну құны және өз құны туралы Маркстің ілімі қосымша құнның қайдан шығатынын ашуға да, оның мәнін ашуға да мүмкіндік береді. Қосымша құнның қайдан шығатыны туралы мәселенің шешімі — жұмысшы күші құнының жұмысшы жаңа өндірген құннан кем болатындығында.

Жұмысшының өз күшінің құнын өндіруге жұмсалған жұмыс уақытын Маркс — қажетті жұмыс уақыты, ал бұл уақыттың ішінде жұмсалған еңбекті — қажетті еңбек деп атайды. Жұмысшы қажетті жұмыс уақытынан тыс жұмыс істейтін уақытты Маркс — қосымша уақыт, ал бұл уақыттың ішінде жұмсалған еңбекті — қосымша еңбек деп атайды.

Жұмысшы күшінің ақысын ақшалай төлеу жұмыс күнінің қажетті және қосымша еңбекке бөлінуінің қандай да болсын іздерін бүркеп, жойып жібереді. Сөйтіп, бүкіл жұмыс уақытының ақысы төленген сыяқты көрінеді. Еңбек пен капитал арасындағы шын қатнасты жасыруға тырысатын буржуазиялық тұрпайы экономистердің барлық әдіс-айласы осы сыртқы көрініске негізделеді.

Демек, қосымша құн дегеніңіз — жалдамалы жұмысшының күшінің құнынан тыс сол жұмысшының еңбегімен өндірілетін және өндіріс құрал-жабдықтарының иесі — капиталист тегін иемденетін құн. Қосымша құнды өндіру және мүмкіндігінше көп өндіру — капиталистік өндірістің негізгі мақсаты. «Табиғаттың бос кеңістіктен қорқатыны сыяқты, капитал пайданың болмауынан немесе оның тым аз болуынан қорқады. Бірақ, жеткілікті пайда болып отырғаннан кейін, капитал батылдана түседі. 10 процент пайданы қамтамасыз етсеңіз, капитал өзін қандай түрде болса да қолдануға риза. 20 процент тұсында ол қыза түседі, 50 процент тұсында аласұрып, жүлқынуға әзір, 100 процент тұсында ол адамдық заңдардың бәрін аяқасты етеді, 300 процент тұсында оның, дарға асылу хаупіне қарамастан, тартынып қаларлық қылмысы болмайды» («Капитал», 1-том, 1952 ж., 764-бет).

Монополистік капитализм жағдайында қосымша құн заңы мейлінше көп, монополиялық бейпіл пайда формасында жарыққа шығады. Монополистік капитал ең көп пайданы өз елінің еңбекшілер бұқарасын қанау, күйзелту және қайыршыландыру, басқа елдердің, ең алдымен экономика жағынан артта қалған елдердің халықтарын тонау есебінен, жанталаса қарулану, соғыстар жүргізу және халық шаруашылығын милитарландыру есебінен алады.

Бұған америка корпорацияларының пайдасының өсуі айқын дәлел. Көріне азайтылып көрсетілген ресми мәліметтер бойынша америка монополияларының пайдасы 1938 жылғы 3,3 миллиард доллардан 1953 жылы 41,9 миллиард долларға жетті, яғни 13 есе көбейді. Францияда ең ірі компаниялардың пайдасы 1946 жылдан 1951 жылға дейін 6 есе өсті.

Қосымша құн туралы ілім Маркске капиталдың шын мәнін ашуға мүмкіндік берді. Маркс капиталдың өмір сүруі жалдамалы еңбекпен тығыз байланысты екенін көрсетті, өйткені капитал, жоғарыда айтылғанындай — жалдамалы жұмысшыларды қанау жолымен қосымша құн келтіретін құн.

Буржуазиялық экономистер капиталды — қайдағы бір мәңгілік, таптан тысқарғы, тарихтан тысқарғы категория деп көрсетуге тырысты. Олардың анықтамасы бойынша, капитал дегеніміз — жаңадан өндірудің құралы болатын жыйналған еңбек. Капиталға мұндай анықтама берудің айқын таптық сипаты бар және ол капиталистердің жұмысшыларды қанауын бүркемелеу мақсатын көздейді.

Марксизм капиталдың буржуазиялық ұғымы — ғылымға ешқандай қатысы жоқ жалған ұғым екенін әшкереледі. Мақта жіп иіретін машина, деді Маркс, — мақтаны иіретін машина ғана, онаң басқа ешнәрсе емес, машинаның тек өзі капитал емес. Егер бұл машина, капиталистің жеке меншігі ретінде, жалдамалы еңбекті қанаудың құралы болып қызмет етсе, ол енді жаңа қасиетке ие болады — капиталға айналады. Маркс капиталдың зат емес, заттық кебенекпен бүркелген, өндірістің белгілі бір қоғамдық қатынасы екенін көрсетті. Капитал — буржуазиялық қоғамның екі табының: өндіріс құрал-жабдықтарының иелері — капиталистердің және өндіріс құрал-жабдықтарына иелігі жоқ, сол себепті өздерінің бірден-бір товары — жұмысшы күшін амалсыздан сататын жұмысшылардың заттар арқылы көрінетін қарым-қатынасы.

Қосымша құн туралы Маркстің ілімі капиталдың құрылысын дұрыс түсінуге жол көрсетеді. Еңбек процесінің әртүрлі факторлары товарлар құнының жасалуына әртүрлі қатысады. Маркс капиталдың еңбек құралдары, шикізат және әртүрлі көмекші материалдар түріндегі бөлегі өндіріс процесінде өзінің құнының мөлшерін өзгертпей, тұрақты капитал — «С» болып қалатынын көрсетті. Ал, капиталдың жұмысшы күшіне айналған бөлегі өндіріс процесінде өзінің құнын өзгертеді. Жұмысшы күші өзінің құнын өтеп қана қоймай, оның үстіне қосымша құн өндіреді. Маркс капиталдың бұл бөлегін — өзгермелі капитал — «V» деп атайды.

Капиталдың тұрақты және өзгермелі капиталға бөлінуін алғаш рет Маркс анықтады. Өзгермелі капиталдың ерекше ролін көрсете келіп, Маркс өндірістің капиталистік тәсілінің қанаушылық мәнісін, қосымша құнның өндірілу процесінде капиталдың әртүрлі элементтерінің атқаратын ролін мейлінше айқын ашады.

Капиталистік кәсіпорында өндірілген товардың құны тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнынан (C), жұмысшы күшінің құнынан (V) және қосымша құннан (m) құралады. Товардың құнын $C+V+m$ формуласы бойынша көрсетуге болады; ондағы C бұрынғы құнды, ал $(V+m)$ жаңадан жасалған құнды көрсетеді. Жұмысшы белгілі бір уақыттың ішінде бұрынғы құнды (C) өндірілген товарға көшіріп, жаңа құн ($V+m$) жасайды.

Еңбек процесінің бұл екіжақты нәтижесі еңбектің өзінің екіжақтылық сипатынан туады. Жұмысшының еңбегі, нақтылы еңбек ретінде, тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын жасалған товарға көшіреді. Мұнымен бірге жұмысшының еңбегі, абстрактылы еңбек ретінде, жаңа құн жасайды.

Жұмысшы жаңа өндірген құн екі бөлектен: жұмысшы күші құнының эквивалентінен және өндіріс құрал-жабдықтарының иесі иемденетін қосымша құннан құралады. Өзгермелі капиталдың көбісі немесе капиталдың өсуінің пропорциясы қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасы бойынша $\left(\frac{m}{c}\right)$ көрсетіледі. Бұл қатынасты Маркс — қосымша құн нормасы (m') деп атайды.

Қосымша еңбектің қажетті еңбекке қатынасы қандай болса, қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасы да сондай $\frac{m}{c} = \frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{қажетті еңбек}}$. Пропорцияның бірінші бөлігі сыяқты, екінші бөлігі де сол бір қатынасты, тек әртүрлі формада көрсетеді.

Қосымша құн нормасы — жұмысшыны қанау дәрежесінің дәлме-дәл көрсеткіші. Мәселен, 1950 жылы АҚШ-та жұмысшыны қанау дәрежесі, Е. Варганың «Империализмнің экономикасының және саясатының негізгі мәселелері» деген кітабында келтірілген мәліметтер бойынша, 219 процент болды.

Капиталистер жұмысшыны қанау дәрежесін қандай әдістермен арттырады?

Жұмыс уақытының күндіз құнына ақы төлегеннен кейін капиталист жұмысшыға жұмыс күні бойына жұмыс істетуге право алдым деп есептейді. Буржуаның көзқарасынша, «уақыттың атомдары — пайданың элементтері». Тек қана неғұрлым көп қосымша құн алу мақсатын көздеген капиталист жұмыс күнін мейлінше ұзартуға тырысады. «Капитал дегеніміз, — деді Маркс, — қансорғыш сыяқты, жанды еңбекті сорғанда ғана тірілетін және жанды еңбекті неғұрлым көп жұтса, солғұрлым толығырақ өмір сүретін жансыз еңбек» («Капитал», I том, 1952 ж. 238-бет). Жұмысшы күші өз құнының эквивалентін өндіретін шектен асыра жұмыс күнін ұзарту жолымен өндірілетін қосымша құн — абсолюттік қосымша құн деп аталады.

Бірақ капиталистер жұмыс күнін шексіз ұзарта алмайды, өйткені оның өзінің дене қуатындық, сол сыяқты моральдық шегі бар. Дегенмен капиталистер көп пайда алуға шексіз ұмтыла беретіндіктен, капитал қосымша құнды көбейтудің басқа тәсілдері мен әдістерін табады. Егер жұмыс күнін ұзартуға мүмкіндік болмаса, капиталист жұмысшының өзінің жұмыс күшінің құнын өтейтін жұмыс уақытын, яғни қажетті жұмыс уақытын қысқартуға тырысады. Егер жұмысшы күшінің ақысы құны бойынша төленсе, оның құнын тек, жұмысшы күшіне керекті тіршілік заттарының құнын азайту нәтижесінде кемітуге болады. Капиталист бұған, өнімі жұмысшылардың өмір сүруінің жабдықтарына жұмсалатын өнер-

кәсіп салаларында неғұрлым жаңа техниканы қолдану жолымен жетеді. Бірақ, айталық, бір пар етіктің құны оны жасауға жұмсалған қоғамдық-қажетті жұмыс уақытының саны бойынша ғана емес, мұнымен бірге, етікті жасап шығаруға жұмсалатын былғарының, жіптің, шегенің, еңбек құралдарының құны бойынша белгіленеді. Сол сыяқты жұмысшы күшінің құны, жұмысшылардың өмір сүру жабдықтарын жасау үшін тұрақты капиталдың заттық элементтерін өзірлеп беретін өнеркәсіп салаларындағы еңбек өнімділігін арттыру нәтижесінде де кемітіледі.

Өмір сүру жабдықтарының құнын еңбек өнімділігін арттыру есебінен кеміту нәтижесінде жұмысшы күшінің құны кемиді, ал жұмысшы күшінің құны қажетті жұмыс уақытының азайтылуы есебінен кемиді. Егер 12 сағаттық жұмыс күні тұсында қажетті жұмыс уақыты 6 сағаттан 5 сағатқа түсіп кетсе, бұған сәйкес қосымша уақыт 6 сағаттан 7 сағатқа жетіп көбейеді, ал жұмысшыны қанау дәрежесі, демек, жұмыс уақытының ұзақтығы өзгермеген жағдайда 100 проценттен 140 процентке жетіп, артады:

$$\frac{\text{қосымша еңбек} - 7 \text{ сағат}}{\text{қажетті еңбек} - 5 \text{ сағат}} \cdot 100 = 140 \text{ процент.}$$

Еңбек өнімділігін арттыру жолымен қажетті жұмыс уақытын қысқарту нәтижесінде алынған қосымша құнды Маркс — относительдік қосымша құн деп атайды.

Капитализм тұсында өндіргіш күштерді дамыту жұмыс уақытының жұмысшы өзіне пайдаланатын бөлегін қысқартып, жұмыс уақытының екінші — жұмысшы капиталистке тегін жұмыс істейтін бөлегін ұзарту мақсатын көздейді. Капитализм тұсында еңбек өнімділігін арттырудың қозғаушы күші — қосымша құнды көп алуға ұмтылу. Капитализм жағдайында өндіргіш күштер стихиялық жолмен, капиталистер арасындағы бәсекелік қатты күрес негізінде дамытылады.

Товардың құны әрбір жұмысшының дербес уақыты бойынша емес, қоғамдық-қажетті жұмыс уақыты бойынша белгіленетіні мәлім. Егер капиталист жаңа, неғұрлым жетілген техниканы қолдану нәтижесінде өз товарының құнын кемітсе, өндірілген товарды рынокта неғұрлым жоғары қоғамдық құн бойынша өткізгенде ол дағдылы құннан тыс үстеме — артық қосымша құн алады.

Бірақ, артық қосымша құн әрбір жеке кәсіпорында уақытша орын алады. Өндірістің жаңа тәсілі жалпы тарағаннан кейін, өндірілетін товардың дербес құны мен қоғамдық құны арасындағы айырмашылық жойылады, демек, артық қосымша құнда жойылады. Мұның өзі капиталисті товарларды арзандатудың жаңа тәсілдерін іздеп табуға, өндіріс техникасын шұғыл жетілдіруге тағы да ұмтылдырады.

Артық қосымша құн туралы өзінің ілімінде Маркс капитализмнің өндіргіш күштерінің дамуындағы қайшылықтарды ашты. Бір жағынан, қосымша құн заңы техниканы дамытуға жардай туғызады, екінші жағынан, техниканы қолдануға бөгет жасайды. «Капитализмге жаңа техника өте көп пайда келтіріп тұрғанда ол жана техника жағында. Жаңа техника бұдан былай өте көп пайда бермейтін болғанда, капитализм жана техникаға қарсы болып, қол еңбегіне көшу жағында болады» (И. Сталин. «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», 42-бет).

Өндіргіш күштердің, ең алдымен машиналық техниканың өсуі капитализмге тән барлық қайшылықтарды шиеленістіріп тереңдетеді, ең алдымен еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтарды шиеленістіреді. Капиталист жұмысшыларды жай механизмге, машинаның шылауына айналдырады, шын мәнісінде, жұмысшының еңбегін оның мазмұнынан айырып, жұмысшыны сол машинаға айналдырады. Капиталистік фабрика жұмысшыларды қанауды ең арғы шегіне жеткізеді, олардың бүкіл өмірін адамды топастандырып, мүгедек ететін құлдық, еріксіз еңбекке айналдырады. Капитализм тұсында өндіргіш күштердің дамуы тек, қоғамның бас-

ты өндіргіш күші — жұмысшы табын сұмдық ысрап ету жолымен, жұмысшының денесін және қанын, мыйын және нервісін ысрап ету жолымен жүзеге асырылады.

Қанау — өндіріс құрал-жабдықтары иесінің басқаның еңбегінің нәтижелерін иемденуі — барлық антагонистік қоғамдық-экономикалық формацияларға тән нәрсе. Алайда, капитализм тұсындағыдай қанаудың негұрлым бұркемелі, мұнымен бірге негұрлым қатал және рақымсыз формалары қоғамдық құрылыстардың бірде-біреуінде болған емес. Маркс былай деп көрсетті: «Қосымша еңбекті сорып алып, жұмысшы күшін қанай отырып, капитал бұл жөнінде, өзінің мұндағы жігерлілігі, жалмауыздығы және нәтижелілігі жағынан тікелей еріксіз еңбекке негізделетін бұрынғы өндіріс системаларының бәрінен әлдеқайда асып түсті». («Капитал», 1 том, 1952 ж., 315-бет).

Жұмысшыларды қанаудың қаталдығы жағынан, жалдамалы құлдардың сөлі мен қанын сығып алудың негұрлым аюандық системаларын қолдану жағынан кәзір Американың монополистік капиталы бірінші орын алып отыр. «Форд» компаниясының заводтарында негұрлым қуатты және төзімді жұмысшылар каторгалық еңбекке 2 — 3 жылдан артық шыдай алмайды. Мұнда жұмысшы еңбегінің әрбір секундының әрбір бөлшегі ерекше автоматтар бойынша есепке алынып отырады. Американың көптеген фабрикалары мен заводтарында жұмысшы бір жолы қолдарымен де, аяқтарымен де жұмыс істейтін станоктер барған сайын кеңінен пайдаланылуда.

Қосымша құн заңы капиталистік қанаудың мәнісін ашады, капитализм шеңберінде жойылмайтын, барған сайын шиеленісе беретін, пролетариат пен буржуазия арасындағы таптық антагонизмге экономикалық негіз жасап береді. Қосымша құн заңы негізінде Маркс «капиталистік меншіктің өлім сағаты» сағатын кезеңінің тумай қалмайтынын ғылыми дәлелдеді.

Қосымша құн туралы Маркстің ілімінің революциялық маңызы жалдамалы құлдықты жақтаушыларды қатты ызаландырады. Осы күнгі монополистік капитализмнің адвокаттары: кәзіргі капитализм бейнебір «прогрестік», «демократиялық» капитализм деп дәлелдеу үшін тау-төбе қараз жазды. Американи экономисті Мейерс «Еңбек қатынастарының экономикасы» деген кітабында, мәселен, кәсіпорындардың иелері шын мәнісінде қоғамның қамқорлары», олар алатын «болмашы пайда» тек олардың өндірісті ұйымдастырудағы еңбегіне берілген сыйлық қана деп сендірмек болады. Немістің социал-империалисті Теймер «қосымша құн өндіру ісінде машинаның да үлесі бар екенін мойындауға болады» деп жазды.

Осы күнгі буржуазиялық экономистердің бұл байымдауларында ешқандай жаналық, ерекшелік жоқ. Мұның бәрі де — тозығы жеткен және Маркс көптен талқандаған Сәйдің, Бастианың және басқа тұрпайы экономистердің оңбағандық идеясымақтары.

Капитализмнің негізгі экономикалық заңы туралы марксистік ілім, капитализмнің барлық қайшылықтарын капитализмнің өз шеңберінде, оның негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті және жалдамалы еңбекті қанауды жоймайынша бітіруге болады дейтін жалған буржуазиялық және әртүрлі реформистік құрғақ қыялдарға қарсы күресте жұмысшы табын қаруландырып отырады. Маркс жұмысшы табы өзінің жағдайын тек капиталистік құрылысты революциялық жолмен құлату нәтижесінде ғана түбірінен жақсарту алатынын көрсетті. ССРО мен Халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыстың практикасы мұны дәлелдеп отыр. Бұл елдерде өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық менделелдеп отыр.

Қосымша құн заңы негізінде Маркс капитализмнің сөзсіз құрйытындығын көрсетті, капитализмнің көрін қазушы және коммунистік қоғамды орнатушы пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік-тарихи ролін дәлелдеді.

Заң ұғымы—материалистік диалектиканың аса маңызды категориясы

Ж. ТӨЛЕНОВ,

философиялық ғылымдарының кандидаты

Диалектикалық материализмнің негізгі категориялары қатарында заң ерекше маңызды орын алады.

Маркстік-лениндік философия: табиғат бір-бірінен бөлектенген және бір-біріне тәуелсіз заттардың қайдағы бір кездейсоқ жыйынтығы емес, ол өзара байланысты, біртұтас, онда қатаң заңдылық үстемдік жүргізеді деп үйретеді. Айналамыздағы дүниеде заттар мен құбылыстар өзара тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді және бірін-бірі тудырады. Табиғаттағы құбылыстардың тығыз байланыстылығы және өзара шарттастығы табиғаттың дамуының заңдылығы болып табылады.

Диалектикалық материализм заң деп — материалдық дүниедегі әртүрлі заттар мен құбылыстар арасындағы объективтік байланыстың көрінісін ұғынады. «Заң ұғымы, — деп жазады В. И. Ленин, — адамның дүниежүзілік процестің бірлігі мен байланысын, өзара тәуелділігі мен тұтастығын тануындағы сатылардың бірі» («Философиялық дәптерлер», 126-бет).

Дүниеде әрбір құбылыстың басқа құбылыстармен сан алуан байланысы, елеулі және елеусіз, қажетті және кездейсоқ, тұрақты және уақытша, қайталап отыратын және қайталамайтын байланысы болып отырады. Бұл байланыстардың жыйынтығынан заң, ең алдымен, елеулі байланыстарды, яғни, белгілі құбылыс үшін түбірлі, шешуші маңызы бар байланыстарды білдіреді. «Заң — универсумның қозғалысындағы елеулі көрініс» — деді В. И. Ленин (сонда, 127-бет). Заңның бұл белгісін көрсетудің принциптік маңызы бар, өйткені қандайда болсын құбылыстың мазмұнын белгілейтін елеулі байланыстардан тыс, елеусіз байланыстары да болады. Заң тек белгілі құбылыс үшін елеулі маңызы бар, ол құбылыстың тууына да, өмір сүруіне де мүмкіндік беретін байланыстарды ғана алады.

Мәселен, қоғамдық болмыстың қоғамдық сананы белгілеуші ролі туралы заң: қоғамның материалдық тұрмыс жағдайлары системасында қоғамдық дамуды белгілейтін басты күш — материалдық игіліктерді өндіру тәсілі болып табылатынына сүйенеді. Ал географиялық орта және халықтың жиілігі қоғамның дамуына кейде әсер ететін болса да, олардың елеулі маңызы жоқ.

Онан кейін, бұл заң құбылыстардағы қажетті байланыстарды, яғни тиісті жағдайлар болып отырғанда, міндетті түрде туатын байланыстарды білдіреді.

Заңның сипатты белгісі оған тән қажеттілік болып табылады. Егер тиісті жағдайлар болса, белгілі бір нәтижелер тумай қалмайды. Атмосфера қысымы тиісті мөлшерде болса, 0-ден 100° С-ға дейінгі температурада судың сұйық калпында болатыны мәлім. Бірақ судың температурасын 100° С-дан асырса, су сөзсіз буға, ал егер температураны 0-ден төмендетсе су мұзға айналады.

Заң құбылыстардағы елеулі және қажетті байланыстарды білдіретіндіктен, онда уақытша, өткініші сипаттар болмайды, керісінше, баянды,

неғұрлым тұрақты сипаттар болады. «Заң, — деп көрсетті В. И. Ленин, — құбылыстары орнықты (қалып қоятын) нәрсе... Заң — құбылыстардың тыныш бейнеленуі» (Сонда, 126-бет). Заң өткінші сипаты бар байланыстарға негізделе алмайды. Ол неғұрлым баянды, қайталап отыратын байланыстарды бейнелейді.

Менделеев элементтердің дәуірлік заңын едәуір дәрежеде элементтердің химиялық және физикалық қасиеттерінің әртүрлі дәуірлерде қайталап отыратындығына назар аударуы арқасында ашты. Химиялық элементтерді олардың атомдық салмақтарының өрлеп өсуі тәртібімен орналастырып, Менделеев бұл элементтердің қасиеттері олардың атомдық салмақтарына байланысты екенін және бұл қасиеттері элементтердің белгілі мөлшері арқылы белгілі бір дәрежеде қайталап отыратынын анықтады.

Заңның қайталауы табиғатта да, сол сыяқты қоғамда да болады. Буржуазиялық социологтар қоғамдық тұрмыста ешқандай қайталау жоқ деп дәлелдеуге тырысады. Бұған мысал ретінде олар тарихи оқиғалар бір ғана рет болады, онан әрі қайталамайды деп көрсетеді. Ал тарихи оқиғалар қайталамайтын болса, онда адамзаттың тарихы саласында заңдарды белгілеу мүмкін емес дейді. Алайда буржуазиялық идеологтардың бұл байымдаулары шындыққа мүлдем үйлеспейді. Әрине, бірінші империалистік соғыс сыяқты тарихи оқиғалар өздерінің барлық егжей-тегжейлі жақтарымен қоса, дүниежүзілік тарихтың онан әрі дамуының барысында еш уақытта қайталамайды. Бірақ жалпы алғанда, империалистік соғыстар капитализм тұсында, әсіресе оның жоғарғы сатысы — империализм жағдайында қайталап отырады. Капитализм тұсындағы соғыстар — болмай тұрмайтын, заңды құбылыс. Мұнан қайталау табиғатта да, қоғамда да бірдей болып отырады деген қортынды туады.

Ақыр-аяғында, заң құбылыстардағы жалпы байланыстарды, яғни құбылыстардың бәріне немесе белгілі топтарына тән байланыстарды білдіреді. Ф. Энгельс бұл жайында былай деп көрсетті: «Хлор мен сутегі, температура мен қысымның белгілі бір жағдайларында сәуленің әсерімен хлорлы-сутекті газға бірігіп, қопарылыс жасайтынын біз білеміз; ал біз мұны білгеннен кейін, жоғарыда көрсетілген жағдайлар бар жерлердің бәрінде және әрдайым осылай болып отыратынын да білеміз, бұл бір рет қана бола ма немесе миллиондаған рет және қаншама аспан әлемі денелерінде болып отырады, — бұл жағының мүлде маңызы жоқ. Табиғаттағы жалпылық форма — заң» («Табиғат диалектикасы», 1954 ж., 186-бет).

Сонымен, заң материалдық дүниедегі құбылыстардың барлық байланыстарын емес, тек құбылыстардағы елеулі, қажетті, баянды және жалпы байланыстарды көрсетеді. Мұның арқасында заң, тиісті жағдайлар болып отырғанда, құбылыстардың белгілі бір бағытпен ілгерілеп дамуын белгілейді.

Заң және заңдылық ұғымдарының арасалмағы, айырмашылығы қандай? Заң мен заңдылық — туыстас, біртекті ұғымдар. Бірақ мұнан бұл екі ұғымның мәні бір, олар көлемі жағынан бірдей деген мағына тумайды. Солай бола тұрса да, біздің философиялық әдебиетімізде көп уақытта бұл екі ұғымның мәні бір деп танылып келді, ал біздің пікірімізше олай деу мүлде қате. Заңдылық — неғұрлым кең ұғым. Заң — жалпы заңдылықтың жеке көрінісі. Жекенің жалпыға, бөлшектің тұтасқа қандай қатысы болса, заңның да заңдылыққа сондай қатысы бар. Заңдылық ұғымы — материалдық дүние заңдарының бейнесі. «...Себептілік, қажеттілік, заңдылық идеясы, және т. б. — деп жазды В. И. Ленин, — табиғат заңдарының адам ойындағы бейнесі...» (Шығармалар, 14-том, 4-бет).

Заң — объективтік процестердің бейнесі. Сондықтан табиғат заңдарын және қоғамдық өмірдің даму заңдарын айырғанда, заңның қандай объективтік процестерді бейнелейтіндігіне қарай айыру қажет.

Жалпы, жалпылау және жеке (ерекше) заңдарды олардың әрекет аумағына қарай айыру қажет. Мысалы, энергияның сақталу және өзгеру заңы, кейбір механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық заңдар және жалпылық маңызы бар қоғамдық өмірдің даму заңдары жалпы заңдарға жатады. Мәселен, физика мен химияда Менделеевтің элементтердің дәуірлік заңы, биологияда табиғи іріктеу заңы және басқалары осы заңдардың санына қосылады. Қоғамдық өмірде, мәселен, қоғамдық болмыстың қоғамдық сананы, базистің қондырманы белгілеуші ролі туралы заңдар, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестігі заңы және т. б. жалпы заңдарға жатады. Бұл заңдар қоғамдық-экономикалық формациялардың бәрінде де күшінде болады.

Бұл заңдардан, кейбір құбылыстар тобында ғана күшінде болатын жалпылау заңдарды айыру қажет. Мұндай заңдарға, мәселен құн заңы жатады. Бұл заң құлиеленушілік және феодалдық құрылыс тұсында күшінде болды, капитализм тұсында және белгілі шек қойылған көлемде социализм тұсында күшінде болып отыр, бірақ ол алғашқы қауымдық құрылыста күшінде болған жоқ және коммунизм тұсында күшінде болмайды, өйткені бұл формациялардың жағдайында, бұл заң сүйене аларлықтай товар айналымы жоқ. Тап күресінің заңы туралы да осыны айтуға болады. Бұл заң құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік құрылыс тұсында және ерекше формада социализм тұсында күшінде болып отырады, бірақ ол алғашқы-қауымдық құрылыста күшінде болған жоқ, өйткені онда антагонистік таптар болмады, бұл заң коммунистік қоғамға көшкеннен кейін күшінен айрылады, өйткені коммунизм тұсында қоғамның таптарға бөлінуі болмайды және таптық айырмашылықтар біржолата жойылады. Сонымен бұл заңдардың күші тиісті жағдайларға байланысты болады.

Жалпы және жалпылау заңдардан өзгеше дербес заңдар құбылыстардың белгілі бір тобына таралады. Бұған жататын заңдар, мәселен, физикада сәуленің, жылылықтың, электрдің таралу заңдары және басқалары. Қоғамдық өмірде жеке (ерекше) заңдарға жеке қоғамдық-экономикалық формациялардың заңдары жатады.

Табиғи заңдар және қоғамдық даму заңдары өзара тығыз байланысты. Оларды бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Бірақ оларды бірдей, ұқсас деп тануға да болмайды, өйткені материяның қозғалысының әрбір формасында жалпы ортақ белгілерден тыс, өзіне тән ерекшелік белгілері де болады.

Мысалы, қоғамдық даму заңдары табиғаттың заңдарынан түбірінен өзгеше. Табиғат заңдарын қоғамдық даму заңдарымен бірдей деп тану олардың арасындағы сапалық шекті жоюға, теріс, идеалистік қортындылар шығаруға бастайды.

Буржуазиялық социологтар қоғамдық дамудың құбылыстарын табиғаттың заңдары бойынша түсіндіруге тырысады. Мәселен, социал-дарвинистер адамзаттың тарихы табиғатта байқалатын өмір сүру күресіне негізделді-мыс деп дәлелдемек болады. Бұл күрестің барысында неғұрлым күштілер және өмірге бейімделгендер жеңіп өмір сүреді дейді. Бұлай деу дұрыс емес. Биологиялық заңдарды қоғамға қолдану әрекетінің дәлелсіздігін, Энгельстің айтқанындай, мынаның өзі айқын көрсетеді: «Жануарлар мықтағанда қоректік зат жыйнауға дейін жетеді, ал адам оларды өндіреді; ол табиғат өздігінен, адамсыз өндіре алмайтын тіршілік құрал-жабдықтарын (сөздің аса кең мағынасында) шығарады. Мұның өзі жануарлар қоғамдарының тіршілік заңдарын тиісті ескертулерсіз адамзат қоғамына қолдануға мүмкіндік қалдырмайды» («Табиғат диалектикасы», 1954 ж., 249-бет).

Қоғам заңдарының табиғат заңдарынан сапалық айырмашылықтары бар. Табиғатта мылқау, санасыз күштер қыймыл жасайды. Табиғаттың

жалпы заңдары бұл күштердің өзара байланысында көрініп отырады. Мұнда саналы, алға қойған мақсат жоқ: сыртқы жақта көрінетін, толып жатқан, кездейсоқ тәріздес құбылыстарда да, бұл кездейсоқтықтардың ішінде заңдылықтың бар екенін дәлелдейтін түпкілікті нәтижелерінде де мұндай мақсат жоқ. Ал, мұның керісінше, қоғамда саналы, не істесе де ойлап істейтін немесе құштарлықтың әсерінен өзінің алдына белгілі бір мақсаттарды қоятын адамдар әрекет жасайды. Мұнда саналы ниетсіз, белгілі мақсатқа ұмтылған тілексіз ешнәрсе істелмейді. Тарихтың заңдары адамдардың әрекеті арқылы көрініп отырады.

Мұнан әрі, табиғаттың заңдары тарихтың заңдарымен салыстырғанда неғұрлым ұзақ өмірлі, оның ішінде көп заңдардың қыймыл жасау күші миллиондаған, миллиардтаған жылдарға созылады, ал табиғаттың неғұрлым жалпы заңдары мәңгі өмір сүреді. Ал адамзат қоғамы заңдарының көпшілігі тек белгілі бір тарихи дәуір бойына күшінде болады, онан кейін жаңа заңдарға орын береді. Бірақ олар жаңа заңдарға орын бергенде, адамдардың оларды жоюы себепті емес, бұл ескі заңдардың әрекет жасауына негіз болатын жағдайлардың өзгеруі себепті береді. Мәселен, өндірістегі бәсеке мен анархия заңы, мейлінше көп пайда алу заңы және Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін экономикалық жағдайлардың өзгеруі себепті біздің елімізде күшінен айрылып, тұғырынан тайған басқа заңдар міне осындай заңдар.

Ақырында, табиғатқа жататын заңдар азды-көпті оңай, біркелкі ашылып қолданылатын болса, қоғамдық өмірде, антагонистік таптар өмір сүріп отырған жағдайда жаңа заңдар таптардың қатты күресімен ашылып қолданылады; мұндайда жаңа заңдарды қоғамның мүдделеріне пайдаланудың туын әрдайым және барлық жерде алдыңғы қатарлы тап көтеріп шығады. Мәселен, қоғамның өндіргіш күштерінің дамуына бөгет жасайтын кедергіге айналған ескі өндірістік қатнастарды жойылуға ұшырататын өндірістік қатнастардың өндіргіш күштердің сипатына міндетті сәйкестігі заңы, сол ескі өндірістік қатнастардың иесі болып отырған, күні озған таптардың мүдделеріне өте қатты зардабын тигізеді. Сондықтан күні озып бара жатқан таптар, ол заңның әрекеті қоғамның мүдделеріне үйлесе тұрса да, бұл заңның өзіне жол ашуына барлық шаралармен бөгет жасауға тырысады. Мұның керісінше, өздерінің мүдделері қоғамның басым көпшілігінің мүдделерімен бірігетін алдыңғы қатарлы таптар сол заңның талаптарынан туатын өзгерістердің өндірістік қатнастарда неғұрлым тез жүзеге асырылуына көмектесуге тырысады.

Кейде мынадай сұрау қойылады: заңдар белгілі бір жағдайлар негізінде әрекет жасайтын, ал адамзат қоғамындағы әртүрлі жағдайларды адамдардың өздерінің қызметі өзгертетін болғандықтан, мұның нәтижесінде қоғамдық заңдарды да адамдардың жасауына, өзгертуіне немесе жоюына болмай ма? Ақыр аяғында, мұнан: табиғат заңдарынан өзгеше қоғамның заңдары объективтік заңдар болып табылмайды деген қортынды тумай ма? Бұл сұрауға мұндай қортынды тумайды деп жауап беру қажет.

Табиғат заңдары сыяқты, қоғамның заңдары да оның барлық кезеңдерінде объективтік заңдар, өйткені қоғамдық жағдайларды адамдар өздерінің еркі және қалауы бойынша жасай алмайды, өзгерте алмайды. Мұнда олар өздерінің еркіне тәуелсіз өмір сүретін жағдайларды амалсыздан негізге алуға тиісті болады.

Заң—адамдардың еркінен және санасынан тыс болып жататын процестердің бейнесі. Сондықтан қандайда болсын заңның объективтік сипаты бар. Адамдар бұл заңдарды аша алады, тани алады, өздерінің әрекеттерінде есепке ала отырып, қоғамның мүдделеріне пайдалана алады, бірақ олар бұл заңдарды өзгерте алмайды немесе жоя алмайды. Әсіресе адамдар жаңа заңдарды шығара алмайды. Заңдардың объективтік сипатын тану — материалистік диалектиканың негізгі қағидасы.

Буржуазиялық философтар диалектикалық материализмнің бұл қарғидасына мейлінше қарсы шығады. Олар заңның объективтік мазмұны жоқ, ол адамның ақыл-ойы қызметінен туады деп дәлелдеуге тырысады. Мәселен, Кант объективтік дүниеде заңдылықтың ешқандай қажеттілігі жоқ, заң, қажеттілік — тек адамның ақыл-ойына тән категория деп есептеді, Махистер де осындай көзқараста болды. Мах ашықтан-ашық: «логикалық қажеттіліктен басқа, ешқандай қажеттілік, мәселен, физикалық қажеттілік жоқ» деп көрсетті. Заңдардың объективтік сипаты жоқ деу — осы күнгі буржуазиялық философияның да ерекшелік белгісі.

Бұған қарама-қарсы диалектикалық материализм табиғат заңдарының да, қоғамның заңдарының да объективтік сипатын мейлінше атап көрсетеді.

Заңдардың объективтік сипатын тану, дүниені өзгертуші адамдардың белсенді, саналы қызметін тіпті де жоққа шығармайды, тіпті де фатализмге әкеп соқтырмайды. Адамдар табиғат пен қоғам заңдарын аша алады, оларды тани алады және өз мүдделеріне пайдалана алады. Кейбір апатты заңдардың қыймылының бағытын өзгертіп, олардың әрекет аумағын тежеуге, өздеріне жол ашушы басқа заңдарға өріс беруге болады. Диалектикалық материализмге қарсы шығушылар көп уақытта, заңдардың объективтік сипатын тану адамдардың саналы, өзгеріс жасаушы қызметін, олардың табиғат және қоғам тұрмысына араласуын жоққа шығарады-мыс дегенді айтады. Олар: екінші бірін — не адамдардың саналы қызметін бейнебір жоққа шығаратын заңдардың объективтік сипатын тануды, немесе табиғат және қоғам дүниесінде адамның саналы қызметін алға қояды логиканың өзі талап етеді, ал бұл соңғысын алғанда объективтік заңдардың өмір сүруіне орын қалмайды деп есептейді.

Тарихтың барысы бұл софистиканы түгелінен бекерге шығарады. Адамдардың заң алдында дәрменсіз емес екені дәлелденген. Қайта, табиғат пен қоғамның заңдарын тани отырып, адамдар олардың қыймылының аумағын кеңейте немесе тарылта алады, бұл заңдарды меңгеріп, өздерінің мақсаттарының қызметіне қоса алады.

Көп мысалдардың бірін келтірейік. Ерте заманда адамдардың үйлерін ағызып, егістерін шайып кететін үлкен өзендердің тасқыны, су басу — бой бермейтін, үлкен бүліншілік жасайтын, адамдар қарсы тұра алмайтын апат деп есептелді. Алайда заман өте келе, адамзаттың білімі молайып, адамдар бөгеттер, су электр станцияларын салуды үйренгеннен кейін, бұрын соқыр күш деп есептелген бұл апаттардан қоғамды сақтап қалуға мүмкіндік туды. Ол түгіл, адамдар табиғаттың апатты күштерін ауыздықтап, оларды пайдалануды, судың күшін қоғамның қызметіне қосуды, оны егінді суару, электр қуатын алу қажетіне қолдануды үйренді.

Халықтық Қытайдың кәзіргі шындық өмірі ұлы өзендердің апатты күшін ауыздықтаудың айқын көрінісі болып отыр. Мәселен, Хуанхэ өзені ғасырлар бойына «Қытайдың қасіреті» деп аталып келді. Өзінің суымен бірге мыңдаған тонна құнарлы тосап әкелетін, бірақ құбылмалы Хуанхэ әлсіз ирригациялық құрылыстарды үнемі қыйратып, өзінің бейпіл тасқынымен жолында кездескеннің бәрін жайпайтын немесе жүздеген километр бірбеткей бұрылып, егін даласын қуаңшылыққа, адамдарды аштыққа ұшырататын. Жуықтағы өткен уақыттың өзінде қытай шаруасы қорқынышты, апатты табиғат күші алдында мүлде дәрменсіз болатын. Қытайдың халықтық үкіметі бұқараны Хуанхэ өзенін бағындыруға аттандырды. Орасан зор су-техникалық құрылыстар салынуда. Хуанхэ, Сицзян сыяқты өзендер ауыздықталып, адамның игілігіне пайдаланылуда. Совет мамандарының көмегімен Қытайдың жұмысшылары мен шаруалары табиғаттың қуатты күштеріне билігін жүргізе бастады.

Екінші бір мысал. Организмдердің тұқым қуалау және өзгергіштік қасиеттері туралы мәселелер биологияда ұзақ уақыт бойына түсініксіз болып келді. Мұның қортындысында кейбір буржуазиялық биологтар: тұ-

қым қуалаудың сипатын білуге, тануға болмайды, сондықтан адамдар бұл салаға араласа алмайды деген қортындыға келді. Бірақ И. В. Мичурин және оның шәкірттері толып жатқан тәжірибелер бойынша, тұқым қуалаудың сырын ашып, организмдердің тұқым қуалау қасиеттерінің өзгеруін және дамуын саналылықпен басқарып бағыттауға болатынын практикада дәлелдеді. Өсімдік организмдерінің даму жағдайларын зерттеу негізінде И. В. Мичурин жеміс-жидек өсімдіктердің 300-ден астам сортын шығарды. Бұл ісімен ол тұқым қуалау — организмнің және ол өсетін ортаның тарихи қалыптасқан бірлігінің нақтылы белгісі екенін дәлелдеді. Организмнің даму жағдайларын өзгерте келе оның тұқым қуалау негізінің дамуын саналылықпен басқаруға болады. Ал адам тұқым қуалауды өзінің тілегенінше басқара алатын болса, мұның өзі оның тұқым қуалау заңдарын танып, бұл заңдарды өзінің қызметіне қосқандығын көрсетеді.

Қоғамдық тұрмыс саласынан да мысал келтіруге болады. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін еліміздің алдына ескі, капиталистік өндірістік қатнастарды жойып, оның орнына жаңа, социалистік өндірістік қатнастар орнату міндеті толығынан қойылды. Бұл міндетті тек қоғамның экономикалық дамуының заңдарын меңгергенде ғана орындауға болатын еді. Сондықтан Совет өкіметі шаруашылықтың социалистік формаларын, өндірістің социалистік тәсілін орнатқанда, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестігі заңына сүйенгені тіпті де тегін емес. Бұл заңды білмейінше, оны меңгермейінше Совет өкіметі, И. В. Сталиннің көрсеткеніндей, бұл міндетті орындай алмаған болар еді.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестігі заңына сүйене отырып, Совет өкіметі помещиктер мен капиталистердің өндіріс құрал-жабдықтарын тартып алып, оларды қоғамдық меншікке айналдырды, қанаушылық системаны жойып, шаруашылықтың социалистік формаларын жасады. Коммунистік партияның елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру программасының ойдағыдай жүзеге асырылуы арқасында ССРО-да шаруашылықтың социалистік системасы біржолата жеңді. Өндірістің социалистік тәсілі өндірістің толық үстем тәсіліне айналды. Біздің Отанымыз нешеме ғасырлық мешеулікті біржолата жойып, қуатты индустриалы-колхозды державаға айналды. Адамзаттың тарихында алғаш рет өндіргіш күштер өздерінің жан-жақты өркендеуіне кең өріс алды.

Сонымен, буржуазиялық социологтардың, адамдар заңдар алдында дәрменсіз, олар бұл заңдарды біле алмайды және өздерінің мүдделеріне пайдалана алмайды деген байымдауының ешқандай негізі жоқ. В. И. Ленин «сыртқы дүниенің заңдары... адамның мақсатқа лайықты қызметінің негіздері» екенін көрсетті. («Философиялық дәптерлер», 1947 ж., 161-бет).

Заңдар қоғамдық-экономикалық формациялардың бәрінде де белгілі бір дәрежеде қоғамның мүдделеріне пайдаланылады. Мәселен, Франциядағы буржуазиялық революция дәуірінде буржуазия өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестігі туралы белгілі заңды феодализмге қарсы пайдаланды, феодалдық өндірістік қатнастарды жойып, жаңа, буржуазиялық өндірістік қатнастарды орнатты, бұл қатнастарды феодалдық құрылыстың қойнауында өскен өндіргіш күштердің сипатына сәйкестірді. Алайда социализмге дейінгі қоғамдық-экономикалық формациялардың бәрінде экономикалық заңдарды пайдаланудың тежеулі сипаты болды. Мұның себебі—антогонистік құрылыс жағдайында қоғамның экономикалық негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болады. Жеке меншіктің үстемдігі шаруашылықты жоспармен дамытуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан қоғам тұтасынан алғанда стихиялық күштердің билігінде қала береді.

Мұның керісінше, социалистік қоғам жағдайында қоғамдық даму күнілгері ойластырып жасалған жоспар бойынша жүзеге асырылады. Мұнда адамдар өздерінің тарихын өздері саналылықпен жасайды. Мұның себебі — онда социалистік құрылыстың негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болады. Қоғамдық меншіктің үстемдігі халық шаруашылығының барлық салаларын жоспарлы, пропорциялы жолмен дамытуды керек қылады. Сондықтан социализм тұсында заңдарды пайдаланудың мейлінше кең сипаты бар. Бізде заңдардың бүкіл қоғам мүдделері үшін пайдаланылатындығы, ал бұл істің инициаторы және басшысы дүние жүзіндегі ең озат марксизм-ленинизм теориясымен қаруланған Совет Одағының Коммунистік партиясы болып отырғандығы социализмнің аса маңызды ерекшелігі болып табылады.

Табиғат пен қоғам заңдарының сипатын дұрыс ұғынудың, зор теориялық маңызынан тыс, орасан зор практикалық маңызы бар. Мұның өзі партиямызға болып жатқан оқиғалардың мәні мен маңысын мезгілінде ашып, әртүрлі қоғамдық күштердің өзара байланыстылығын және өзара шарттастығын анықтауға, олардың даму беталысын белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан Коммунистік партия өз программасының құрылысында да, өзінің практикалық қызметінде де әрдайым материалдық дүниенің заңдарын, ең алдымен қоғамның экономикалық дамуының заңдарын, өндіріс заңдарын негізге алып отырады. Бұл заңдарды білу оған тарихи дамудың барысында алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға, халқымызды коммунистік қоғам орнату жолында саналылықпен және сеніммен алға бастауға мүмкіндік береді.

Партия тұрмысы

Саяси және ғылыми білімдерді насихаттаудың сапасы арттырылсын

М. ЕФРЕМКИН,

Алматы облыстық партия комитетінің секретары

Совет халқының коммунизмге қарай алға басуы — ұлы тарихи процесс. Бұл процестің барысында орасан зор материалдық қазыналар жасалып, Совет елі экономикасының мықтап өркендеуімен бірге, еңбекшілердің рухани, мәдени мүдделері де мейлінше байып, өсіп отырады. Ғылыми және техникалық білімдерді үнемі насихаттап, еңбектің озат тәсілдерін кеңінен таратып отырмайынша, советтік қоғамның экономика және техника саласында жан-жақты өркендеп алға басуы мүмкін емес.

Сол сияқты, коммунизмге қарай алға басу бізге дұшпан буржуазиялық идеологияның көріністеріне, капитализмнің адам санасындағы, қалдықтарына қарсы үздіксіз күресте жүзеге асырылатынын да естен шығармау керек. Адамдарды еңбекке коммунистік көзқарас, жаңа моральдық ережелер рухында тәрбиелеу — белсенді процесс, мұны өз бетімен жіберуге болмайды.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам зор роль атқарып келеді. Бұл қоғам интеллигенцияның қалың топтарын, білімнің әртүрлі саласындағы мамандарды, ғылым және мәдениет қайраткерлерін біріктіріп отырады. Мұның өзі ауызекі және баспасөз бетінде саяси және ғылыми білімдерді кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Алматы облысында Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдері құрылды. Бұл бөлімдердің қатарында 500-ден астам мүше, оның ішінде партия және совет қызметкерлері, инженерлер, техниктер, педагогтер, дәрігерлер, агрономдар, зоотехниктер бар. Қоғамның лекциялық жұмыста мол тәжірибе алған мүшелерінің саны төрт жүзден асады.

Лекциялар ұйымдастыру — Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдері жұмысының негізгі формасы. Алматы облысында оқылған лекциялардың саны жылдан жылға өсуде. 1953 жылы 2 013 лекция оқылса, 1954 жылы 2 876 лекция оқылды. Мұнымен бірге ауылшаруашылық және ғылыми-атеистік тақырыптардағы лекциялардың саны көбейді.

Қоғамның кейбір бөлімдері халық арасында лекциялық насихатты жүргізуде бірсыпыра табыстарға жетті. Партия ұйымдары бұл маңызды іске тиісінше көңіл бөлген жерлерде лекциялық насихат жақсы нәтиже беріп отыр. Қоғамның Еңбекші қазақ ауданындағы бөлімінің жұмысы жақсы жолға қойылған. Мұнда лекциялық насихатқа мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар қатыстырылады. Жақсы лекцияларды халық ынтамен тыңдайды. Мәселен, агроном Саломахин жолдас быйылғы жылдың алғашқы үш ай ішінде колхоздарда ауылшаруашылық тақырыптарында 10 лекция оқыды. Түрген орта мектебінің директоры Сергеев жолдас 8 лекция оқыды.

Аудандық партия ұйымының лекциялық насихатқа қамқорлық жасауы Қоғамның аудандық бөлімі жұмысының табысты болуына зор көмек көрсетті. Еңбекші қазақ аудандық партия комитетінің секретары Малкеев жолдас Қоғамның бөліміне басшылық етіп, өзі де жиі-жиі лекция оқып тұрады. Быйыл ол ауданның ауыл-селолары мен қысқы жайылым участоктерінде 10 лекция оқыды. Қоғамның бөлімінің жұмысына аудандық партия комитетінің басқа қызметкерлері де қатысып отырады.

Қоғамның Қаскелең және Нарынқол аудандарындағы бөлімдері де өздерінің жұмысын тәуір атқарып отырады. Қаскелең ауданында Қоғамның бөліміне селекция станциясының қызметкерлері зор көмек көрсетеді. Мұның арқасында бұл ауданда ауылшаруашылық білімдерінің насихаты ойдағыдай жүргізілуде.

Ғылыми білімдерді насихаттауға шын берілген адамдарды сөз қылғанда, бізде саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның жұмысына белсене қатысып жүрген жолдастарға кейде теріс көзқарас болатынын көрсетпеске болмайды. Оларды кейде қосымша табыс табудың соңына түскен адамдар деп таныды, олардың лекциялық жұмысын екінші, тіпті үшінші дәрежедегі, маңызы кем іс деп есептейді. Мұның өзі — өте қате және зиянды көзқарас. Партия және қоғам ұйымдары коммунистердің, партияда жоқ жолдастардың Қоғам жұмысына қатысуын — маңызды партиялық және қоғамдық тапсырмаларды орындау деп тануға тиіс екенін партияның Орталық Комитеті талай рет атап көрсетті. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның әрбір мүшесі, егер ол өзінің міндетін адал атқарып отыратын болса, өзінің лекцияларымен партияға еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Алматы облысында, Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдерінде өздерінің лекциялық жұмысымен еңбекшілер арасында зор беделге ие болған адамдар аз емес. Бұлардың ішінде Алтухов, Молодцов, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Есенжолов және Удольская, Портной, Потапова жолдастарды және басқаларын атап көрсетуге болады.

Алайда, лекциялық насихатты жүргізуде бірсыпра табыстардың болуына қарамастан, саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның Алматы облыстық және аудандық бөлімдерінің жұмыс дәрежесі, жалпы алғанда, мәдени құрылыстың және еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің өскелең міндеттеріне сай келмейді.

Қоғамның бөлімдерінің жұмысындағы басты кемшілік — лекциялық насихаттың халықтың өскен саяси және мәдени тілектерінен едәуір артта қалып отырғандығы. Көп лекциялар идеялық және ғылыми төмен дәрежеде оқылады, олардың мазмұны коммунистік құрылыстың практикасымен, жеке аудандардың, кәсіпорындардың, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың ерекшеліктерімен тығыз байланысты емес. Мәселен, партия, совет қызметкерлері, шаруашылық басшылары өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт экономикасының мәселелерін үйренуге аса құштар. Амал не, Қоғамның бөлімдері олардың бұл тілегін қанағаттандыра алмайды.

Соңғы кезде кейбір экономист сымактар ауыр өнеркәсіпті өркендету қарқыны туралы мәселеде теріс көзқарасты таратып, социалистік құрылыстың пәлендей кезеңінде ауыр индустрияны өркендету бірінші кезектегі міндет болудан қалады деп дәлелдеуге тырысты. Лекцияларда ауыр индустрияның халық шаруашылығын өркендетудегі жетекшілік ролі, жаңа машиналар мен механизмдер жасаудың маңызы атап көрсетілмей келді. Партия мұндай көзқарастардың жалған ғылмилігін және саяси зияндылығын батыл әшкереледі. Бұған байланысты экономикалық теория бойынша лекциялар оқудың ерекше зор маңызы болып отыр. Алайда, облыста мұндай лекциялар өте аз оқылады. Сол сыяқты нақтылы экономика бойынша және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесі туралы лекциялардың санын көбейту керек.

Коммунистік партия кәзіргі уақытта ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру шараларын жүзеге асыруда «Партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған міндеттерді, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас, өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінде, — қарарда белгіленгеніндей 6 жылда емес, қайта 3 — 4 жылда орындауға болады деп ойлауға толық дәлел бар».

Мұның үшін социалистік ауыл шаруашылығының барлық резервтерін пайдалану керек екені айқын. Село еңбекшілерін партия алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдыру ісінде саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның жұмысы зор роль атқаруға тиіс. Қоғамның басқармасының 1955 жылғы мартта өткізілген екінші пленумы СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына сәйкес ауылшаруашылық насихатын жақсарту туралы арнаулы қарар қабылдады. Солай бола тұрса да, облыста ауылшаруашылық тақырыптарындағы лекциялар аз оқылады, оның үстіне бұл лекциялар жалпылама, бірсарынды келеді. Соңғы кезде Алматы облысында ең күрделі жұмыс жүгері егу мәселелері болды, ал, Қоғамның облыстық бөлімі жүгері дақылы туралы бірде-бір лекция даярламады. Бүкіл апрель айы бойына облыста бұл тақырыпта небәрі 17 лекция оқылды, мұның өзі де басқалардың даяр текстері бойынша оқылды. Ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесі нашар насихатталады.

Партия және совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары озат тәжірибені таратудың маңыздылығын айтып қана қоймай, бұл тәжірибені терең үйреніп, оның колхоз және совхоз өндірісіне енгізілуіне белсеніп көмектесуге міндетті. Мұның үшін лекциялық насихат мейлінше зор мүмкіндіктер туғызады. Бірақ, бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін әрбір лектор облыстың және аудандардың алдыңғы қатарлы шаруашылықтарын жақсы білуге, озат тәжірибе туралы әдебиетті оқып үйренуге, өздерінің лекцияларында ғылым мәліметтерін кеңінен пайдалануға тиіс.

Облыстың еңбекшілері халықаралық жағдайға аса назар салып отырады. Бұл тақырыптарда оқылатын лекциялар да аз емес. Бірақ, оның ішінде көп лекциялар үстірт оқылады, осы күнгі капитализмнің қайшылықтарына терең талдау жасамайды. Ұлы қытай халқының және халықтық демократия елдерінің табыстары жеткілікті көрсетілмейді. Ғылыми-атеистік тақырыптардағы лекциялардың саны өсті, бірақ әлі де жеткіліксіз.

Қоғамның бөлімдерінің облыс еңбекшілерінің ғылыми-мәдени тілектерін әлі де қанағаттандыра алмауы едәуір дәрежеде интеллигенция кадрларының лекциялық жұмысқа аз қатыстырылуынан болып отыр. Алматы селолық ауданында Қоғамның бөлімінің жұмысына небәрі 22 адам, Шелек ауданында 37 адам тартылған. Ал, Алматы селолық ауданында, басқаларын қоспағанда, мұғалімдердің өзі 600-ге жуық, Шелек ауданында 350-ге жуық мұғалімдер бар. Бұл аудандарда олардан басқа көптеген агрономдар, зоотехниктер, инженерлер, дәрігерлер жұмыс істейді.

Қоғамның облыстық бөлімі жеткілікті мәдени күштерді жеткілікті пайдаланбайынша, селолық интеллигенцияның талапкерлігін күшейтпейінше халықтың білім алуға ұмтылған тілегін қанағаттандыра алмайды. Сол себепті Қоғам өзінің колхоздар, совхоздар, машина-трактор станциялары алдындағы міндеттемелерін үнемі орындамай келеді. Жасасқан шарттар бойынша ұйғыр ауданында білімді мамандардың күшімен, шамамен айтқанда, 100 лекция оқылуға тиісті еді. Сонан бері біржарым жыл өтті, бірақ, бұл уақыттың ішінде небәрі 20 лекция оқылды. Мұндай фактілер Қоғамның облыстық бөлімі басшыларының жауаптылық сезімін жойғандығынан ғана болып отыр.

Саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның жұмысындағы негізгі тұлға—лектор. Лекциялық насихаттың нәтижелілігі, сайып келгенде, оның лекцияларының сапасына, оның методикалық шеберлігіне және тәжірибесіне байланысты. Лекциялық жұмыс практикасындағы жаттампаздықты, догмашылдықты, дерексіздікті біржолата жою керек. Теория-

ның практикамен, шындық өмірмен біте қайнасқан байланыстылығы марксизм-ленинизмнің мазмұнының өзінен туады. Лекциялар нақтылы өмірден алынған мысалдармен, жергілікті фактілермен толықтырылып отырылуға тиіс. Мұның өзі ғылыми-теориялық қағидаларды жақсы ашып, Коммунистік партия жүзеге асырып отырған шаралардың маңызын адамдардың санасына қондыруға көмектеседі.

Алайда, Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдері лекторларды іріктеп алу ісімен әлі жеткілікті шұғылданбайды, олардың жұмысын нашар бақылайды. Көптеген лекторлар, әсіресе селолық аудандарда, лекцияларды Москвадан немесе Алматыдан жіберілген әзір, кейде ескірген текстер бойынша оқыйды, бұл текстерді жергілікті материалдармен толықтыруды да ойламайды. Қоғамның Шелек аудандық бөлімінің жұмысын тексергенде, лекторлардың бәрі дерлік лекцияларды орталықтан жіберілген текстер бойынша оқыйтыны анықталды. Бұл бөлімнің қызметкерлері Қоғамның мүшелері әзірлеген текст бойынша оқылған бірде-бір лекцияны көрсете алмады. Қоғамның облыстық бөлімінің мүшелері Мейржанов, Әзілханов жолдастар лекцияны ескірген текстер бойынша, бірсарынды, қызықсыз оқыйды.

Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдерінде секциялардың жұмысы нашар. Дұрысында саяси және ғылыми білімдерді насихаттаудың күнбе-күнгі жұмысы осы секцияларда жүргізілуіне тиіс. Солай бола тұрса да, мәселен, Қоғамның облыстық бөлімінің қоғамдық-саяси секциясы (председателі Сидоров жолдас) 1954 — 1955 жылдарда небәрі екі лекцияның текстін жасаған. Құлтебаев жолдас басқаратын ауылшаруашылық секциясы насихат жұмысын СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдеріне сәйкес қайта құру шараларын да талқыламаған. Мұнда соңғы 16 айдың ішінде небәрі үш лекция әзірленген.

Саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның облыстық және аудандық бөлімдері жұмысының артта қалуының басты-басты себептерінің бірі — партия ұйымдарының лекциялық насихатқа тиісінше көңіл бөлмейтіндігі. Іле, Шелек, Ұйғыр, және басқа кейбір аудандарда аудандық партия комитеттері Қоғамның жұмысына аз көңіл бөледі.

Қазақстан КП Алматы облыстық комитетінің бесінші пленумы саяси және ғылыми білімдер таратушы Қоғамның облыстық бөлімінің жұмысын жақсарту туралы мәселені талқылап, лекциялық насихатқа басшылықты күшейтуді талап етті. Партия ұйымдары лекциялардың жоғары сапалы болуы үшін күресіп қана қоймай, бүкіл лекциялық насихатты бір ізге салып, бағыттап отыруға, бұл жұмыстағы зиянды қатарластықты жоюға міндетті.

Қоғамның облыстық бөлімінің жұмысындағы кейбір ұйымдастыру мәселелерін де шешу қажет. Облыстық бөлім Алматының Қаганович ауданындағы және селолық ауданындағы қоғам мүшелерін біріктіріп отырады. Ал, білімді мамандардың, институт оқытушыларының неғұрлым көп жері — Алматының Сталин, Фрунзе және Ленин аудандарындағы қоғам мүшелерін тікелей республикалық Қоғам ұйымдастырады. Мұның өзі Қоғамның облыстық бөліміне Қазақстан астанасының көптеген лектор кадрларын пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Лекциялық насихаттың жолға қойылуын жақсарту, Қоғамның Алматы облыстық және аудандық бөлімдерінің саяси, ғылыми білімдерді бұқара арасына кеңінен таратуына жағдай туғызу — партия ұйымдарының шұғыл міндеті. Бізде бұған керекті мүмкіндіктердің бәрі бар. Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысын жақсарту — шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттерін ойдағыдай орындауға көмектеседі.

Озат тәжірибе ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен енгізілсін

А. БЕЛОВ,

Ақмола облыстық партия комитетінің секретары

Партия мен үкіметтің шешімдерін орындау үшін күресе отырып, Ақмола облысының колхоздары, машина-трактор станциялары мен совхоздары өткен жылы 1,6 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді жыртты, егіннен мол өнім алды. Егіншілер мемлекетке 41 миллион пұттай астық тапсырды және сатты. Колхоздардың жалпы табысы 375 миллион сомнан асты, орта есеппен әрбір еңбеккүнге 2,2 килограмм астық, 5 сом 55 тыйын ақша берілді. 187 колхоздан 158 колхоз миллионер болды.

Облыстың колхоздары, МТС-тері және совхоздары быйылғы көктемгі егісті ойдағыдай аяқтады. Бізде алғаш рет зор көлемде және тек шаршы-ұялау әдісімен егілген аса бағалы дақыл — жүгеріге көп көңіл бөлінді. Быйыл дәнді дақылдардың егіс көлемі өткен жылғыдан 2,4 есе артты. 2,3 миллион гектардан астам бидай егілді.

Таяудағы екі-үш жылдың ішінде колхоздар, МТС-тер және совхоздар тағы да 3,5 миллион гектардай жаңа жерлерді игеруге тиіс. Мұның есебінен егіс көлемі соғысқа дейінгіден жеті-сегіз есе арттырылады, ал астықтың жылма-жылғы өндірісі жаңадан игерілген жерлердің өзінде кемінде 235 миллион пұт болады.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының астық өндіруді арттыру тапсырмасын быйылдың өзінде, ал мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді арттыру тапсырмасын 1956—1957 жылдарда орындау үшін Ақмола облысының колхоздары мен совхоздарында бұған керекті жағдайдың бәрі бар.

Ауыр индустрия біздің МТС-теріміз бен совхоздарымызды маңдайалды техникамен жеткілікті қаруландырды. 1954 жылдың өзінде облыстың МТС-тері 5,5 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 2 мың комбайн, 4 мыңнан астам плуг, 400-дей сеялка және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналарын алды. Сол сыяқты облыстың совхоздарына көптеген ауылшаруашылық техникасы берілді.

Ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өрге бастыру міндетін орындай отырып, облыстың партия ұйымдары озаттардың тәжірибесін енгізуге ерекше көңіл бөлуде, өйткені ауыл шаруашылығына басшылық еткенде, ең алдымен озат тәжірибені, ғылымның табыстарын зерттеп, қорытып, кеңінен таратып отыру қажет. Біздің заманымызда шаруашылықты жүргізгенде, алдыңғы қатарлы колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың тәжірибесін, жаңашылдардың табыстарын есепке алмайынша жүргізу, оны көріне артта қалдырғандық болатынын СОКП Орталық Комитеті талай рет атап көрсетті.

Социалистік ауыл шаруашылығындағы озаттықтың бәрін таратудың неше алуан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Оның ішінде неғұрлым көп қолданылатыны: баспасөз бетіндегі және ауызекі насихат, ауыл шаруашылығы озаттарының әртүрлі кеңестерін өткізу, агрономиялық-зоотехникалық және малдәрігерлік оқуды жолға қою, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға экскурсиялар ұйымдастыру, колхоз және совхоз тәжірибесін тарату, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алуды көздейтін жарысты ұйымдастыру.

Соңғы кезде облыстық партия комитеті озат тәжірибені насихаттау және енгізу ісін жақсартуға бағытталған бірнеше шешімдер қабылдады. Мәселен, «Облыстың колхоздары мен совхоздарында жердің топырағын колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің тәсілі бойынша өңдеуді енгізу туралы», «Атбасар ауданының партия активі арасында ауылшаруашылық оқудың жайы туралы», «Ауылшаруашылық өндірісі жанашылдарының озат тәжірибесін енгізуге басшылық ету ісінде аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтарындағы топтарының жұмысы туралы» мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Озат тәжірибе мен ғылымның табыстарын ауылшаруашылық өндірісіне енгізуге байланысты мәселелер жер-жердің өзінде мұқият әзірленіп, зерттеледі. Өткен жылы облыстық партия комитеті Новочеркас ауданында озат егіншілердің, әсіресе мал өсірушілердің тәжірибесі нашар зерттеліп, шабан енгізілетінін анықтады. Көптеген колхозшы әйелдер сыйырдан сүтті көп алады, бірақ олардың жұмыс тәсілдерін ешкім білмейді. Атақты малшы Мусанинов жолдастың тәжірибесі де таратылмай келеді.

Облыстық партия комитеті Новочеркас аудандық партия комитетіне, ауданның совет және ауылшаруашылық органдарына бұл кемшіліктерді жойып, озаттардың табыстарын барлық колхозшылардың игілігіне айналдыруды міндеттеді. Колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда белгіленген шараларды орындауға толық жауаптылықпен кірісілді. Шаруашылық-экономикалық көрсеткіштер тез арада жақсарып, мұның арқасында бүкіл аудан 1955 жылдың Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға бекітілді.

Быйыл бұл ауданда колхоз және совхоз тәжірибешілері арасындағы жұмыста жақсы тәжірибе алынды. Партия ұйымдарының озат тәжірибе мен ғылым табыстарын ауылшаруашылық өндірісіне енгізуге басшылығы едәуір жақсарды. Мәселен, Калинин атындағы МТС-тің партия ұйымы Тельман атындағы колхоздан Пастух жолдастың Новочеркас ауданының жағдайында жүгеріні өсірудің прогрестік тәсілдері туралы баяндамасын тыңдап талқылады. Пастух жолдас ауданда бұл маңызды дәнді дақылды кеңінен өсіру мүмкіндіктерін айтып қана қоймай, өзі өсірген жүгері сортының үлгілерін де көрсетті. Аудандық партия комитеті колхоз тәжірибешісінің жанашылдығын мақұлдады. Кәзір оның бұл жаңалығы ауданның совхоздары мен көптеген колхоздарында қолданылады.

Тағы бір тамаша мысал. Сол Пастух жолдас 1949 жылдың өзінде колхоз огородының шетінде «Медикум» сортының бір түрі — жалаңаш дәнді арпаның бірнеше түбі өсіп тұрғанын көрді. Ол бұлардың дәнін жыйнап алып, жыл сайын көбейтіп өсіре берді, мұнымен бірге жақсы формаларды іріктеп алып, селекция жұмысын жүргізді. Мұның нәтижесінде колхоз 302 гектар жерге осы жалаңаш дәнді арпа екті, жергілікті жағдайда оның шығымдылығы мұнда өсірілетін қауызды сорттардан гектарына 3 — 4 центнер артық болып шықты. МТС-тің партия ұйымы және аудандық партия комитетінің Тельман атындағы колхозды қамтытып, Калинин атындағы МТС аймағындағы нұсқаушылар тобы колхоз тәжірибешісінің инициативасын қызу қолдап, оның табыстарын басқа колхоздарда таратуда.

Партия ұйымдары ауданда жерді көлдетіп суаруды кеңінен таратуға ерекше көңіл бөліп отырады. Көлдетіп суарылған шабындықтардың көлемі 1953 жылдың өзінде 35,6 мың гектар, ал 1954 жылы 53,1 мың гектар болды. Мұнда шабындықтың әрбір гектарынан 10 — 12 центнер шөп алынады, яғни тәлімі шабындықтағыдан үш-төрт есе көп.

Облыстың партия ұйымдары, әлі де артта қалып отырған, экономика жағынан әлсіз шаруашылықтарды таяудағы бір-екі жылдың ішінде алдыңғылардың дәрежесіне жеткізуге ұмтылуда. Мұның нәтижелері кәзірдің өзінде көріне бастады. Өткен жылы Ақмола облысынан Бүкілодақ-

тық ауылшаруашылық көрмесіне 5 колхоз, 1 МТС, 1 совхоз және 2 орман шаруашылығы қатысты, ал быйыл көрмеге бүкіл облыс қатысады. Көрмеге қатысатын адамдардың саны 2 500-ден асады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысатын кейбір озаттардың көрсеткіштері мынадай. Еркіншілік ауданының Тельман атындағы колхозының сауыншылары Кнауб, Шиц және Ветэр жолдастар өздеріне бекітіп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2 215 — 2 285 литр сүт алды, Новочеркас ауданындағы Социалистік Еңбек Ері Мусаинов жолдас әрбір 100 саулықтан 119 қозы өсірді.

Халқымыз Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін — озат тәжірибенің университеті, социалистік ауыл шаруашылығының ұлы мектебі деп орынды атайды. Жыл сайын облыстық және аудандық ауылшаруашылық көрмелерін өткізіп, оларда селонның тандаулы еңбекшілерінің тәжірибесін кеңінен көрсету жақсы дәстүрге айналды.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың табыстарын арнаулы плакаттар шығару жолымен таратуға көп көңіл бөлінеді. Мәселен, көрмеге қатысушылардың Есіл ауданы, Хрущев атындағы колхозда тың және тыңайған жерлерді игерудегі тәжірибесін, Вишневец ауданы, Ленин атындағы колхозда овоштан мол өнім алудағы тәжірибесін және Калинин ауданындағы «Заветы Ильича» колхозының жаздық бидайдан мол өнім алудағы тәжірибесін баяндайтын плакаттар шығарылды.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар баспасөз бетінде, радио арқылы бұқараға өздерінің тәжірибесін айтады, өздерінің еңбегінің тәсілдерін көрсетеді. Колхозшылар, МТС-тердің және совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілері арасында олар мыңнан астам әңгімелер өткізді, лекциялар оқыды.

Тандаулы агрономиялық тәсілдер кеңінен таратылуда. Мәселен, облыстың колхоздары 1954 жылы жаздық егіс жерінің 69 процентін күзден әзірлесе, 1955 жылы 96 процентін күзден әзірлейді. Быйыл отамалы және овош-бақша дақылдары алғаш рет бүкіл егіс көлемінде шаршы-ұялау әдісімен егілді, барлық жерде тұқым ауа-күн қызуымен қыздырылды.

Колхоздар мен совхоздар, әсіресе тың жерлерде, бактериялық тыңайтқыштарды қолданудан, жердің топырағын колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің тәсілімен өңдеуден ойдағыдай нәтиже шығаруда. Өткен жылы Акмола ауданындағы «Октябрь» колхозы фосфобактеринді қолдану нәтижесінде бидайдың түсімін гектарына 2 центнер, ал сол аудандағы «Победа» колхозы 2,1 центнер арттырды.

Т. С. Мальцевтің топырақты өңдеу тәсілдерін кеңінен қолдана отырып, Қазатком атындағы совхоздың коллективі соңғы үш жылдың ішінде бидайдың түсімін гектарына 5 — 7 центнер арттырды. Өткен жылы совхозда 8 400 гектар дәнді дақылдар Т. С. Мальцевтің тәсілі бойынша егілді. Т. С. Мальцевтің тәсілін колхоздар да барған сайын кеңінен қолдануда. Быйыл колхоздар 247,5 мың гектар зябь пен парды аудармайынша жыртады.

Облыстың партия ұйымдары колхоздар мен совхоздардың тәжірибе жұмысын ерекше қолдап отыруға тиіс. Сол Қазатком атындағы совхозда 1954 жылдың күзінде, оның директоры Цепура жолдастың бастауымен, жыраллау жолымен топыраққа ылғал жыйнау тәсілін қолдануға ұйғарылды. Бұл бағалы бастаманы облыстық партия комитеті қолдады. Бұл тәсіл Қазатком атындағы совхозда ғана емес, облыстың басқа бірсыпра совхоздары мен колхоздарында да қолданылды. Егістік, шабындық және жайылымдық жерлерге ылғал жыйнау үшін бұл тәсілдің өте жақсы нәтиже беретіні күмәнсіз.

Молотов атындағы колхоз қолданған жем-шөпті жер бетінде құрамалы башняларға салып сүрлеу тәсілін енгізу жөнінде Калинин ауданы

нының партия ұйымы едәуір жұмыс істеді. Қазір бұл тәсіл тек бұл ауданда ғана емес, облыстың басқа аудандарында да қолданылады.

Шортанды ауылшаруашылық тәжірибе станциясының ғылым табыстарын өндіріске енгізудегі жемісті қызметін атап көрсетуге болады. Бұл тәжірибе станциясы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты.

Астық өндіруді арттыруда елеулі табыстары бола тұрса да, облыстың колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығын өркендетуде артта қалып келеді. 1954 жылы орта есеппен колхоздарда әрбір сыйырдан 851 килограмм сүт, әрбір қойдан 1,7 килограмм жүн, ал совхоздарда әрбір сыйырдан 333 килограмм сүт, әрбір қойдан 2,36 килограмм жүн алынды. Көбінесе малдың өнімділігінің кемдігінен, облыстың колхоздары ауылшаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарынан небәрі 4 центнер ет, 10,1 центнер сүт, 0,22 центнер жүн, 2 мың жұмыртқа өндірді.

Мал шаруашылығы өнімдерінің мұндай аз өндірілуінің бір үлкен себебі: партия ұйымдары малды күтіп өсірудің озат әдістерін өндіріске енгізу жұмысын нашар жүргізеді, аудандық партия комитеттері нұсқаушылар топтарын малшаруашылық қызметкерлерінің зоотехникалық білімдерін арттыруға бағыттап отырмайды. Мәселен, Атбасар ауданындағы МТС аймақтарында зоотехникалық-малдәрігерлік курстардың 53 тобы құрылды, бірақ бүкіл қыс бойына бұл топтарда небәрі бір-екі сабақтан өткізілді. Спасс және Қосбармақ МТС-терінің аймақтарындағы нұсқаушылар топтары да бұл іске нашар басшылық етеді.

Мал шаруашылығының мұндай жайына, әрине, төзіп отыруға болмайды. Облыстың партия ұйымы мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін бірсыпра шаралар қолданып отыр. Оның ішінде аса маңызды шара — көбінесе жүгері егісінің көлемін мықтап ұлғайту есебінен жемшөп базасын нығайту. Озат тәжірибені қорытып, насихаттау жұмысы да бұл шаралар қатарында көрнекті орын алады.

Ауылшаруашылық ғылымының табыстары мен озат тәжірибені өндіріске енгізу — агрономдардың, зоотехниктердің және ғылыми мекемелердің ғана ісі емес. Бұл іспен партия және совет қызметкерлері де үнемі шұғылдануға міндетті. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Партия және совет ұйымдарының басшылары озат тәжірибені таратудың қажеттігі туралы баяндамалар оқып қана қоймай, олар ең алдымен бұл тәжірибені өздері үйреніп, оны барлық колхоздар мен совхоздарға енгізудің белсенді ұйымдастырушылары болуға міндетті. Басқаларды шақырудан бұрын басшы шаруашылықты жүргізудің озат әдістері мен тәсілдерін жер-жерде өзі жақсы үйреніп, өзінің басқаларды қандай іске шақыратынын жақсы түсінетін және колхоздар мен совхоздарға барғанда қажетті кеңестер беріп, көмек көрсететін болуы керек». Барлық партия және совет қызметкерлері Н. С. Хрущев жолдастың бұл нұсқауын әрдайым есте сақтап, орындап отыруға міндетті.

Ақмола облысының коммунистері бұқараны жаналық сезімі рухында тәрбиелеп отыруды, кертартпалылықтың және туралаудың қандай да болса көріністеріне қарсы күресуді, бағалы бастамаларды мейлінше қолдап отыруды өздерінің аса маңызды міндеті деп есептейді. Ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету үшін біздегі мол резервтерді толық пайдалану партия мен үкіметтің ауылшаруашылық өндірісін шұғыл өркендету жөніндегі шешімдерін мерзімінен бұрын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Социалистік қала колхозды деревняға көмекті күшейтуде

Е. МОРОЗОВ,

Қостанай қалалық партия комитетінің секретары

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын тез өркендету — бүкіл-халықтық іс. Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына жақын жылдардың ішінде астық өндірісін жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу және мал шаруашылығының негізгі өнімдерін екі-екіжарым есе арттыру міндеті қойылды. Коммунистік партия осы міндетті орындауға бүкіл еліміздің назарын аударып отыр.

Партия мен үкмет бүкіл совет экономикасының негізі — өнеркәсіпті онан әрі дамыта беруге қамқорлықты бәсеңдетпестен ауыл шаруашылығына зор материалдық көмек көрсетті және көрсетіп отыр. Тек Қостанай облысының совхоздары мен МТС-тері 1954 жылы 11 300-ден артық трактор (15 аттық күші бар) және 1 755 комбайн алды. Быйылғы жылы ауылшаруашылық техникасы тағы да көп келуде. Қостанай астық трестерінің совхоздары 9 мыңнан артық трактор және 2 мыңнан астам комбайн алады.

Өткен жылы Қостанай далаларында 19 астық совхозы, ал быйыл тағы 76 астық совхозы құрылды. Өткен жылы біздің облысқа тың жерлерді игеруге 16 мың механизаторлар мен ауылшаруашылық мамандары келді. 1955 жылдың көктемінің өзінде 30 мыңнан астам жаңа қоныстанушылар келді және жақын уақыттарда тағы осынша келеді. Біздің облыста барлығы төрт миллион гектардан астам тың және тыңайған жер көтеріледі.

Партия мен үкіметтің тарихи шешімдерімен қаруланған социалистік даланың еңбекшілері жақын жылдардың ішінде астық өндірісінің дәрежесін еліміздің және халықтың астыққа, мал шаруашылық өнімдеріне, картопқа, овошқа және т. б. деген талабын толық қанағаттандыратын дәрежеге жеткізу үшін барлық мүмкіндіктерді қолдануда. Бұл істе колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға біздің социалистік қалалар нақты көмек көрсетуде.

Социалистік ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету жолындағы жарыс Қостанай кәсіпорындарының арасында ертеден-ақ пайда болды. Біздің завод-фабрикалар коллективтерінің деревняға шефтік көмек көрсету дәстүріне айналды. Дегенмен соңғы уақыттарға дейін бұл іс негізінен оқтын-оқтын науқаншылдық сыпатта және біржақты жүргізіліп келді. Кәзір қаланың өнеркәсіп орындарының деревняға көмегі жоспарлы, ұйымдасқан түрге айналып келеді, мұның өзі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың арасындағы іскерлік, творчестволық байланыстарды онан әрі нығайта беруге жағдай жасап отыр.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері Қостанай еңбекшілерінің өміріне зор саяси ықпал жасады. Барлық кәсіпорындар мен мекемелерде СОКП Орталық Комитеті Пленумының тарихи қаулыларын егжей-тегжейлеп оқып үйрену ұйымдастырылды. Март айында қалалық партия активінің жыйналысы болып өтті, ол өзінің қаулыларында қала кәсіпорындарының тарапынан ауыл шаруашылығына практикалық көмек көрсетудің шараларын белгіледі.

Кәзір қаладағы 67 кәсіпорын, мекеме және ұйым, МТС-тер мен колхоздарға шефтік көмек көрсетуде. Қалалық партия ұйымы біздің облыстың колхоздарына, МТС-теріне және совхоздарына тұрақты жұмысқа 450 адамды іріктеп алып, жіберді, олардың ішінде 180 коммунист бар. Курстарда 500 тракторист даярланып, МТС-терге жұмысқа жіберілді. Жаңа ұйымдастырылған совхоздарға басшы қызметке 40 адам жіберілді. Олар совхоз директорларының орынбасарлары және бастауып партия ұйымдарының секретарьлары және т. б. болып істейді.

Кәзір қалалық партия ұйымы партия мен үкметтің нұсқауына сай деревняға жұмысқа баруға ерік білдіргендерді іріктеп алуды аяқтап келеді. Жақын уақыттардың ішінде экономика жағынан нашар колхоздарды басшы қызметкерлермен нығайту үшін қала өнеркәсіп орындарының, ұйымдарының және мекемелерінің тандаулы адамдары жіберіледі.

Қостанай қаласының өнеркәсібі ауыл шаруашылығына едәуір көмек көрсетуде. Қаланың кәсіпорындары алуан түрлі өнімдер береді, олардың едәуір бөлегі колхоз, МТС және совхоз еңбекшілерінің керектерін қанағаттандыруға жұмсалады. Қостанайдың заводтары 1954 — 1955 жылдары жүздеген скреперлер, қаржыртқыштар, шым тезек құмыраларын жасайтын станоктер, жүгері отырғызыштар, ағаш жонатын станоктер, көпшілікті тамақтандыру үшін қазандар, парник рамаларын, терезе және есік құтыларын және т. б. жасап шығарды. Сонымен бірге әртүрлі маркадағы көптеген моторларды жөндеді, миллион сомның запас бөлшектерін өндірді.

Шефтік көмектің аса маңызды міндеттерінің бірі ауылшаруашылық өндірісіне еңбектің индустриялық әдістерін көшіру болып есептеледі. Қаланың кәсіпорындары осы мақсатпен шефтік көмектің мына сыяқты формаларын табыспен жүзеге асыра алады: шефке алған МТС-терінде тракторлар мен комбайнды жөндеудің тораптық әдістерін енгізуге, механизаторлардың техникалық мәдениетін арттыруға, машиналардың күтімін жақсартуды ұйымдастыруға және т. б. көмектесу.

Шефтік көмектің өте маңызды түрі — селода саяси-бұқаралық жұмысты ұйымдастыруға көмектесу. Қостанай қаласының партия ұйымдары өздерінің шефке алған колхоздары мен МТС-теріне 380-нен астам үгітшілер, баяндамашылар және лекторлар бөлді, олар партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын оған әрі дамытуға бағытталған қаулыларын түсіндіруде. Қаланың партия ұйымдары 36 кітапхана құрастырып, МТС-терге, колхоздарға және совхоздарға берді. Қаланың көркемөнерпаздар коллективі 68 концерт, облыстық драма театрының артистері 189 спектакль, филармонияның артистері 325 концерт көрсетті.

Қостанай қаласының партия ұйымдары және кәсіпорын коллективтері өздерінің селомен байланысын күшейтуде. Халық тұтынатын товарлар өнеркәсібі министрлігінің жасанды торқа заводының жұмысшылары мен мамандары 1954 жылы Михайловск МТС-іне және «Восток» колхозына едәуір көмек көрсетті. Быйыл завод директоры Изюмов жолдас, партбюро секретары Мурашко жолдас және заводтың бас механигі Скоробогатый жолдас колхоз бен МТС-те болып, егіске даярлық жұмысының барысымен танысты, олардың керектері мен талаптарын білді. Осыған байланысты колхоз бен МТС-қа егіс жұмыстарына даярлық және оны өткізу кезінде тиісті көмек көрсету жөнінде бірсыпра практикалық шаралар белгіленді. Завод коллективі ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне социалистік жарысты ұйымдастыру ісінде көмек көрсетуде. Селоға бірнеше рет мәдениет бригадалары барып қайтты, МТС-тің трактор бригадалары үшін 13 шағын библиотека құрастырылды. Колхоз бен МТС-тың көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыруға көмектесу үшін заводтың мәдениет үйінің қызметкерлері жіберілді. Заводтың көркемөнерпаздарының күшімен кәзірдің өзінде сегіз концерт көрсетілді.

Қалалық өнеркәсіп комбинатының коллективі зор шефтік көмек жұмыстарын жүргізуде. Осы жылы февральда партия ұйымы бригада ұйымдастырды, ол «Просвет» колхозына барып қайтты. Бригада шефтік көмек жұмыстарының жоспарын жасады, ол жоспар колхоз басқармасының отырысында талқыланды, ал бұдан кейін барып, комбинаттың жұмысшылары мен қызметкерлерінің колхоз өкілдерімен біріккен жыйналысында тақыланды. Белгіленген шаралар жүзеге асырылды. Қалалық өнеркәсіп комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері де Затобол ауданындағы жана ұйымдастырылған «Организатор» совхозын шефтік көмекке алды.

«Большевичка» фабрикасының, № 4 құрылыс-монтаждау басқармасының және басқа коллективтер өздерінің шефке алған колхоздары мен МТС-теріне елеулі көмек көрсетуде.

Қала еңбекшілері партия мен Совет үкметінің кәзір ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударып отырғандығын ескере отырып, бұл бүкіл халықтық іске өздерінің үлестерін қосуға ұмтылуда.

Бірақ, осылай болғанмен шефтік жұмысты жақсарту жөніндегі бар резервтер мен мүмкіндіктерді барлық кәсіпорындар бірдей пайдалана бермейді. Мысалы, Қостанайдың облыстық кәсіпшілік советі, қалалық коммуналдық шаруашылық, «Красный пишевик» және «Қожхимик» артельдері сыяқты ұйымдар мен кәсіпорындары шефтік көмекті жеткіліксіз жүргізеді. Бұл ұйымдар тіпті өздерінің шефке алған колхоздары мен МТС-тері арасындағы байланысты да жоғалтып алған.

Мынандай жағдайлар кездеседі: кейбір МТС, колхоз және совхоз басшыларының икемсіздігі салдарынан қала кәсіпорындарының шефтік көмектері барынша жеткіліксіз пайдаланылады. Бұл төзуге болмайтын жағдай. Бірақ, басқа да бір жағдай бар, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың кейбір басшылары бүтіндей қаланың селоға көрсететін көмегіне сүйеніп, өз шаруашылығының ішкі резервтерін толық пайдалану жөнінде ешқандай шара қолданбайды. Бұл екі ұнамсыз жағдайға да қарсы батыл күрес жүргізу керек.

Қала бастауыш партия ұйымдарының, кәсіпорындарының аса маңызы міндеті тек өздерінің өндірістік жоспарларын орындауды камтамасыз етіп қана қою емес, сонымен бірге ауылшаруашылық өндірісін дамыту күресінде колхозды деревняға нақты көмек көрсету. Бізге село бастауыш партия ұйымдарының үгіт-насихат және мәдениет-көпшілік жұмыстарын жолға қоюына көмекті шұғыл күшейту керек. Осы мақсат үшін шефке алған колхоздарға, МТС-тері мен совхоздарға үгітшілерді, баяндамашылар мен лекторларды, мәдениет қызметкерлерін үнемі жіберіп отыруға тиіс.

Күнделікті өмір қаланың селоға шефтік көмек көрсетуін дамытудың көптеген формалары мен әдістерін туғызып отырады. Бұл патриоттық бұқаралық қозғалыстағы басты нәрсе — еңбекшілердің іскерлігі мен инициативаларын дамыта беру және оларды пайдалану.

Өнеркәсіпті үнемі дамыта берген жағдайда ғана қаланың ауыл шаруашылығына шефтік көмегі табысты бола алады. Өнеркәсіпті барынша дамыта беру негізінде ғана кең көлемде тың және тынайған жерлерді игеріп жатқан колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға тиісті көмек көрсетуге нақты мүмкіндіктер пайда болды.

Қаланың селоға шефтік көмегі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар арасындағы өндірістік, техникалық және мәдени байланыстардың өмірлік формасы деп есептелетін болуы тиіс. Бұл байланысты нығайта беру — біздің төл ісіміз.

Сын және библиография

Орыс халқы мен қазақ халқының мызғымас достығы

Біздің халықтардың достығы коммунизм жолындағы күресте барған сайын нығайып, өз дамуында жаңа мазмұнмен байып келеді. ССРО-да ұлт мәселесінің әділдікпен шешілуінің негізінде, Отанымыздың еңбекшілерінің өмірінде жүзеге асырылған социалистік қайта құрылыстардың негізінде пайда болған, еліміздің барлық халықтарына ұлы орыс халқының адал көмегінің нәтижесінде нығайған ССРО халықтарының достығы социалистік қоғамның негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналды. Шетел басқыншыларына қарсы, патша самодержавиясына, капиталистер мен помещиктердің езшілігіне қарсы бірігіп жүргізген күресте халықтардың қанымен бекітілген, азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында, сол сыяқты екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында барлық қызыншылықтар мен сындардан өткен бұл достық көп ұлтты советтік социалистік мемлекеттің қуаттылығының, жеңілмес күшінің негізіне айналды.

ССРО халықтарының творчестволық бірлігінің тамаша тәжірибесі барлық елдер мен ұлттарға үлгі болып отыр. Октябрь социалистік революциясынан көп бұрын-ақ В. И. Ленин: Россия пролетариаты және оның революцияшыл маркстік партиясы өзін қайдағы бір оқшауланған, ұлттық тар көлемдегі партия деп емес, қайта бүкіл дүниежүзілік пролетариат пен дүниежүзілік революциялық қозғалыс отрядтарының бірі деп есептейді деп көрсеткен болатын. Лениндік пролетарлық интернационализм идеялары Европа мен Азияның халықтық-демократиялық өкімет орнаған бірсыпыра елдері еңбекшілерінің тұрмысында толық жүзеге асырылуда. Халықтардың тең праводылығы және халықтар достығы жөніндегі лениндік принциптер халықтық-демократиялық мемлекеттердің конституцияларында жарияланған және заң жүзінде нығайтылған.

Ұлт мәселесі мен халықтардың ынтымақтастығы проблемасы ең демократиялық рухта шешілген ССРО-ның бай тәжірибесі бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін империалистерге қарсы күреске, бейбітшілік үшін, халықтар арасындағы достық үшін, социализм үшін жеңісті күреске жігерлендіреді.

Ә. Тұрсынбаевтың «Орыс халқы мен қазақ халқының мызғымас достығы» деген кітабы бүгінгі күннің осы тақырыбына арналған. Кітапқа берілген ан-

нотацияда көрсетілгендей, бұл кітап Ә. Тұрсынбаевтың 1950 жылы шыққан «Қазақстанды социалистік жолмен қайта құрудағы орыс халқының ролі» деген кітабының өңделіп, толықтырылып қайта басылған түрі.

Кітаптың екінші басылуының бірінші басылуынан өзгешелігі қандай? Біздіңше жаңа басылуында орыс халқының республиканы социалистік жолмен қайта құрудағы қазақ халқына көрсеткен көмегі айқын және кеңінен көрсетілген; Қазақстан еңбекшілерінің Коммунистік партияның басшылығымен социализм құру үшін жүргізген күресін көрсететін жаңа фактылар мен документтер келтірілген. Кітапқа жаңа бөлімдер кіргізілген. Олар: «Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ және орыс халықтарының достығы», «Халықтар достығы—коммунизм құрылысындағы еңбекшілер бұқарасының творчестволық күші мен жігерінің қайнар бұлағы» деген тараулар.

ССРО халықтарының достық семьясын бүкіл совет халықтарының үлкен ағасы деген атаққа ие болып отырған ұлы орыс халқы бастап отыр. Орыс жұмысшы табы өзінің дүние жүзіндегі ең революцияшыл жұмысшы тап екенін көрсетті. Орыс жұмысшы табы Россияның барлық шет ұлт аймақтарының еңбекшілерін әлеуметтік және ұлттық бостандық жолындағы күреске көтерді және біріктірді. Орыс халқы өзінің ерлік істерімен дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын — социализм заманын ашты. Ол бүкіл дүниеге адамзаттың асқан ұлы данасы — Владимир Ильич Ленинді берді.

Қазақ және орыс халықтары достығы тарихи достық. Бұл достық өте ерте кезде, орыс халқы біздің Отанымызды мекендеген халықтарды шетел басқыншыларына тойтарыс беруге топтастырып, біріктірген кезде, орыс халқы қазақ халқын ағылшын отаршылдарының қолдауына сүйенген ортаазиялық артта қалған феодалдық хандықтардың жоқ етіп жіберуінен сақтап қалған кезде пайда болды. Бір орталыққа бағынған орыс мемлекеті біздің елдің басқа халықтары сыяқты қазақ халқының тарихи тағдырында да зор роль атқарды. Өзінің шығуының алғашқы кезінен бастап-ақ ол шетел басқыншыларына қарсы күресуші басқа халықтар сыяқты, қазақ халқының да тартылушы орталығы және тіректі пунктті болды. Қазақстанның ерікті түрде Россияға қосылуының қазақ халқының саяси, экономикалық және

Ә. Тұрсынбаев. «Орыс халқы мен қазақ халқының мызғымас достығы» Қазақ мемлекеттік баспасы, Алматы, 1955 ж.

мәдени дамуы үшін зор прогрестік маңызы болды.

Кітабының бірінші бөлімінде Ә. Тұрсынбаев Қазақстанның Россияға қосылуының маңызына негізінен дұрыс баға береді. Россияға қосылу қазақ жерлерінің феодалдық бытыраңқылығын жоюға, мұнда орыстың озат мәдениетінің игі әсерінің таралуына, бұған дейін тоқрауда болған өлкенің экономика жөнінен дамуына жағдай жасады. ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстанда пайдалы кендерді шығару басталды, өнеркәсіп дамып бастады деп көрсетеді, Ә. Тұрсынбаев. Егер мұнда 1900 — 1901 жылдары кәсіпорындарының саны 2663 болса, ол он жылдан кейін 4044-ке дейін жетеді. Қазақстан мен Орталық Россияның сауда байланысы нығайып, кеңі берді. Темір жол құрылысы қазақ халқының шаруашылық өмірінің жандануына әсер етті. Қазақ аулында таптық жіктелу күшейді, отырықшылыққа және егін шаруашылығына көшу жылдамдады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы кезінде жергілікті рыноктар мен жәрменкелер тез өсе бастады, олар Қазақстанды жалпыроссиялық, сонымен бірге дүниежүзілік рынокқа тартты.

Осылай болғанмен, автордың дұрыс көрсеткеніндей, Қазақстанның Россияға қосылуының объективті прогрестік маңызын көрсету царизмнің отарлаушылық реакцияшыл саясатын ешқандай да ақтағандық болмайды. Патшалық Россия халықтар түрмесі болды. Царизм ұлт араздығын қоздырды, Россия халықтарын қараңғылықта және падалықта ұстады, орыс халқына және орыс емес халықтарға жеңдет болды.

Осы уақта патшалық Россияның қойнауында бұдан басқа Россия — ұлы орыс халқының Россиясы, революцияшыл Россия болды, орыс халқының тапдаулы ұлдары царизмнің Россияның халықтарын бір біріне өшіктіру саясатына қарсы күресті. Орыс халқын царизмге және бай-феодалдарға қарсы күресте қазақтар өзінің сенімді және айбынды досым деп есептеді.

Орыстың озат мәдениеті қазақ даласына еніп, қазақ халқының саяси санасын оятты. Қазақ еңбекшілері орыс жұмысшыларымен және қоныс аударылған шаруаларымен, ең алғаш бірлесіп жүргізген шаруашылық қызметі негізінде, ал мұнан кейін саяси күрес негізінде де барған сайын жақындаса берді.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысты. Кітапта мұның Россияның шеткері аймақтарында азаттық қозғалыстың өсуіне қалайша зор әсер тигізгені көрсетілген. Империализм дәуірінде езілген халықтардың азаттық күресі, помещиктік-буржуазиялық құрылысты құлатуға бағытталған революциялық қозғалыстың бөлінбейтін құрамды бөлігіне айналғанын автор дұрыс атап көрсетеді. Біздің елде етек алып жайылған

революцияшыл азаттық күресте орыс халқы жетекші роль атқарды.

Кітаптың Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызына арналған бөлімінде, біздіңше, бұл бірігудің тек сыртқы себептер бойынша ғана емес, сонымен бірге ішкі себептер бойынша да объективтік түрде керек болғандығы жеткілікті атап көрсетілмегендігін айтпай кетуге болмайды. Ә. Тұрсынбаев осы тақырыпқа жазылған басқа еңбектердің (О. Рачков. «ССРО халықтарының достығы — социализмнің ұлы жеңісі» Қазақ мемлекеттік баспасы, 1954. Ғ. Әбішев. «Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы», Қазақ мемлекеттік баспасы, 1953) елеулі кемшіліктерінен арыла алмаған. Бұл еңбектердің авторлары Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызын сыйпаттай отырып, бұл қосылудың тарихи алғы жағдайларына талдау жасамайды.

Дегенмен, ХV ғасырдың 80-жылдарынан-ақ Россия мен қазақ хандарының арасында дипломатиялық байланыстың орнағаны тарихтан белгілі. ХV ғасырдың 90-жылдарында Иван ІІІ мен қазақ хандарының арасында өз үстемдігін қайта орнатуға тырысқан Алтын ордаға қарсы бірігіп күрес жүргізу туралы келіссөз жүргізілді. ХVІ ғасырдың 50-жылдарында Қазан және Астархан хандықтарының жойылып, Поволжье халықтарының Россияға қосылуы Россияның Қазақстанмен экономикалық байланыстарының дамуын жылдамдатты. Бұл жөнінде қазақ даласының үстін басып өтіп жатқан сауда керуен жолдарының үлкен маңызы болды. Орыс мемлекеті қазақ хандарымен экономикалық және сауда байланыстарының дамуын қолдап отырды. Иван ІV кезінде орыс купецтеріне (мысалы, Строгановтар) қазақтармен баж салығынсыз сауда жасауға право берілді.

Қазақстан мен Россияның арасындағы экономикалық байланыстарды дамытуға және оңайлатуға екі жақтың да ғасырлар бойы мүдделі болып келе жатқандығы тек Кіші жүз қазақтарының ғана емес, сонымен бірге Орта жүз бен Ұлы жүздің Россияға өз еркімен қосылуының негізгі себептерінің бірі болды. Бірақ, мәселенің осы маңызды жағын біздің зерттеушілеріміз көбінесе бағаламайды. Ал қазақ халқының ұлы орыс халқымен достықта болу жөніндегі ертеден келе жатқан талабының себептерін түсіну үшін Қазақстанның Россиямен ХV, ХVІ, ХVІІ ғасырлардағы экономикалық және саяси байланыстарын зерттеудің принципальді маңызы бар емес пе.

Азамат соғысы жылдарында және халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде орыс және қазақ халықтары достығының нығайғандығы туралы айта келіп, автор: Коммунистік партия басшылық еткен орыс жұмысшы табы өз төңірегіне царизм езіп-жаныштаған халықтарды топтастырып, оларды социалистік революция жолындағы күресте

пәрменді революциялық күшке айналдырды, Ұлы Октябрь социалистік революциясының от жалынында орыс және қазақ еңбекшілерінің туыскандық жауынгерлік одағы нығайды деп дұрыс қортынды жасайды. Кітапта қазақ халқының Коммунистік партияның басшылығымен Совет өкіметін құру және нығайту үшін жүргізген күресі көрсетілген. Осы күрестің барысында Коммунистік партия ұлы державалық шовинистерге де, сол сыяқты қазақ еңбекшілерінде орыс халқына өшпенділік сезімін орнықтыруға, оларды ұлтшылдықтың уымен уландыруға тырысқан буржуазияшыл ұлтшылдарға да қыйрата соққы берді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россиядағы барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының өзара сенім көрсету және туыскандасып, жақындасу туының астында жеңіп шықты. Социалистік революция ұлттық езгінің бұғауын талқандай отырып, халықтардың арасындағы ескі қатнастарды жанартып өзгертті, ұлттық өшпенділікті жойды, халықтардың берік бірігуіне негіз жасап берді. Россияның жұмысшы табы совет құрылысынан ұлт мәселесін дұрыс шешудің кілтін тапты, онан ұлттық тең праволылыққа және еріктілікке негізделген қуатты көпұлтты мемлекет ұйымдастырудың жолын, бұрын езілген халықтарды жаңа, жарқын өмірге тартудың жолын ашты.

Осылай болғанмен кітаптың Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысында жеңіске жету жолындағы күрестің аса маңызды мәселелері баяндалған екінші бөлімі өте қысқа жазылғандығын айтпай кетуге болмайды. Россияның шеткері аймақтарында Совет өкіметінің жеңуі үшін күресте орыс жұмысшы табының жетекші ролін, оның шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияны талқандауда Қазақстан еңбекшілеріне көрсеткен қалтқысыз көмегін автор нақтылы материалдарды келтіре отырып баяндамайды. Ә. Тұрсынбаев азамат соғысы жылдарындағы жұмысшылар мен шаруалардың соғыс-саяси одағының құрылуының объективтік керек болғандығын жеткілікті атап көрсетпейді.

Кітапта соғыстан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіруде, қазақ халқының экономикалық және мәдениет жөнінен артта қалуын жою жөнінде Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасының Қазақстанға көрсеткен шын мәнісінде зор көмегін бейнелейтін қызықты факті материалдар келтірілген.

Кітаптың екінші бөлімінің елеулі кемшілігі деп, онда Россия халықтарының өзара бірігу қозғалысы шын мәнісінде ашып көрсетілмегендігі былай тұрсын, тіпті бұл мәселе тиісті дәрежеде көрсетілмегендігін айту керек. Бұл қозғалыстың зор маңызы болды. Автор халықтардың бірлесіп іс істеу формаларының дамуын көрсетпеген. РСФСР-дың бар-

лық советтік республикалардың ұйымдастырушы және топтастырушы орталығы болғандығын атап көрсетпеген. РСФСР-дың құрамында 1920 жылы құрылған Қазақ АССР-ның праволары туралы ешнәрсе айтпаған.

Советтік ұлт республикаларының өз инициативалары бойынша бірігуі экономикалық және сыртқы саясат сипатты себептерден, совет өкіметінің табиғатының өзінен туған еді. Советтердің I съезінде құрылған ССРО — совет халықтарының ерікті бірлестігі болып есептелетін, көпұлтты социалистік мемлекеттің өмір сүруінің бастамасы болды. Егер федерация — көпұлтты Советтік мемлекетті бүтіндей құру формасы болса, ал автономия (мысалы, 1920 жылы құрылған Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы) бір тұтас одақтық мемлекеттің шеңберінде жеке алған бір ұлттық мүдделерін қанағаттандыруға тиіс болды және осымен бірге ұлттық шет аймақтың орталықпен мемлекеттік байланысының формасы болды. Федерация мен автономия жеке халықтардың ұлттық мүдделерін барлық еңбекшілердің жалпы өмірлік мүдделерімен ұштастырып отыруға мүмкіндік берді. Советтік федерация мен автономияның мәні мынада: мұнда буржуазиялық федерация мен автономиядағы сыяқты мемлекеттік өкімет ұлт буржуазиясының қолында емес, әрбір ұлттың жұмысшылары мен шаруаларының қолында, Советтік федерация мен автономияның бұл таптық негізі ұлттардың толық тең праволылығын және ерікті түрде бір одақтық мемлекетке бірігуін қамтамасыз етеді. Мұның бәрі ССРО халықтарының бірлесіп іс істеуін және достығын дамыта беруде бүкілхалықтық бірігу қозғалысының зор маңызы болғандығын көрсетеді. Ә. Тұрсынбаевтың бұл туралы ұмытпауы керек еді.

Кітаптың мұнан кейінгі бөлімдерінде соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде Қазақстанда болған социалистік қайта құрылыс процесі көрсетілген. Бұл социалистік қайта құрылыс «...артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге» (Шығармалар, 31-том, 243 — 244-беттер) өте алатындығы туралы лениндік ілімінің тамаша жүзеге асқандығы болды.

Мұнан әрі автор гитлершіл Германияға қарсы Совет Одағының Ұлы Отан соғысында қазақтардың ұлы орыс халқымен және еліміздің басқа халықтарымен жауынгерлік достығы қалайша нығая және шыныға түскендігін көрсетеді.

Совет халықтарының туыскандық достығы қазір, бірте-бірте социализмнен коммунизмге өту дәуірінде социалистік ұлттардың ортақ саналы еңбегі арқылы, өзара көмектестігі арқылы барған сайын беки түсуде. Бұл достықтың көрінісі алуан түрлі, Туысқан республикалардың

енбекшілері Шымкент мақта-мата комбинатының құрылысшыларына зор көмек көрсетуде, Қазақстанның, Башкирияның, Әзірбайжанның, Татарстанның, Өзбекстанның мұнайшылары еңбек әдістерін жетілдіру жөнінде бір-біріне үнемі көмектесіп отырады. Ақтөбе мен Челябинскінің металлургтері көп жылдан бері достасып келеді, тың және тынайған жерлерді меңгеру жөнінде Қазақстанға Совет Одағының барлық халықтары көмектесуде.

Социалистік ұлттардың жасақталуы Ә. Тұрсынбаевтың кітабының зерттейтін тақырыбы емес. Осылай болғанмен автордың қазақ социалистік ұлтының жасақталуы туралы мәселеге мүлде соқпай кетуін мақұлдауға болмайды.

Бұл жұмыста орыс және қазақ халықтарының Қазақстанды социалистік жолымен қайта өзгерту жолындағы бірлігі сыяқты маңызды мәселеге аз көңіл бөлінген, республиканың табиғи байлықтарын зерттеудегі және меңгерудегі орыс ғалымдарының ролі тіптен көрсетілмеген.

Кітапта бірсыпра дәлсіздіктер бар. Мысалы, 69 бетте, Халық шаруашылығы Москва Советі 1931 жылы Қазақстанның өнеркәсібін техникалық шефке алды деп жазған. Шындығында Халық шаруашылығы Москва Советінің қаулысы 1929 жылдың 23 декабрінде шыққан болатын.

Кітаптың соңғы бөлімдерінде партия мен үкметтің идеология мәселелері жөніндегі шешімдері туралы, қазақ хал-

қының еліміздің басқа туысқан халықтарымен бірге бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік қозғалысына белсене қатнасуы туралы толық айту керек еді. Бұл қозғалыстың халықтардың достығын нығайтуда зор маңызы бар.

Рецензиялап отырған кітапта қызылықты материалдар көп. Олар — Совет өкіметі жылдарында қазақ халқының экономикалық және мәдениет жөнінен дамуын көрсететін көбінше цифр мәліметтер. Бірақ бірсыпра жайларда бұл мәліметтерден автор жыйнақтаушы қортындылар шығармайды, сондықтан олардың маңызы төмендейтіні мәлім.

Қазақстанның өз еркімен Россияның қоластына қарауының тарихын, қазақ және орыс халықтары достығының тарихи тамырларын, Қазақстанның Россия қосылуының прогрестік мәнін, қазақ және орыс халықтарының туысқандық бірлігінің біздің уақытымыздағы нәтижелерін марксистік тұрғыдан жан-жақты көрсететін елеулі монографиялар басып шығару керектігі туралы «Қазақстан коммунисті» журналында бұдан бұрын да атап көрсетілген болатын. Баспасөзде атап көрсетілгеніндей, бұл тақырыпта соңғы кезде шыққан еңбектер мұндай монографиялардың талаптарына жауап бере алмайды. Ә. Тұрсынбаевтың кітабының жарыққа шығуы да мұндай монографияның әлі қажеттілігін өтей алмайды.

Т. ЕЛЕУОВ,

тарих ғылымдарының кандидаты.

Кітапта және іс жүзінде

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жолында озат тәжірибе мен ғылымның табыстарын жан-жақты зерттеп, таратудың қандай зор маңызы бар екенін Коммунистік партия сан рет атап көрсетті. Шаруашылықты жүргізгенде, озат колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың тәжірибесін, жанашылдардың табыстарын есепке алмайынша жүргізу оны көріне артта қалдырғандық болатынын партия әрдайым ескертіп келеді.

«Алатау сыйырының өнімділігін арттыру»* деген кітапқа алғысөзінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Эксперименттік биология институты директорының орынбасары И. Жұмағұлов бұл институттың озат тәжірибені зерттеуге, қорытуға және таратуға ерекше маңыз беріп, 1952 — 1953 жылдарда «Талдықорған облысының Ленин атындағы тұқыммал совхозының жұмыс тәжірибесін зерттеп қорытқанын» жазады. Осы ма-

қалада сөз болып отырған кітап институттың сол жүргізген жұмысының нәтижесі ретінде шықты. Бұл кітапты Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің және Ленин атындағы совхоздың бір топ қызметкерлері жазған.

Авторлар өздерінің міндетін қалай атқарған?

Кітапта баяндалған тұқыммал жұмысының принциптері совхозда жергілікті аз өнімді және кеш жетілетін сыйыр малын мол өнімді сүтті-етті малға айналдырып, жақсарту мақсатымен жүргізілген жұмыс туралы түсінік береді. Авторлар жергілікті қазақ және қырғыз сыйырын швиц тұқымымен будандастыру негізінде 1950 жылы Қазақстанның және Қырғызстанның колхоздары мен совхоздарында сыйыр малының жаңа, дербес тұқымы — Алатау сыйыры қалай өсіріліп келе жатқанын баяндайды.

Кітапта келтірілген жеке ережелерді республиканың кейбір совхоздары мен колхоздарының сыйыр малының сапасын жақсартып, оның өнімділігін арттыру жұмысына пайдалануына болады. Ленин атындағы совхоздың өзінде де, Республиканың Алатау сыйырын өсіретін колхоздары мен совхоздарында да бұл жаңа тұқымның тұқымдық және өнімділік

*С. Садықов, М. Мартинсон, Г. Чернов, А. Смағұлов, С. Омаров, «Алатау сыйырының өнімділігін арттыру». (Ленин атындағы тұқыммал совхозының жұмыс тәжірибесі). Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы, 1954.

қасиеттерін жақсарту жұмыстарын мұнан әрі де жүргізе беру керек екенін авторлар өте дұрыс көрсетеді. Кітапта совхоз мамандары мен жұмысшыларының жем-шөп базасын нығайту жолындағы кейбір жұмыстары көрсетілген. Мұның өзі әрбір сыйырдан алынатын сүттің 1945 жылғы 1304 килограмнан 1953 жылы 3636 килограмға жеткізілуін қамтамасыз еткен.

Мұнымен бірге кітапта елеулі кемшіліктер мен олқылықтардың көптігі сонша, мұның өзі оның аздаған пайдалы жақтарын да тіпті жоққа шығарады. Қазақ ССР Ғылым академиясының Эксперименттік биология институтының Ленин атындағы тұқыммал совхозының тәжірибесін зерттеп, қорытпақ болған әрекеті, біздің пікірімізше, сәтсіз болып шыққан. «Алатау сыйырының өнімділігін арттыру» деген кітап — құнсыз кітап.

Оның кейбір елеулі кемшіліктері мен қателеріне тоқтап өтелік.

Авторлар өздерінің еңбегінің тұжырымында шығарған бес қортындының бірінде «совхозда барлық малды жақсы сапалы және жеткілікті азықпен толық қамтамасыз етерлік тұрақты жем-шөп базасын жасау міндетінің орындалғаны» айтылған. Бұлай деу оқушыларда: Ленин атындағы тұқыммал совхозында жем-шөп базасы толық қамтамасыз етіліпті деген түсінік туғызуы мүмкін. Бірақ бұл шаруашылықтағы малды азықтандырудың кәзіргі дәрежесін мақсат ету әрбір сыйырдан небәрі 4 мың килограмға дейін сүт алумен қанағаттанғандық болады. Ал, кітаптың авторлары — ғалымдар, ғылыми қызметкерлер және мал шаруашылығының мамандары — Алатау тұқымы сыйырларының, тиісінше азықтандырса, 5—6 мың килограмм және онан да көп сүт бере алатынын білуге тиісті еді. Совхоздың өзіндегі озат сауыншылардың тәжірибесі де осыны дәлелдейді.

Шынында Ленин атындағы тұқыммал совхозында жем-шөп базасының жайы және сыйырларды азықтандыру дәрежесі авторлардың кітапта берген бағасына тіпті де сай келмейді. Соңғы жылдарда шаруашылықта сыйыр малының жалпы саны өзгерген жоқ деуге болады, ал сауын сыйырлардың саны 1952 жылғы 339-дан 1954 жылы 404-ке жетті. Бұл жылдардың ішінде біржылдық және көпжылдық шөптердің егіс көлемі артты, бірақ басқа жем-шөптік дақылдардың егіс көлемі едәуір азайды, оның ішінде тамыржемісті дақылдар 99 гектардан 71 гектарға, бақша дақылдары 102 гектардан 1953 жылы 55 гектарға, сүрленетін дақылдар 1951 жылғы 407 гектардан, 1953 жылғы 165 гектарға дейін азайды.

Совхоздағы жұмыстардың жайын қалай да жақсы көрсетуге тырысып, авторлар малазықтық тамыржемісті дақылдардың шығымдылығы 1940 жылғы 180 центнерден 1950 жылы 236 центнерге жеткенін, яғни 10 жылдың ішінде 56 центнер артқанын мысалға келтіреді. Тамыр жемісті дақылдардың шығым-

дылығы туралы онан кейінгі жылдардағы мәліметтер кітапта келтірілмейді, өйткені ол мәліметтер авторлардың да, совхоздың да пайдасына шықпайды. Мысалы, 1953 жылдың өзінде тамыржемісті дақылдардың шығымдылығы гектарына 197 центнерден келді, ал өткен жылы онан да аз болды.

Ленин атындағы тұқыммал совхозында қандай тамыржемісті дақылдар өсірілетіні, олардың шығымдылығы қандай екені кітапта айқын көрсетілмейді. 18—19-беттерде қызылшаның шығымдылығы 1950 жылғы 412 центнерден 1952 жылы 550 центнерге жеткені туралы мәліметтер келтірілген. Егер малдың азығына арнап өсірілетін бірден-бір тамыржемісті дақыл — қызылша деп есептесек, онда қай цифрға нану керек — 18-бетте көрсетілген цифрға ма (236 центнер) әлде 19-беттегі цифрға ма (412 центнер)? деген сұрақ туады. Егер шаруашылықта басқа да тамыржемісті дақылдар өсірілетін болса, бұлардың шығымдылығы өте төмен екені даусыз.

Ленин атындағы тұқыммал совхозы сүрленетін дақылдардың шығымдылығын арттыру тапсырмаларын да жылдан-жылға орындамай келеді. Жоспарда белгіленген 135 центнер орнына, сүрленетін дақылдардың шығымдылығы: 1953 жылы 42 центнер, ал өткен жылы небәрі 33,5 центнер болды.

Кітапта келтірілген мәліметтер, сол сыяқты шаруашылықтың жылдық есептерінің мәліметтері, сыйырлардың сүттілігінің артуына әсер ететін (жем және көлемді азықтармен бірге) негізгі азық — балғын азықтарды малға берудің дәрежесі арту орнына, қайта кемігенін көрсетеді. Авторлар 1953 жылы әрбір сыйырға 99 центнер сүрленген азық және тамыржемісті дақылдар берілгенін айтады. Бірақ олардың бұл айтқаны шындыққа үйлеспейді. Іс жүзінде ол жылы әрбір сыйырға 73,5 центнерден тамыржемісті, бақша дақылдары және сүрленген азық берілген, ал өткен жылы онан да азайтылған — әрбір сыйырға 55,3 центнерден келген. Балғын азықтар беруді азайтудың нәтижесінде сыйырлардың сүттілігі де кеміді: әрбір сыйырдан алынған сүт 1951 жылы 3908 килограмнан келсе, 1953 жылы 3636 килограмм болды. Өткен жылы сыйырлардың сүттілігі онан да кеміді.

Бұл елеулі кемшіліктер туралы, сол сыяқты тұқыммал совхозында балғын азықтар өндіруді едәуір арттыру шаралары туралы толығырақ айту керек еді. Сол сыяқты совхоздар мен колхоздардың товарлы сүт фермаларының қызметкерлерін әрбір сыйырға 100 — 120 центнерден балғын азық дайындауға бағыттау керек еді. Алайда авторлар мұны істемеген. Ол түгіл, қолдарында көптеген мәліметтері бола тұрып, олар Ленин атындағы тұқыммал совхозында балғын азықтар өндірудің жайы қандай екенін анықтамаған. Мәселен, кітаптың 16 — 17-беттерінде: «Мысалы, 1940 жылы совхозда балғын азықтар небәрі 682 тонна

өндірілсе, 1950 жылы 4426 тонна өндірілді» дей келіп, мұның ізінше келесі бетте «балғын азықтардың жалпы түсімі 1940 жылғы 682 тоннадан 1950 жылы 44, 784 тоннаға жеткізілгені» айтылады. Сонда оқушы қай цифрға нануға тиіс?

Кітапта күніне 5 килограмнан 30 килограмға дейін сүт беретін сыйырларды азықтандырудың үлгі рационы келтіріледі (76-бет). Авторлар сүттілігінің қандай болуына қарамастан, әрбір сыйырға күніне 12 килограмм пішен беруді ұсынады. Рационда мұндай мөлшерлі пішеннің болуы күмәндандырмайды. Бірақ жем-шөптің тұтынылуы туралы келтірілген мәліметтерде (20-бет) 1952 жылы әрбір сыйырға 35,1 центнер пішен берілгені айтылған. Егер совхозда мал жаю маусымы, авторлардың жазғанындай, 224 күнге созылатынын ескерсек, сонда малды қолда ұстайтын маусымға 141 күн қалады. Малға берілген пішеннің санын малды қолда ұстайтын күндердің санына бөлгенде, малға берілген пішен әрбір сыйырға күніне 12 килограмнан емес, 25 килограмнан келеді. 1953 жылы, авторлардың мәліметтері бойынша, әрбір малға 30 центнер пішен берілген, яғни күніне 21 килограмнан көбірек. Бұл цифрлардың да шындыққа үлеспейтіні, авторлардың өздерінің ойынан туғызғаны мүлде айқын.

Ленин атындағы тұқыммал совхозында сауып сыйырларды азықтандыру рационы партиялық баспасөз бетінде мұнан бұрын сыналды. Биология ғылымдарының кандидаты Елеманов жолдас, мәселен, совхоз сыйырларының рационында жем азықтар зор орын алатынын, шыланған жемді тек рационда жоғары сапалы балғын азықтар жеткіліксіз болғанда ғана беруге болатынын көрсетті. Алайда, кітаптың авторлары сын ескертулерді есепке алмай, малға жемді көп беруді, оны шылап беруді қарыса насихаттауда.

Кітапта келтірілген мәліметтер бойынша, 1952 жылы совхозда әрбір сыйырға 19,7 центнер жем берілген, яғни сыйырдан алынған әрбір килограмм сүтке 520 граммнан келген. 1953 жылы, авторлардың мәліметтері бойынша, әрбір сыйырға 16 центнер жем берілген. Совхоздың соңғы екі жыл ішіндегі жұмысы туралы ресми мәліметтер істің жайы басқаша екенін дәлелдейді. Мысалы, 1953 жылы орта есеппен әрбір сыйырға, кітапта көрсетілгеніндей 16 центнер емес, 18 центнер жем берілген. Өткен жылы әрбір сыйырға берілген жем 21,4 центнерге жеткізілген. Сонымен, сыйырдан алынған сүттің әрбір килограммына 1954 жылы 592 грамм жем жұмсалған, ал, әрбір сыйырдан орта есеппен алынған сүт көбеймеген, қайта, жоғарыда көрсетілгендей азайған.

Авторлар «Малазықтық қызылша мен жүгерінің зор бағалылығын», «мал жүгеріні көктей, сол сыяқты сүрленген түрінде сүйсініп жейтінін» көрсетеді. Бірақ, амал не, олар өздерінің бұл сөздерін тұқыммал совхозының практика-

лық жұмысымен тыянақтамайды. Қайта, совхозда жүгері егісінің көлемі 1946 жылғы 24 гектардан 1953 жылы 15 гектарға дейін кеміген.

Кітаптың авторлары сыйырларға: орта есеппен күн тәулігіне беретін сүті 6—7 килограмнан келсе — 1—1,5 килограмм жем, 16—17 килограмнан келсе, — 5 килограмм жем және сондай тәртіппен беруді ұсынады. Мұндай азықтандыруды, жемді мұншама көп, ал балғын азықты аз беруді, дұрыс деп есептеуге болмайды, өйткені ол сыйырлардың сүттілігінің артуын қамтамасыз етпей, сүттің түсер құнының артуына бастайды. Сондықтан өткен жылы тұқыммал совхозында бір килограмм сүттің түсер құны мемлекеттік дайындау бағасынан 4 тыйын артық болды.

1950 жылға дейін Ленин атындағы тұқыммал совхозында жергілікті малшының тұқымымен негізінде сіңіре будандастырылды. Мұнда сүті майлы сыйырлардан туған бұқаларды алдыруға тиісінше көңіл бөлінбеді. Сондықтан да шаруашылықта сүттің орташа майлылығы әлі күнге Алатау тұқымының сыйырлары үшін белгіленген ең аз мөлшерден — 3,8 проценттен аспай келеді. Совхоздың барлық сыйырлары тобында сүттің орташа майлылығы небәрі 3,73 процент, ал таза тұқымды сыйырлар тобында онан да кем — 3,66 процент. Сүттің майлылығының кем болуы себепті тұқыммал совхозы 1953 жылы, сыйырларды дұрыс азықтандырғанның өзінде, мемлекетке майды белгіленген мөлшерден 67 центнер, ал өткен жылы 73 центнер кем тапсырды.

Кітапта жақсы бұқалар деп көрсетілген 14 бұқадан 7 бұқа сүттің майлылығын арттыруға әсер етпегені бұлай тұрсын, қайта олардан өрген сыйырлардың сүтінің майлылығы кеміп кетті. Бұл бұқаның бәрін бірдей совхоздағы жақсы бұқалар деп есептеуге болмайтыны түсінікті, сондықтан оларға кітаптың 20-беті бойына егжей-тегжейлі сипаттама берудің қажеті жоқ еді.

Авторлар совхозда сыйырлардан сүт алу жоспарының орындалу процентін дұрыс көрсетпейді. Кітапта келтірілген мәліметтер бойынша, 1953 жылы сүт алу жоспары 85,8 процент орындалған, ал дұрысында жоспар 81,1 процент орындалды. Өткен жылы сүт алу тапсырмасы небәрі 79 процент орындалды.

Рас, Ленин атындағы тұқыммал совхозында орта есеппен әрбір сыйырдан алынатын сүт шаруашылықты Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық көрмесінде кеңінен көрсету үшін белгіленген ең кем мөлшерден едәуір артық. Алайда, тұқыммал совхозы өткен жылы көрмеде көрсетілмеді, ол бйыл да көрмеге қатыса алмайды, өйткені мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындамай келеді. Мұның себептері: сүт алу тапсырмалары орындалмайды, сүттің майлылығы кем, сыйырлардың саны жеткіліксіз, сондық-

тан олардың совхоздағы жалпы сыйыр малы ішінде алатын орны аз — 30 процент. Совхозда егістік, шабындық және жайылым жерлердің әрбір 100 гектарына небәрі 1,1 сыйырдан, сүт 39 центнерден келеді.

Алатау сыйырларының өнімділігін арттыру үшін совхозда жүргізілген жұмыстарды суреттегенде авторлар Қазақстанның және Қырғызстанның басқа алдыңғы қатарлы шаруашылықтарымен салыстыру мәліметтерін келтірмеген. Оқушыларда: Алатау сыйырлары тұқымын өсірген негізгі шаруашылық — Ленин атындағы тұқыммал совхозы ғана, республикамызда онан жақсы табыстарға жеткен шаруашылық жоқ деген қате түсінік тууы мүмкін. Ал, Мемлекеттік хауіпсіздік комитетінің № 1 Алматы совхозында өткен жылы әрбір сыйырдан орта есеппен 4436 килограмм сүт алынғаны, сүттің майлылығы 4,04 процент болғаны кітаптың авторларына мәлім болса керек еді. Республиканың басқа

да көптеген шаруашылықтары Алатау тұқымы сыйырларының сүттілігін мықтай арттырды, бірақ авторлар бұл туралы ешнәрсе айтпайды.

«Алатау сыйырының өнімділігін арттыру» деген кітаптың басқа да бірсыпра кемшіліктері бар. Мәселен, онда сыйырлардың мемлекеттік тұқыммал кітабына жазылуы туралы мәліметтер жоқ, малға бір күннің ішінде берілетін азықтағы сіңірілетін белоктың мөлшері туралы мәліметтер дұрысында граммен көрсетілуге тиіс еді, ал онда килограмм есебімен көрсетілген.

Бұл айтылғандардың бәрі кітап авторларының өздеріндегі материалдарға талдау жасауға салдыр-салақ, атүсті қарағанын дәлелдейді. Авторлар өздерінің тілегенін шындық деп көрсеткен. Ал, ғылым, озат тәжірибе шындықты боямалауға көнбейді.

А. ИВАНОВ,
зоотехник.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин А. А. (бас редактор),
Әбілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107.
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

11/VI-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16 — 2 к. — 5,18 авт. т.

УГ05091. Тираж 15 300. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 750.



Кітап жаңалықтары

партия активінің кітапханасы үшін

К. Маркс, Ф. Энгельс. Ерте кездегі шығармалардан. Жыйнақ. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 320 бет. Бағасы 9 сом.

В. И. ЛЕНИН. Халыққа. «Демократия» және диктатура туралы. Совет өкіметі дегеніміз не? Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 88 бет. Бағасы 1 сом.

В. И. ЛЕНИН. Неден бастау керек? Партия ұйымы және партиялық әдебиет. Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 48 бет. Бағасы 50 тыйын.

В. И. ЛЕНИН. Толстой туралы мақалалар. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 48 бет. Бағасы 45 тыйын.

Д. Т. ЩЕПИЛОВ. Лениннің идеялары коммунизм жолын нұрландыруда. 1955 жылғы 22 апрельде Москвада, В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістегі баяндама. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 23 бет. Бағасы 30 тыйын.

А. А. АРАКЕЛЯН. В. И. Лениннің еңбек өнімділігі туралы идеяларының өмірлік күші. Лекцияның стенограммасы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

Г. В. ПЕРОВ. Советтік экономика коммунизмге жету жолында. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 112 бет. Бағасы 1 сом 35 тыйын.

А. ВОРОНОВИЧ. СОКП-ның аграрлық программасы және ССРО-да оның жүзеге асырылуы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 96 бет. Бағасы 1 сом 15 тыйын.

М. М. РОЗЕНТАЛЬ. Маркстің «Капиталында» диалектика мәселелері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 424 бет. Бағасы 6 сом 50 тыйын.

А. ЕГОРОВ. Коммунистер — социалистік жарыстың ұйымдастырушылары. («Партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен» сериясы). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 72 бет. Бағасы 90 тыйын.

С. ЦЕГОЕВ. Колхоздардағы күрделі қаржы жұмсау және күрделі құрылыс туралы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 84 бет. Бағасы 1 сом.

Б. Л. ЛЕОНТЬЕВ. Совет мемлекетінің сыртқы саясаты — бейбітшілік саясаты. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 88 бет. Бағасы 80 тыйын.

А. В. ВИНТЕР, А. Б. МАРКИН. Елімізді электрлендіру. Әскери әдебиет баспасы. 1955 ж. 223 бет. Бағасы 4 сом 35 тыйын.

А. ШИШКИН. Коммунистік моральдың негіздері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 320 бет. Бағасы 5 сом 40 тыйын.

И. И. МИНЦ. Ұлы Октябрь социалистік революциясы және оның халықаралық маңызы. Лекцияның стенограммасы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 55 бет. Бағасы 1 сом 20 тыйын.

В. ЧЕПРАКОВ. Капиталистік елдер арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 128 бет. Бағасы 1 сом 50 тыйын.

Н. ИНОЗЕМЦЕВ. Американ империализмі және герман мәселесі (1945 — 1954). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 440 бет. Бағасы 7 сом.

В. МЕЗЕНЦЕВ. Халықтар атом және сутегі қаруына тыйым салуды талап етуде. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 48 бет. Бағасы 45 тыйын.

И. М. ЛЕМИН. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ағылшын-американ қайшылықтары. ССРО Ғылым академиясының баспасы. 1955 ж. 485 бет. Бағасы 20 сом 70 тыйын.

Г. ПОДОРОВ, И. ТИХОНОВ. Капитал елдеріндегі жанталаса қарулану неге бастайды. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 52 бет. Бағасы 50 тыйын.

И. ЛАТЫШЕВ. Тынық мұхиттағы соғыс қарсаңында жапон империализмінің ішкі саясаты. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 232 бет. Бағасы 3 сом 80 тыйын.

В. ХАРЬКОВ. Жапон халқының бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік және демократиялық праволар жолындағы күресі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 80 бет. Бағасы 95 тыйын.

С. ИВАНЬКО. Тайвань — ежелгі қытай жері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 56 бет. Бағасы 55 тыйын.

Б. ОРЕХОВ. Халықтық-демократиялық Кореяда соғыстан кейін. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 72 бет. Бағасы 65 тыйын.

Я. И. МАКАРЕНКО. Достардың елінде. Поляк Халық Республикасы туралы очерктер. «Правда» баспасы. 1955 ж. 200 бет. Бағасы 2 сом 80 тыйын.

Т. П. КАРИ-НИЯЗОВ. Советтік Өзбекстан мәдениеті тарихының очерктері. ССРО Ғылым академиясының баспасы. 1955 ж. 560 бет. Бағасы 20 сом.

А. ЛЮТЕР. Колхоз клубындағы үгіт-көркемөнер бригадасы. Мемлекеттік саяси-ағарту әдебиет баспасы. 1955 ж. 52 бет. Бағасы 90 тыйын.

Колхозды деревняда. Очерктер мен өңгімелер. Ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 518 бет. Бағасы 8 сом 45 тыйын.

И. КРЕМЛЕВ. Революцияның солдаттары. Роман. «Советский писатель» баспасы. 1955 ж. 750 бет. Бағасы 14 сом 75 тыйын.